EGEMEN QAZAQSTAN

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

20 МАУСЫМ 2024 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ №118 (30847)

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

# Маңызды миссия



Суреттерді түсіргендер – А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Е.ҮКІБАЕВ

*Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс, Орталық Еуропа және Орталық Азия елдерінің есірткіге қарсы саясаты жөніндегі комиссиясының төрағасы Александр Квасьневскийді қабылдады.*

Кездесу барысында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің белең алуына қарсы күреске қатысты ақпарат алу, үздік тәжірибелерді насихаттау бағытында Комиссиямен қарым-қатынас жасау мәселелері талқыланды.

– Сіздің миссияңыз өте маңызды. Біз мұны нашақорлыққа қарсы күрес жөніндегі ықпалдастықты дамыту үшін өте пайдалы деп санаймыз. Елімізде бұл мәселеге айрықша мән беріледі. Жуырда Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзімде есірткі өндірумен және оны халық арасында таратумен айналысатын адамдарға қатысты жазаны қатаңдату тұрғысынан заңнаманы қайта қарау қажет екенін айттым. Сіз Шығыс, Орталық Еуропа және Орталық Азия елдерінің есірткіге қарсы саясаты жөніндегі комиссиясының жетекшісі ретінде адамзат мүддесін көздейтін маңызды миссияны атқарып келесіз. Қазақстан Комиссиямен белсенді қарым-қатынас жасауға дайын, – деді Президент.

Александр Квасьневский есірткіге қарсы саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа бағдарламалар мен іс-шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Квасьневский есірткіге тәуелділіктің алдын алу және есірткіні заңсыз таратуға қарсы күресу үшін бірлескен жұмысты жалғастыруға уағдаласты.

## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# Біртұтас ел екенімізді көрсеттік

*Ақордада су тасқынымен күреске белсене атсалысқан ел азаматтарын салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шарада сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «осы жерде нағыз отаншыл, елге жанашыр азаматтар жиналғанын» айта келіп, бәріне шынайы ризашылығын білдірді.*



Президент ең алдымен, бұл бұрын ешқашан болмаған ең жойқын табиғи апат екенін атап өтті. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Жалпы, ел көлемінде 19 мыңнан астам тұрғын үйді су басты.

– Сын сағатта еліміз ырысты ынтымағын танытты. Біз табиғи апат кезінде жұрт болып жұмылдық. Біртұтас ел екенімізді көрсеттік. Құтқарушылар, әскерилер, ішкі істер органдары мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олар Отан алдындағы парызын мінсіз атқарды. Бір сөзбен, антқа адал болды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев топан сумен күреске күштік құрылымдардың 63 мыңнан астам қызметкері атсалысқанына назар аударды. Құтқару операциясы барысында 120 мыңнан астам адам, оның ішінде 40 мың бала қауіпсіз жерге көшірілді.

– Бұл – құтқарушылар мен ұшқыштардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Әбіш Кекілбайұлы «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы – өз халқының тағдырынан тыс қалу» деп айтқан. Ұлттық еріктілер желісі табиғи апат басталған сәттен ерекше белсенді болды. 50 мыңнан астам волонтер көмек керуендерін ұйымдастырды. Олар апат аймақтарына азық-түлік және басқа да қажетті заттарды жеткізуге атсалысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» акциясы ортақ іске мол септігін тигізді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Кентау қаласында тұратын Гауһар Шаймерден есімді оқушы қыздың ата-анасына отаншыл ұрпақ өсіріп жатқаны үшін алғыс айтты. Ол өзі жинап жүрген қаржысын Құлсары қаласының тұрғындарына аударған. Сонымен қатар Атырау облысының тұрғындары – тоқсаннан асқан Орынша Тоқтыбаққызы мен Әлия Досмұханованың ерен еңбегін ерекше атап өтті. Бұдан бөлек, Президент көмек бергені үшін бауырлас мемлекеттерге, халықаралық компаниялар мен ұйымдарға ризашылығын білдірді.

– Нағыз достық қиындықта сыналады деп тектен-тек айтпайды. Кейбір шетелдік азаматтар зардап шеккен адамдарға жәрдемдесу үшін арнайы келді. Осы сәтті пайдаланып, қиынқыстау шақта қолдау білдіргені үшін шетелдік серіктестерімізге және достарымызға шын жүректен ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

2 >

РЕСМИ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (Балық аулау субсидиялары жөніндегі келісім) ратификациялау туралы**

2022 жылғы 17 маусымда Женевада жасалған Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттама (Балық аулау субсидиялары жөніндегі келісім) ратификациялансын.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 маусым
№ 92-VIII ҚРЗ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Масс-медиа туралы**

Осы Заң масс-медиа саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, олардың құқықтық негіздерін белгілейді және сөз бен шығармашылық бостандығына конституциялық құқықты қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абонент – телерадио хабарларын тарату операторымен телерадио хабарларын тарату қызметтерін алуға шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

2) аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі – аккредиттеу картасын беру арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын және олардың журналистерін (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеудің автоматтандырылған процесі;

9 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

13 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

14 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

15 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

15 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ

**Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 21 маусымда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы**
**Е.ҚОШАНОВ**

Астана қ., Парламент Мәжілісі, 17 маусым 2024 ж.
№22

ӨНДІРІС ӨРІСІ

# Қуаты мол құс фабрикасы

*Макинск құс фабрикасы жыл басынан бері құны 18,6 миллиард теңге болатын 18,7 мың тонна құс етін өндірді. Өнім ел ішінде, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей тұтынушыларына ұсынылып жатыр.*

**Байқал БАЙӘДІЛ,**
*«Egemen Qazaqstan»*

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнім үлесін көбейту, оның көлемін 70 пайызға дейін жеткізу жөніндегі тапсырмасын орындау бағытындағы жұмыс өрістеп жатыр. Әсіресе терең өңдеуді дамыту қолға алынған. Осы арада кәсіпорынның өсіп-өркендеу жолдары туралы айта кетуге болады.

Макинск қаласының іргесінде елімізде теңдесі жоқ құс фабрикасы салынатыны туралы хабарды ел қуанышпен қабылдаған еді. Ірі инвестициялық жоба бәсекелестікті дамытып, отандық азық-түлік өнімдерін молайтуды мақсат тұтты. Ең бастысы, өнеркәсіпті даңғыл жолға түсіруге әжептәуір әсер етті. Жергілікті бюджетке мол қаражат құйылған соң әлеуметтік-тұрмыстық саланың да шырайы кіріп сала берді. Нақты айтқанда, ауқымды жоба сәтімен сабақталғаннан кейін Макинск қаласындағы жұмыссыздық көп қысқарды. Тіпті жұмыс қолы жетпеуге айналды. Коммуналдық саланың тамырына қан жүгіріп, жаңа тұрғын үйлер бой көтерді. Қуатты кәсіпорын өз жұмысшыларымен бірге қала тұрғындарының да мұң-мұқтажына жеткілікті көңіл бөліп, көмек қолын созу арқылы халықтың алғысына бөленді.

5 >



### КЕШЕ КЕШКІСІН...

***Резерват аумағындағы өрт***

*Алдын ала ақпарат бойынша, Іле-Балқаш резерватының аумағындағы өрт жай түсуден тұтанса керек. Кеше «Қазақстан ғарыш сапары» ҰК өртке қатысты дерек 11 маусым күні сағат 11:15-те тіркелгенін хабарлады. «13 маусымдағы жағдай бойынша өрт аумағы – 30 гектарға жетті», делінген Төтенше жағдайлар министрлігінің хабарламасында. Бүгінгі күні ғарыштық мониторинг деректері бойынша Іле-Балқаш қорығы аумағындағы өрт 2794,79 гектарды шарпыған.*

### БҮГІН БАСЫЛЫМДА

***Мемлекеттік қызметтегі маңызды бастама***

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 5 жыл бұрын Президенттік жастар кадр резерві іске қосылды. Басты мақсат – билік тармақтарында басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыру. Сондай-ақ бастамашыл, креативті ойлайтын жастарды мемлекеттік қызметке тарту. Бүгінде бұл бірегей мүмкіндікті қалт жібермеген 400 жас бар.*

### ЕРТЕҢ – «ЕГЕМЕНДЕ»

***«Алло» деп айта алмайтын ауылдар бар...***

*Бүгінде ауыл халқының жайлы тұрмысын сипаттайтын таза су, көгілдір отын, жол, әлеуметтік нысан секілді көрсеткіштердің қатарына ұялы байланыс та әбден еніп кетті. Жұмыс бабымен алыс-жақын сапарға жиі шығуға тура келеді. Ірірек елді мекеннен ұзап шығып, Батыс Қазақстанның байтақ даласына тереңірек енген сайын қолдағы смартфон өзінің негізгі қызметінен ажырап қалатыны белгілі.*

**ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМЫ:** EUR/KZT 494.14 USD/KZT 459.75 RUB/KZT 5.54 CNY/KZT 63.35

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Масс-медиа туралы

1 <

3) ақпараттық егемендік – ақпараттық күн тәртібін қалыптастыруда Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық-саяси дербестігін айқындайтын Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің тәуелсіздігі;

4) балалар теле-, радиобағдарламасы – 12 жасқа дейінгі балаларға арналған, осы жастағы топқа тән сюжеті бар теле-, радиобағдарлама;

5) бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығаруға және таратуға тиісті өкілеттіктері бар жеке тұлға;

6) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым;

7) бұқаралық ақпарат құралын таратушы – бұқаралық ақпарат құралының өнімін оның меншік иесімен, баспагермен арадағы шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

8) бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының немесе аудиовизуалды туындының жекелеген нөмірінің таралымы немесе таралымының бір бөлігі, теле-, радиобағдарламаның жекелеген шығарылымы, сондай-ақ интернет-басылымда орналастырылған ақпарат;

9) бұқаралық ақпарат құралының редакциясы – бұқаралық ақпарат құралының материалдарын жинауды, әзірлеуді, шығаруды және таратуды жүзеге асыратын жеке тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;

10) білім беру теле-, радиобағдарламасы – мазмұны телекөрерменді немесе радиотыңдаушыны ғылымның, мәдениеттің, өндірістің, өнердің және әлеуметтік өмірдің қандай да бір саласындағы нақты білім жүйесінде оқытуға бағытталған, адамдардың көпшілік тобына арналған теле-, радиобағдарлама;

11) бірыңғай медиаплатформа – мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыруға арналған ақпараттық жүйе;

12) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушы – телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері бар телерадио хабарларын тарату операторларының қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды, телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықты тарататын жеке немесе заңды тұлға;

13) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғысы – теле-, радиосигналды жеке-дара қабылдауға арналған жабдық;

14) дыбыстық сүйемелдеудің көпарналы берілуі – абонентке көру тілін таңдауға мүмкіндік беретін, телебағдарламада екі және одан да көп дыбыстық сүйемелдеудің берілуі;

15) еркін қолжетімді теле-, радиоарна – көру құқығы үшін ақы алынбай адамдардың шектеусіз тобына цифрлық эфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы таратылатын теле-, радиоарна;

16) журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясымен еңбек немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарлар мен материалдарды жинау, өңдеу және әзірлеу қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға;

17) журналисті (бұқаралық ақпарат құралының өкілін) аккредиттеу – журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның және (немесе) ұйымның тануы;

18) журналистің ерекше мәртебесі – журналистің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, ақпаратты іздеу, сұрату, алу және тарату кезінде кеңейтілген құқықтарды, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өзге де ерекше құқықтарды көздейтін журналист мәртебесі;

19) көпарналы хабар тарату – теле-, радиоарналар топтамаларын таратуға арналған телекоммуникациялық жүйе;

20) масс-медиа – бұқаралық ақпарат құралы және интернет-ресурс;

21) масс-медиа мониторингі – масс-медиа өнімін жинау және оны Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы тұрғысынан, сондай-ақ қоғамның адамгершілік тұрғыдан дамуына зиян келтіруі және жалпыадамзаттық, ұлттық, мәдени және отбасылық құндылықтарды бұзуы тұрғысынан талдау процесі;

22) масс-медиа өнімі – бұқаралық ақпарат құралының өнімі, сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;

23) масс-медиа өнімін тарату – мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), теле-, радиобағдарламаларды, аудиовизуалды туындыны эфирге шығару, телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиобағдарламаларды тұтынушыға дейін жеткізу, сондай-ақ ақпаратты интернет-басылымдарда немесе интернет-ресурстарда орналастыру;

24) масс-медиа саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – масс-медиа саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

25) мемлекеттік ақпараттық саясат – мақсаттары ақпараттық егемендікті нығайту және қорғау болып табылатын, мемлекет пен қоғам мүдделерін қанағаттандыратын ақпаратты жасауға және таратуға бағытталған мемлекеттік шаралар кешені;

26) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралы – жарғылық капиталында мемлекетке тиесілі елу пайыздан астам дауыс беретін акциялары, жарғылық капиталына қатысу үлестері, пайлары бар бұқаралық ақпарат құралы;

27) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралы – жарғылық капиталында мемлекетке тиесілі елу пайыздан кем дауыс беретін акциялары, жарғылық капиталына қатысу үлестері, пайлары бар бұқаралық ақпарат құралы;

28) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және үш айда кемінде бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшалары;

29) міндетті теле-, радиоарна – цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желілерін және телекоммуникация желілерінде телерадио хабарларын таратуды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен тиісті тізбеге кіретін, Қазақстан Республикасының аумағында көпарналы хабар тарату арқылы таратылуға міндетті теле-, радиоарна;

30) отандық теле-, радиоарна – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген телерадиокомпаниялар құрған теле-, радиоарна;

31) отандық теле-, радиобағдарламалар – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде жүзеге асыратын телерадиокомпаниялар немесе жеке және заңды тұлғалар жасаған теле-, радиобағдарламалар;

32) өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді бюджет қаражаты есебінен көрсетуге арналған тапсырыс;

33) порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы кино, бейнеөнім – моральдық құндылықтарға сәйкес келмейтін, адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын жыныстық қатынастың натуралды түрде, егжей-тегжейлі тіркелуі не жыныстық әуестіктің қозуына немесе жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ететін жыныстық қатынас процесіндегі жалаңаш гениталийлерді көрсету;

34) ресми хабар – «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген ақпарат иеленуші масс-медиа арқылы беретін және (немесе) тарататын ақпарат;

35) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді бюджет қаражаты есебінен көрсетуге арналған тапсырыс;

36) ретрансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды қабылдау және бір мезгілде не жазып алып тарату;

37) спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау – телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің тұрғындарын отандық спутниктік құрылғылар қызметтерін пайдалануға ынталандыру мақсатында, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған, бюджеттен төленетін қайтарымсыз төлемдер;

38) субтитрлер – телебағдарламада қамтылған ақпаратты телебағдарлама түпнұсқасының дыбыстық сүйемелденуін мәтінмен қайталау арқылы тарату тәсілі;

39) телевизиялық абоненттік жалғама – абоненттің цифрлық телевизиялық сигналды қабылдауына арналған жеке техникалық құрал;

40) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау үшін хабар тарату кестесіне сәйкес қалыптастырылған теле-, радиобағдарламалар мен аудиовизуалды туындылардың, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

41) теле-, радиоарналар топтамасы – телекоммуникация желілерінде көпарналы хабар тарату арқылы тарату үшін телерадио хабарларын тарату операторы қалыптастырған теле-, радиоарналар жиынтығы;

42) теле-, радиобағдарлама – тиісті атауы, хабар тарату көлемі бар және теле-, радиоарнаның басқа бөліктеріне қарамастан пайдаланылуы мүмкін теле-, радиоарнаның мазмұны жағынан аяқталған бөлігі;

43) телерадиокомпания – теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік алған, теле-, радиоарнаның меншік иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға немесе оның филиалы (өкілдігі);

44) телерадио хабарларын тарату – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникациялар желілерінде теле-, радиоарналарды ашық немесе кодталған түрде абоненттің жария қабылдауы үшін қалыптастыру және (немесе) тарату;

45) телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдары – теле-, радиоарналар мен теле-, радиобағдарламалар жасауды, қалыптастыруды, таратуды және (немесе) қабылдауды қамтамасыз ететін радиоэлектрондық құралдар мен қабылдайтын-беретін техникалық құрылғылар жиынтығы;

46) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісі – мемлекет меншігіндегі, Қазақстан Республикасының аумағында теле,- радиосигналдарды таратуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың техникалық құралдарының және телерадио хабарларын таратудың жүйесі;

47) телерадио хабарларын тарату қызметі – теле-, радиобағдарламаларды қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, абонентке дейін жеткізу;

48) телерадио хабарларын тарату операторы – теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия алған жеке немесе заңды тұлға;

49) трансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналардың сигналын бастапқы тарату;

50) тілшілер қосыны – бұқаралық ақпарат құралы редакциясының функцияларын және осы бұқаралық ақпарат құралы үшін ақпараттық хабарлар және (немесе) материалдар жинауды, сақтауды, жасауды (әзірлеуді), сондай-ақ оның өнімін таратуды жүзеге асыратын заңды тұлғаның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі;

51) хабар тарату кестесі – хабар таратудың бағдарламалық тұжырымдамасының нақты кезеңдегі негізгі бағыттарын көрсететін теле-, радиобағдарламалардың тізбесі, реттілігі, атауы, эфирге шығу уақыты;

52) цензура – масс-медианың хабарлары мен материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап етуі бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатында алдын ала келісуі;

53) шартты қолжетімді карта – дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларының сәйкестендіргішін қамтитын, абоненттің телерадио хабарларын тарату операторының қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін құрылғы;

54) шартты қолжетімді теле-, радиоарна – көру құқығы өтеулі шарт негізінде қамтамасыз етілетін, телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында адамдардың шектеусіз тобына тарататын теле-, радиоарна;

55) эротикалық сипаттағы өнім – гениталийлерді қоспағанда, адамдардың сексуалдық қатынастарын, адам денесінің ұятты тұстарын көрсететін және порнография элементтерін қамтымайтын баспасөз басылымы;

56) эфирге шығу – аналогтік және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теле-, радиобағдарламаларды, аудиовизуалды жазбаларды трансляциялау.

2-бап. Сөз бен шығармашылық, ақпаратты алу және тарату бостандығы

1. Сөз бен шығармашылық бостандығына Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік береді. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

3. Масс-медиа терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

4. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға тыйым салынады.

5. Масс-медианы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

Ескертпе. Осы Заңның мақсаттары үшін масс-медиада насихаттау деп Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған ақпарат туралы қоғамдық оң пікірді қалыптастыру және (немесе) шектеусіз адамдар тобын құқыққа қайшы әрекет жасауға немесе әрекетсіздікке итермелеу үшін көзқарастарды, фактілерді, дәлелдерді және өзге де, оның ішінде әдейі бұрмаланған ақпаратты тарату түсініледі.

3-бап. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Заңның алдында басымдығы болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Ақпаратты онлайн-платформаларда орналастыру, тарату жөніндегі қатынастарды реттеу ерекшеліктері «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

4. Осы Заңда республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру бөлігінде реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

4-бап. Масс-медиа қызметінің негізгі мақсаттары, қағидаттары және міндеттері

1. Сөз бен шығармашылық бостандығына конституциялық құқықты қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамды ақпараттандыру масс-медиа қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Масс-медиа қызметінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) таратылатын ақпараттың заңдылығы мен анықтығы;

2) объективтілік және ашықтық;

3) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;

4) адал бәсекелестік;

5) жеке өмірге қол сұғылмаушылық;

6) кәсіби және әдептік мінез-құлық нормаларын сақтау.

3. Масс-медиа қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) объективті және анық ақпаратты әзірлеу және тарату;

2) тұлғаны, қоғамды және мемлекетті дамытуға бағытталған сапалы отандық контентті жасау;

3) масс-медиа саласында жаңа технологияларды енгізуге жәрдемдесу;

4) өзін-өзі реттеуге ауысу.

5-бап. Масс-медианың таралу тілі

1. Мемлекеттік тіл және басқа да тілдер масс-медианың таралу тілі болып табылады.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес масс-медианы алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тілде хабар тарататын отандық теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемі уақыты жағынан:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің елу бес пайызынан кем болмауға;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің алпыс пайызынан кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік тілдегі теле-, радио бағдарламалардың жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы алты сағаттық уақыт аралығындағы көлемі:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің елу бес пайызынан кем болмауға;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің алпыс пайызынан кем болмауға тиіс.

Осы тармақтың талабы халықаралық келісімдер негізінде хабар тарататын телеарналарға қолданылмайды.

4. Дыбыстық сүйемелдеудің көпарналы берілуін пайдаланатын телеарналар негізгі дыбыстық сүйемелдеуді мемлекеттік тілде пайдалануға тиіс.

5. Осы баптың талаптары осы Заңның 24-бабына сәйкес есепке қою рәсімінен өткен шетелдік теле-, радиоарналарға қолданылмайды.

6. Отандық теле-, радиоарналардың шетелдік аудиторияға трансляциясы мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде жүзеге асырылады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің масс-медиа саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) масс-медиа саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың іске асырылуын ұйымдастырады;

2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) масс-медиа саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) осы Заңға сәйкес масс-медиа саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3) осы Заңға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асырады;

4) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

5) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен гранттар береді;

6) осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының, телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерінің және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде нұсқамалар береді;

8) есепке қою үшін өтініштер берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келу тұрғысынан сараптауды жүзеге асырады;

9) телерадио хабарларын тарату мақсатында жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) бөлу бойынша конкурстар ұйымдастырады және өткізеді;

10) міндетті теле-, радиоарналар тізбесін және телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналар тізбесін қалыптастыру мен бекіту бойынша конкурстар ұйымдастырады және өткізеді;

11) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен телерадио хабарларын тарату қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

12) көпарналы хабар таратудағы таратылуына қарай міндетті теле-, радиоарналардың санын айқындайды;

13) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялайды;

14) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекітеді;

15) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттардың құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

16) масс-медианы мониторингтеуді жүзеге асырады;

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен үлгілік қағидаларға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы тұрғын үй кешендерінде дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын, кәбілдік коммуникацияларды орналастыру жөніндегі талаптарды белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

3) уәкілетті орган бекітетін, өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі негізінде өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) телерадио хабарларын тарату операторларының қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықтарды таратуына тыйым салу жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғысы бар қоғамдық көлікте мемлекеттік теле-, радиоарналардың өнімін және (немесе) эфирін трансляциялауға құқылы;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Масс-медиа саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Масс-медиа саласындағы мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау, бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату субъектілерінің қызметін лицензиялау арқылы жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісі өткізетін өнімнің қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

4. Осы Заңның 56-бабында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау жүргізуді уәкілетті орган мемлекеттік радиожиілік қызметін тарта отырып жүзеге асырады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру мен талдау арқылы, оның ішінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

6. Мерзімді баспасөз басылымдарының, теле-, радиоарналардың, интернет-басылымдардың, интернет-ресурстардың, телерадио хабарларын тарату операторларының, дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылардың қызметі Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың объектісі болып табылады.

7. Масс-медианың меншік иелері, телерадиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары мен дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар бақылау субъектілері болып табылады.

8. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап

10 >

1, 9 <

бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жібереді.

Ұсыным бақылау субъектісінің жеке өзіне қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – пошта жөнелтілімін тапсырысты хатпен алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары сұрау салған кезде бақылау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

11. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, уәкілетті органға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

13. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау масс-медиа үшін – күніне бір реттен, телерадиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары, дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар үшін аптасына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

10-бап. Теле-, радиобағдарламаларды тарату кезінде балаларды қорғау

Балалар және білім беру теле-, радиобағдарламаларын тарату, оның ішінде жас санаты белгісін қою жөніндегі талап Қазақстан Республикасының балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

11-бап. Өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпарат

1. Адамдардың шектеусіз тобын өзін-өзі өлтіруге баруға итермелейтін, кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын ақпарат, сондай-ақ өзін-өзі өлтіру тәсілдері туралы ақпарат және өзін-өзі өлтіруге шақыру туралы ақпарат өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпарат деп түсініледі.

2. Мыналарды:

1) өзін-өзі өлтіруді проблеманы шешу тәсілі ретінде көрсетуді;

2) өзін-өзі өлтіруге баруды не өзін-өзі өлтіруге бағытталған әрекеттерді немесе нақты (ойдан шығарылған) әңгімелесушінің немесе үшінші бір адамның өзін-өзі өлтіруге бару ниетін оң бағалауды не мақұлдауды;

3) тікелей немесе айқын ниеті байқалмайтын, бірақ өзін-өзі өлтіруге бару туралы шешім қабылдауға, оның ішінде өзін-өзі өлтіруге барған басқа адамдардың әрекеттерін танымал ететін және (немесе) өзін-өзі өлтіруге барған адамдарда пайда болған артықшылықтар туралы тұжырымдар (пайымдаулар) қамтылатын нақты мысалдар келтіру арқылы мәжбүрлейтін тұжырымдардан (пайымдаулардан) тұратын, өзін-өзі өлтіруге баруға итермелейтін дәлелдер, оның ішінде өзін-өзі өлтіруді қазіргі қоғамдағы қолайлы, қисынды және заңды әрекет ретінде ұсынуды;

4) өзін-өзі өлтіруге әрекеттену тәжірибесі бар адамдардың көзқарасын, сезімін сипаттауын және тақырыпты талқылауын қоса алғанда, өзін-өзі өлтіруге баруы сәтсіз болған әрекетті айыптауды, келемеждеуді;

5) өзін-өзі өлтіруге бару (өзін-өзі өлтіруге баруға әрекеттену), оның ішінде біреудің көмегімен не біреудің қатысуымен, не біреудің бақылауымен жүзеге асырылатын, топтасып және (немесе) ассистент көмегімен жасау мақсатында танысу туралы хабарландыруды;

6) өзін-өзі өлтіру тәсілін, оның ішінде өзін-өзі өлтірудің неғұрлым ауырсынбайтын, сенімді, қолжетімді, эстетикалық тәсілін таңдау тұрғысынан сауалнаманы (дауыс беруді), тестті, рейтингті қамтитын ақпарат өзін-өзі өлтіруге баруға итермелейтін ақпарат болып табылады.

3. Өзін-өзі өлтіруге бару тәсілдері туралы ақпаратқа мыналар жатады:

1) өзін-өзі өлтіруге барудың, оның ішінде өзін-өзі өлтіруге бару әрекеттерінің тізбегін және (немесе) ықтимал нәтижелерін (салдарын) суреттейтін (бейнелейтін) процестерді, рәсімдерді сипаттау (көрсету) үшін мәтінді, аудио немесе бейне құралдарды, өзін-өзі өлтіруге арналған құралдарды және (немесе) орындарды пайдалану арқылы жасаудың бір және одан да көп тәсілі туралы ақпарат;

2) өзін-өзі өлтіруге қажетті жағдайлар жиынтығы туралы, оның ішінде орынды, уақытты, әдісті таңдау, өзін-өзі өлтіруге баруға қажетті дайындық әрекеттері туралы ақпарат;

3) өзін-өзі өлтіруге бару тәсілдерімен байланысты өзге де ақпарат.

4. Өзін-өзі өлтіруге баруға шақыру туралы ақпаратқа мыналар жатады:

1) өзін-өзі өлтіруге бару туралы, оның ішінде бопсалау, өтіну, үгіттеу, көндіру, талап ету арқылы тікелей өтініш қамтылатын ақпарат;

2) өзін-өзі өлтіруге баруға шақырумен байланысты өзге де ақпарат.

5. Өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпаратты, өзін-өзі өлтіруге бару тәсілдері мен өзін-өзі өлтіруге шақыру туралы ақпаратты таратуға және (немесе) орналастыруға тыйым салынады.

12-бап. Теле-, радиобағдарламаларды тарату кезінде мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау

1. Жаңалықтар сипатындағы кемінде бір телебағдарлама жергілікті уақытпен сағат он алтыдан жиырма екіге дейінгі кезеңде сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі.

Телеарналарда орналастырылатын міндетті хабарлар сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі.

2. Осы баптың талаптары осы Заңның 24-бабына сәйкес есепке қою рәсімінен өткен шетелдік телеарналарға қолданылмайды.

13-бап. Масс-медиадағы жарнама

Масс-медиадағы жарнама «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

14-бап. Масс-медиа өнімін тарату

1. Масс-медиа өнімін таратуды меншік иесінің шешімі бойынша оның өзі не шарт негізінде немесе өзге де заңды негіздерде редакция, баспагер, сондай-ақ азаматтар немесе ұйымдар жүзеге асырады.

2. Масс-медиа өнімін әзірлеу, жариялау, қайталап көрсету және тарату кезінде мынадай жағдайларда:

1) егер осы адам мәдени-бұқаралық ойын-сауық іс-шараларында, мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар, спорттық-бұқаралық іс-шараларда, бейбіт жиналыстарда және өзге де жария іс-шараларда болса немесе оларға қатысса;

2) егер таратылатын ақпаратта адамның бет-бейнесі және мұндай адамның қызметтік жұмысымен және (немесе) жария қызметімен байланысты мәліметтер қамтылса, сондай-ақ оны адамның өзі, оның заңды өкілі немесе уәкілетті тұлға қолжетімділігі шектелмеген көздерде жарияласа;

3) егер бейнеленетін адамды пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылса, бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейді.

3. Эротикалық сипаттағы өнімді:

1) стационарлық емес үй-жайларда;

2) мөлдір ораммен буып-түйілмеген күйінде;

3) білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының, балалар мекемелерінің, ғибадат ғимараттарының (құрылыс-жайларының) үй-жайларында және аумақтарында;

4) жасы он сегізге толмаған адамдарға бөлшек саудада сатуға тыйым салынады.

4. Масс-медиада еңбек саласында кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын, жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыруға тыйым салынады.

5. Масс-медиада ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, мыналар:

1) құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмаған адам;

2) әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты таратуға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының күші ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстарды жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Осы тармақта белгіленген шектеулер осы Заңның 67-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларға қолданылмайды.

6. Заңды негіздерде жүзеге асырылатын масс-медиа өнімін таратуға жеке немесе заңды тұлғалар, сол сияқты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары тарапынан кедергі жасауға, заңсыз тәркілеуге, сондай-ақ масс-медиа өнімін жоюға заңды күшіне енген сот шешімі негізінде болмаса, жол берілмейді.

## 2-тарау. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

15-бап. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы

1. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға тиесілі.

Бұқаралық ақпарат құралы заңды тұлға нысанында да, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі нысанында да құрылуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға негіз болып табылады.

2. Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі – заңды тұлға немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) 20 пайызынан астамын шетелдіктердің және шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, оларға билік етуіне және (немесе) оларды басқаруына тыйым салынады.

16-бап. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі

1. Бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға не жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі болып табылады.

2. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі тиісті шарт негізінде өзінің меншікті, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты редакция, бас редактор (редактор), журналист, баспагер, бұқаралық ақпарат құралын таратушы ретінде әрекет етуге құқылы.

17-бап. Бұқаралық ақпарат құралының баспагері

1. Бұқаралық ақпарат құралының өнімін жасауды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралының баспагері болып табылады.

2. Егер меншік иесі бұқаралық ақпарат құралының әрі баспагері болып табылмаса, бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мен баспагерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жеке шартпен айқындалады.

18-бап. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы

1. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы меншік иесінің тапсырмасы бойынша материалдар жинауды, әзірлеуді, бұқаралық ақпарат құралын шығару мен таратуды жүзеге асырады.

2. Редакцияға бас редактор (редактор) басшылық етеді.

3. Мыналар:

1) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;

4) сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде, өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралын шығару мен тарату сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған Қазақстан Республикасының азаматтары бас редактор (редактор) бола алмайды.

4. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мен редакция арасындағы қатынастар жарғымен және шартпен реттеледі.

19-бап. Интернет-басылым

1. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бұқаралық ақпарат құралы ретінде уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет-ресурс, оның ішінде ақпарат агенттігі интернет-басылым болып табылады.

2. Қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, өңдеуге және таратуға бағытталған интернет-басылым ақпарат агенттігі болып табылады.

3. Интернет-басылымның хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған күні қоса берілуге тиіс.

4. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасау міндетті болады.

20-бап. Шығарылым деректері

1. Мерзімді баспасөз басылымының әрбір шығарылымында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) мерзімді баспасөз басылымының атауы;

2) мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі;

3) бас редактордың (редактордың) тегі мен аты-жөні;

4) есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күні мен нөмірі және оны берген органның атауы;

5) басылымның мерзімділігі;

6) мерзімді баспасөз басылымының жарық көрген күні мен рет нөмірі;

7) осы шығарылымның таралымы;

8) баспахананың атауы, оның мекенжайы және редакцияның мекенжайы.

2. Интернет-басылымдар арнаулы мақсаттағы бөлімде:

1) интернет-басылымның атауын;

2) интернет-басылымның меншік иесінің тегі мен аты-жөнін немесе атауын;

3) бас редактордың (редактордың) тегі мен аты-жөнін;

4) есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күні мен нөмірін және оны берген органның атауын;

5) редакцияның байланыс деректерін (пошталық мекенжайын, телефон нөмірін, электрондық поштасының мекенжайын) орналастыруға міндетті.

3. Бұқаралық ақпарат құралы эфирге әрбір шыққан сайын, ал үздіксіз хабар таратқанда тәулігіне кемінде төрт рет өзінің атауын жариялап отыруға міндетті.

21-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті даналары және теле-, радиобағдарламалардың материалдарын сақтау

1. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мерзімді баспасөз басылымдарының қағаз жеткізгіштегі міндетті тегін даналарын олар шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде – ұлттық кітапханаларға және Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына, бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық нысанда олар шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына жібереді.

Бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық нысандары олар шығарылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың «орталық» мәртебесі берілген мемлекеттік кітапханасына жіберіледі.

Бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық нысандары олар әзірленген күні уәкілетті органға жіберіледі.

2. Теле-, радиоарналар өздерінің эфирге шығарылған теле-, радиобағдарламаларының жазбаларын алты ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өзінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында тіркеп қоюға және оны осы журналда соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар жазбалар Қазақстан Республикасының ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен сақталады.

3. Уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастырады.

22-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою немесе қайта есепке қою

1. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін мерзімді баспасөз басылымдары, теле-, радиоарналар міндетті түрде есепке қойылуға жатады.

Бір ұйымның шегінде таратылатын және оның қызметін жариялауға бағытталған, таралымы бес жүз данадан кем мерзімді баспасөз басылымдарын, сот практикасының бюллетеньдерін, ресми, нормативтік және өзге де актілерді есепке қою талап етілмейді.

Осы Заңның 19-бабына сәйкес интернет-ресурстың өз қызметін интернет-басылым ретінде жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды және теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны есепке қойған кезде, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның есепке қойылғанын куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен алым алынады.

4. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұрын сол атаумен және сол аумақта тарататын не оның атауы бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның, теле-, радиоарнаның атауымен айырғысыз дәрежеде ұқсас мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды, теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік берген болса;

2) егер мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініштің мазмұны осы баптың 5-тармағының талаптарына сәйкес келмесе не егер теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініштің мазмұны осы баптың 6-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

3) егер мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны есепке қою үшін алым төленбесе;

4) егер меншік иесінің ауысуына орай мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны қайта есепке қою туралы өтініште мерзімді баспасөз басылымына, интернет-басылымға немесе теле-, радиоарнаға меншік құқықтарын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың күні мен нөмірі көрсетілмесе;

5) егер шығарылуын бұрын сот тоқтатқан, атауы (атауының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым немесе теле-, радиоарна есепке қоюға мәлімделген болса, не атауы мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым немесе теле-, радиоарна мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік беруден бас тартады.

5. Мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

1) мерзімді баспасөз басылымының немесе интернет-басылымның меншік иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, мерзімді баспасөз басылымының немесе интернет-басылымның меншік иесінің – заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері;

2) мерзімді баспасөз басылымының немесе интернет-басылымның материалдары мен хабарларының тілі (тілдері);

3) шығарылымның болжамды мерзімділігі;

4) негізгі тақырыптық бағыты;

5) таралатын аумағы;

6) бас редактордың (редактордың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

7) редакцияның мекенжайы.

6. Теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

1) теле-, радиоарнаның меншік иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, теле-, радиоарнаның меншік иесінің – заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны;

2) меншікті және ретрансляцияланатын хабар таратуының орташа тәуліктік көлемі көрсетіле отырып, теле-, радиоарнаның тақырыптық бағыты.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды жазып алу және алты ай бойы сақтау туралы міндеттеме;

2) теле-, радиоарнаның меншік иесінің кірер есігі бөлек үй-жайлар мен алаңдарға немесе оларды жалға алуға, оның ішінде:

телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдарды орналастыруға және пайдалануға арналған арнаулы үй-жайларға (студиялық, аппараттық, қосалқы);

шығармашылық персоналды орналастыруға арналған үй-жайларға (редакциялық);

әкімшілік-басқару персоналына арналған үй-жайларға мүліктік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысаны.

7. Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап үш ай ішінде мерзімді баспасөз басылымының өнімін шығаруға кірісу құқығын сақтайды.

Теле-, радиоарнаның меншік иелері есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап алты ай ішінде теле-, радио бағдарламаларды таратуға кірісу құқығын сақтайды.

Интернет-басылымның меншік иелері есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлар мен материалдарды таратуға кірісуге тиіс.

8. Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның шығарылуын сот тоқтата тұрған жағдайларды қоспағанда, мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның өнімін шығару мерзімін өткізіп алған, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның өнімін шығару үш ай бойы тоқтап қалған жағдайларда, уәкілетті органның шешімімен мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

Егер мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша интернет-басылымның меншік иесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқаны анықталса, уәкілетті органның шешімімен интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

9. Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның меншік иесі ауысқан немесе оның атауы, сондай-ақ басылымның, материалдар мен хабарлардың атауы, тілі, таралатын аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығару мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке қойылуға жатады.

Теле-, радиоарнаның меншік иесі ауысқан не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ теле-, радиоарнаның аты өзгерген жағдайларда ол қайта есепке қойылуға жатады.

23-бап. Масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру, тоқтату тәртібі

1. Уәкілетті органда есепке қойылған масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығару не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату меншік иесінің немесе соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұруы не тоқтатылуы мүмкін.

2. Тоқтата тұру деп мерзімді баспасөз басылымының бір немесе бірнеше нөмірін шығаруды, теле-, радиобағдарламаның, теле-, радиоарнаның эфирге шығуын уақытша тоқтату, интернет-басылымның қызметін, сондай-ақ масс-медиа өнімін таратуды тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылғанға дейін уақытша тоқтата тұру түсініледі.

Масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға жол беріледі.

3. Қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету, өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды насихаттау, порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино-, бейнеөнімдерді көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарын сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану, сондай-ақ осы Заңның 22-бабының 9-тармағында көзделген талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұруға негіз болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату, сондай-ақ белгіленген мерзімде масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру себептерін жоймау масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтатуға негіз болып табылады.

5. Масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығару не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату меншік иесінің не соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұрған не тоқтатылған жағдайда, уәкілетті органға хабарлама және (немесе) сот шешімі жіберіледі.

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтату оны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күшін жоюға алып келеді.

6. Масс-медиа интернет-ресурс болып табылғанда, масс-медианы шығару не масс-медиа өнімін тарату заңды күшіне енген сот шешімі бойынша тоқтатыла тұрған не тоқтатылған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдар, масс-медианың меншік иелері Қазақстан Республикасының аумағында масс-медианы шығаруды не масс-медиа өнімін таратуды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға міндетті.

7. Масс-медиа интернет-ресурс болып табылғанда, масс-медианы шығаруды не масс-медиа өнімін таратуды тоқтата тұру туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі домендік атты дәл сол немесе қайталанатын атаумен пайдалануға үш айдан аспайтын мерзімге тыйым салуға алып келеді.

Масс-медиа интернет-ресурс болып табылғанда, масс-медианы шығаруды не масс-медиа өнімін таратуды тоқтату туралы сот шешімі домендік атты тіркеудің күшін жоюға және тіркелуі сот шешімімен жойылған домендік атты дәл сол немесе қайталанатын атаумен бір жыл ішінде пайдалануға тыйым салуға алып келеді.

24-бап. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметі

1. Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында тарататын шетелдік теле-, радиоарналар уәкілетті органда міндетті есепке қойылуға жатады.

Шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды шетелдік телерадиокомпаниялардың өкілдері жүзеге асырады.

Шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

11 >

EGEMEN QAZAQSTAN
20 МАУСЫМ 2024 ЖЫЛ



1, 9-10 <

2. Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыру үшін шетелдік теле-, радиоарналардың меншік иелері:

1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғаны міндетті мемлекеттік тіркеуді немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуді жүргізеді;

2) шетелдік теле-, радиоарнаның апта сайынғы хабар тарату көлемінде отандық теле-, радио бағдарламаларды теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің кемінде он пайызы мөлшерінде үш айда бір рет жаңарта отырып трансляциялауды қамтамасыз етеді және (немесе) дәл осындай талаптарға сәйкес трансляцияланатын білім беру, мәдени-ағарту, спорттық-ойын-сауық және демалу сипатындағы теле-, радиобағдарламалардың мемлекеттік тілге аударылуын қамтамасыз етеді.

3. Шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою олардың өнімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі тұрғысынан сараптаудан кейін жүзеге асырылады.

Діни бағыттағы шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін дінтану сараптамасынан кейін жүзеге асырылады.

4. Жарғылық капиталында толық немесе ішінара мемлекеттік акциялар (қатысу үлестері, пайлар) пакеті бар Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік теле-, радиоарналардың меншік иелерінің, сондай-ақ олармен үлестес тұлғалардың қызметі Қазақстан Республикасының аумағында жарғылық капиталына шетелдік заңды тұлғалар акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) пакеті жиырма пайыздан аспай қатысатын заңды тұлғаны құра отырып жүзеге асырылады.

Мыналар:

1) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтар;

2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар азаматтар;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;

4) сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде, өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған азаматтар аталған заңды тұлғаның басшысы және (немесе) теле-, радиоарнаны эфирге дайындауды және оның шығуын жүзеге асыратын адам (редактор) бола алмайды.

5. Шетелдік теле-, радиоарнаны қайта есепке қою теле-, радиоарнаның меншік иесі ауысқан не заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, аты, негізгі тақырыптық бағыты өзгерген, Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу рәсімінен өткен жаңа заңды тұлға немесе филиал (өкілдік) құрылған жағдайларда жүзеге асырылады.

25-бап. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюдан бас тартудың негіздері

1. Уәкілетті орган, егер:

1) өтініш уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмесе;

2) теле-, радиоарнаны есепке қою үшін алым төленбесе;

3) шетелдік теле-, радиоарнаның материалдары Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, экстремизмді немесе терроризмді, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттауды және үгіттеуді, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған ақпаратты, сондай-ақ порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы кино-, бейнеөнімдерді, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпаратты қамтыса;

4) дінтану сараптамасының нәтижелері бойынша теріс қорытынды болса;

5) шетелдік теле-, радиоарнаның өнімдеріне қатысты Қазақстан Республикасының аумағында оны таратуға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі болса;

6) «электрондық үкіметтің» веб-порталында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер болмаса, шетелдік телерадиокомпания өкіліне шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік беруден бас тартады.

2. Шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қоюдан бас тарту кезінде шетелдік телерадиокомпания өкіліне уәжді бас тарту жазбаша түрде беріледі.

3. Егер шетелдік теле-, радиоарна Қазақстан Республикасының аумағында жаңа заңды тұлғаны немесе филиалды (өкілдікті) құрмай, заңды тұлғаның қызметін тоқтатса немесе филиалды (өкілдікті) осы Заңның 24-бабының 2-тармағында көзделген есептік тіркеуден шығарса, уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлікті кері қайтарып алады.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, шетелдік теле-, радиоарна Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайларда уәкілетті орган есепке қою туралы куәлікті кері қайтарып алу үшін сотқа жүгінеді.

5. Егер шетелдік теле-, радиоарнадан есепке қою туралы куәлік кері қайтарып алынса, уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату операторларына Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарнаның трансляциясын және (немесе) ретрансляциясын шектеу бойынша шаралар қабылдау туралы нұсқама шығарады.

6. Сот шетелдік теле-, радиоарна тарататын ақпаратты Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына қайшы келеді деп таныса, Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарнаны тарату тоқтатыла тұрады не тоқтатылады.

## 3-тарау. ЖУРНАЛИСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

26-бап. Журналистің құқықтары мен міндеттері

1. Осы Заңда журналистің кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайлар қамтамасыз етілетін оның ерекше мәртебесі танылады.

2. Адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіби қызметін жүзеге асыруы және бұқаралық ақпарат құралының редакциясымен еңбек қатынасында немесе өзге де шарттық қатынаста болуы кезеңінде журналист мәртебесіне ие болады.

3. Журналистің:

1) хабарлар мен материалдарды жинауды, өңдеуді, дайындауды жүзеге асыруға, ақпаратты сұратуға, алуға және таратуға;

2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысанындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық іс-шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өткізетін барлық іс-шараларға қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, оның ішінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалана отырып жазбалар жүргізуге, кино- және фототүсірілім жасауға;

4) журналист куәлігін, айырым белгісін көрсету арқылы дүлей зілзалалар ауданында, бейбіт жиналыстарда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделерді білдірудің өзге нысандары кезінде болуға;

5) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, құжаттармен және материалдармен танысуға рұқсат алуға;

6) алынатын ақпараттың анықтығын тексеруге;

7) алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;

8) өзі әзірлеген хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;

9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оны өз қолын қойып жариялаудан бас тартуға;

10) авторлық құпия және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуі бойынша жария етілетін жағдайларды қоспағанда, осы құпиялар мен ақпарат көздерін сақтауға құқығы бар.

4. Журналист:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырып, өзі еңбек қатынасында немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;

2) таратылатын ақпараттың анықтығын тиісті жеке және (немесе) заңды тұлғаларға сұрау салулар жіберу арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен тексеру бойынша шаралар қабылдауға;

3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді қанағаттандыруға;

4) шындыққа сай келмейтін ақпаратты таратпауға;

5) егер мәліметтер ресми хабарларда көрсетілген және (немесе) оларды жеке және (немесе) заңды тұлғаның өзі не олардың өкілдері қолжетімділігі шектелмеген дереккөздерде таратқан жағдайларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғадан не олардың өкілдерінен бұқаралық ақпарат құралында жеке басының, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларын таратуға келісімін алуға;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге;

7) аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерге бару кезінде кіру режимінің және объектішілік режимнің белгіленген талаптарын сақтауға;

8) кәсіби әдеп (әдептік мінез-құлық) нормаларын сақтауға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

27-бап. Журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) кәсіби қызметінің құқықтық кепілдіктері

1. Журналист (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі) міндеттерін денсаулығы мен өмірі үшін жоғары қауіптілікпен ұштасқан жағдайларда орындаған кезде бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі оны қажетті жабдықпен және киім-кешекпен қамтамасыз етуге міндетті.

2. Журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) өз міндеттерін орындауына байланысты өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі оған келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен өтеуге міндетті.

28-бап. Журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат иеленушілердің және ұйымдардың келісімі бойынша олардың жанына өз журналистерін аккредиттей алады.

Аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі жағдайында журналистерге (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне) аккредиттеу карталары беріледі.

Аккредиттеу картасы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бірыңғай медиаплатформа арқылы беріледі.

Журналистерді аккредиттеудің үлгілік қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді. Ақпарат иеленушілер, ұйымдар журналистерді аккредиттеудің үлгілік қағидалары негізінде журналистерді аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

2. Журналист аккредиттелген мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өткізілетін отырыстар, кеңестер және өзге де іс-шаралар жөнінде оған алдын ала хабарлауға, стенограммалармен, хаттамалармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жабық іс-шара өткізу туралы шешімдер қабылданған жағдайларды қоспағанда, аккредиттелген журналистің өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өткізетін отырыстарға, кеңестерге және басқа да іс-шараларға қатысуға құқығы бар.

4. Егер журналист аккредиттеу қағидаларын бұзса не өзін аккредиттейтін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа сай келмейтін мәліметтерді таратса, егер бұл заңды күшіне енген сот шешімімен танылса, аккредиттеуден айырылады.

29-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шет елдерде аккредиттеу

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралының меншік иесінің Қазақстан Республикасының және болу мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен басқа мемлекеттерде тілшілер қосынын ашуға, журналистерді аккредиттеуге құқығы бар.

30-бап. Қазақстан Республикасындағы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметі

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өзі белгілеген тәртіппен шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін аккредиттеуді жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдіктерінің және олардың журналистерінің тізілімін жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік журналистердің және басқа да шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құқықтық жағдайы мен кәсіби қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен реттеледі.

3. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралының Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін және Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзатын ақпаратты қамтитын өнімі Қазақстан Республикасының аумағында оның таралуы тоқтатыла тұрып не тоқтатылып, сот тәртібімен заңсыз деп танылуға, ал интернет-ресурстар болып табылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін Қазақстан Республикасының аумағында аталған интернет-ресурстарға қолжетімділікті тоқтата тұруға жатады.

4. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының және шетелдік журналистердің тиісті аккредиттеусіз кәсіби журналистік қызметпен айналысуына тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттеуден бас тартуға құқылы.

6. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктері мен журналистерін аккредиттеуден бас тарту, оны тоқтата тұру және кері қайтарып алу Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

## 4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

31-бап. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс

1. Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен орналастырылады.

2. Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен орналастырылады.

32-бап. Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі комиссия

1. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу кезінде қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында уәкілетті орган жанынан Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия құрылады.

Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарын бекіту;

2) уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесін қарау және ұсыныстарды тұжырымдау;

3) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына сәйкес республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі, оның ішінде балаларға арналған контентті жасауға және өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарын дамытуға бағытталған мемлекеттік тапсырысты алуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және ұсыныстарды тұжырымдау;

4) республикалық деңгейде мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттардың тақырыптық бағыттарын және олар бойынша қаржыландыру көлемдерін айқындау және бекіту;

5) Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын арақатынас негізінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылады.

3. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу кезінде қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар жанынан мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар құрылады.

Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялардың негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі, оның ішінде балаларға арналған контентті жасауға және өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарын дамытуға бағытталған мемлекеттік тапсырысты алуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және ұсыныстарды тұжырымдау;

2) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты алуға үміткерлердің өтінімдерін Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қарауына және ұсынымдар алу үшін жіберу;

3) мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

33-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттар

1. Гранттар мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі – гранттар) отандық контентті дамытуға, Қазақстан Республикасының ақпараттық егемендігін нығайтуға және қорғауға беріледі.

Гранттар мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына, оның ішінде:

балаларға арналған контентті жасауға;

өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарын дамытуға беріледі.

2. Мемлекеттік тілдегі гранттардың көлемі гранттардың жалпы жылдық көлемінің үштен екісінен кем болмауға тиіс.

3. Гранттар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қысқа мерзімді гранттар – іске асырылуы бір жылға дейінгі мерзімді құрайтын гранттар;

2) ұзақ мерзімді гранттар – іске асырылуы бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімді құрайтын гранттар.

4. Гранттар конкурстық іріктеу негізінде беріледі.

Гранттарға арналған конкурсты уәкілетті орган жариялайды және хабарландыру уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

5. Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақпараттық саясатының басым бағыттарына сәйкес гранттардың тақырыптық бағыттары мен көлемдерін бекітеді және олар белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясында қаралуға тиіс.

6. Гранттар беру мен олардың іске асырылуын мониторингтеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бірыңғай медиаплатформада жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес гранттар беру және оларды іске асыру рәсімдерінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді.

7. Тәуелсіз сараптама комиссиясы тиісті біліктілігі бар сарапшылардан тұрады.

Тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамы мен ережесін уәкілетті орган бекітеді.

Уәкілетті орган жанындағы гранттар бөлу жөніндегі комиссия тәуелсіз сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен гранттар беру туралы шешім қабылдайды.

8. Осы баптың күші «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттелетін, гранттар беру процесінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.

9. Уәкілетті орган, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреттері шегінде гранттардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

10. Гранттарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Гранттар беру үшін көзделген бюджет қаражаты осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, грант беруге және оның іске асырылуына арналған шартта белгіленген мақсаттарда және тәртіппен оларды іске асырудың бүкіл мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге пайдаланылады.

11. Гранттар шеңберінде жасалған өнімге айрықша авторлық құқық және сабақтас құқықтар бұқаралық ақпарат құралдарына тиесілі.

## 5-тарау. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРМЕН ЖӘНЕ ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

34-бап. Авторлық туындылар мен хаттар

1. Редакция, масс-медианың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зияткерлік меншікке авторлық құқық пен өзге де құқықтарды қоса алғанда, зияткерлік меншік құқығының пайдаланылатын объектілеріне, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және қорғауға құқықтарды сақтауға міндетті.

2. Пайдаланушылар масс-медиада орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін мазмұнының мағынасын бұрмаламай қысқартуға және редакциялауға жол беріледі.

3. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, бұқаралық ақпарат құралының редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға міндеттеуге ешкім құқылы емес.

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жол берілмейді.

35-бап. Ресми хабарлар

1. Ресми хабар ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат нысанында таратылуы мүмкін.

Ресми хабарды ауызша нысанда тарату ақпарат иеленушінің басшысының немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамының көпшілік алдында сөз сөйлеуі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ресми хабарды жазбаша түрде, оның ішінде электрондық құжат нысанында таратқан кезде оған ақпарат иеленушінің басшысы немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамы қол қоюға (электрондық құжат жағдайында – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылуға) тиіс.

2. Ресми хабар бұқаралық ақпарат құралдарына олардың меншік нысанына және тиесілілігіне қарамастан, тең шарттарда беріледі.

3. Бұқаралық ақпарат құралының берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуына ақпарат иеленуші сұрау салу тіркелген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жауап ұсынуға не оны ұсыну мерзімін немесе уәжді бас тартуды көрсете отырып жауап беруге міндетті.

Ақпарат иеленушінің басшысы қосымша зерделеу мен тексеруді талап ететін, берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуды қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

4. Қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін ақпарат иеленушіге бұқаралық ақпарат құралынан берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салу келіп түскен жағдайда, осы сұрау салу екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті органдарға жіберіліп, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралына хабар берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша және (немесе) электрондық құжат нысанында берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салулары бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

5. Жазбаша немесе электрондық құжат нысанында берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға жауаптар жолданым келіп түскен тілде ұсынылады.

Берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға жауаптар, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, келіп түскен сұрау салу нысанында ұсынылады.

6. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі сұратылатын мәліметтерді беруден бас тарту бойынша жоғары тұрған органға, лауазымды адамға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

36-бап. Ресми хабарларға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулар

1. Бұқаралық ақпарат құралы ақпарат иеленушіге ресми хабарға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулармен жүгінуге құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралының журналисі ақпарат иеленушіге телефон арқылы ауызша сұрау салумен жүгінген кезде өзін таныстыруға және әңгіменің аудиожазбасы жүргізілген жағдайда, ол жөнінде хабарлауға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша және (немесе) электрондық құжат нысанында берілген ақпаратты беру туралы сұрау салулары бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Сұрау салуға жауап, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, келіп түскен сұрау салу нысанында және тілінде ұсынылады.

Сұратылатын ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және жазбаша сұрау салуға жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, ақпарат иеленушінің басшысы қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

2. Сұрау салу бойынша ақпарат беруден:

1) егер сұрау салудың мазмұны сұрау салу жіберілген ақпарат иеленушінің құзыретіне кірмесе;

2) егер сұрау салу осы Заңның талаптарына сәйкес келмесе;

3) егер сұратылатын ақпарат қолжетімділігі шектелген ақпаратқа жататын болса;

4) мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша шешім қабылданғанға дейін;

5) ведомствоаралық және ведомствоішілік хат алмасу немесе мемлекеттік органдардағы кеңесулер негізінде тұжырымдалатын түпкілікті шешім қабылданғанға дейін;

6) шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданғанға дейін бас тартылады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының сұрау салуына жауап ұсынбағаны немесе уақтылы жауап ұсынбағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі мемлекеттік басқару органдарының және лауазымды адамдардың азаматтар құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне шағым жасау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сұрау салынған ақпаратты беруден бас тартуға шағым жасай алады.

37-бап. Міндетті хабарлар

1. Белгілі бір аумақта халықтың тыныс-тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары өз құзыреті шеңберінде және (немесе) жергілікті атқарушы органдар оқиға басталған кезден бастап үш сағаттан кешіктірмей, уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына ағымдағы ахуал туралы ресми хабарлар беруге міндетті.

Ресми хабарларды бермегені немесе уақтылы бермегені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары өтеусіз негізде мыналарды:

1) заңды күшіне енген сот шешімін, егер онда осы сот процесі бойынша жауапкер болып табылған бұқаралық ақпарат құралында жауапты немесе теріске шығаруды жариялау туралы талап қамтылатын болса;

2) «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес төтенше жағдайды енгізу туралы ресми хабарларды;

3) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын;

4) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-тармағында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын;

5) осы баптың 1-тармағында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын жариялауға міндетті.

3. Міндетті хабарларды:

1) эфирге күн сайын шығатын теле-, радиоарналар – бір тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығу кезеңділігі немесе уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдары – осындай жарияланымдар үшін уәкілетті мемлекеттік органдар не сот белгілеген мерзімде жариялайды.

12 >

1, 9-11 <

38-бап. Теріске шығару немесе жауап беру құқығы

1. Азамат немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралдарынан осы бұқаралық ақпарат құралында таратылған, шындыққа сай келмейтін және оның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы. Мұндай құқыққа азаматтың немесе заңды тұлғаның өкілдері де ие болады.

Азамат немесе заңды тұлға теріске шығаруға жүгінген жағдайда бұқаралық ақпарат құралында таратылған мәліметтердің шындыққа сай келетіні жөнінде дәлелдемелері болмаған осы бұқаралық ақпарат құралының редакциясы оларды нақ сол бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруға міндетті.

Осы бапта көрсетілген құқықтардың бұзылуына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын талаптар бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі осындай мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап бір жылды құрайды.

2. Теріске шығару туралы талап шындыққа сай келмейтін мәліметтер осы бұқаралық ақпарат құралында олардың таратылған уақыты мен тәсілі көрсетіле отырып, жазбаша ресімделуге тиіс.

Мерзімді баспасөз басылымдарында теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде нақ сол қаріппен жариялануға және «Теріске шығару» тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Телевизия және радио арқылы теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты нақ сол тәулік уақытында және нақ сол теле-, радиобағдарламада, ал көрсетілген теле-, радиобағдарлама жабылып қалған жағдайда оған сәйкес келетін тақырыптық бағыттағы өзге теле-, радиобағдарламада берілуге тиіс.

Интернет-басылымдарда теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал жарияланған бөлімде нақ сол қаріппен және «Теріске шығару» тақырыбымен жариялануға тиіс.

Теріске шығарудың көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан да көп есе аспауы керек.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер жарияланған азаматтың немесе заңды тұлғаның нақ сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауабын тегін жариялауға құқығы бар.

Мерзімді баспасөз басылымдарында жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде нақ сол қаріппен жариялануға және «Жауап» тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Телевизия және радио арқылы жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты нақ сол тәулік уақытында және нақ сол теле-, радиобағдарламада, ал көрсетілген теле-, радиобағдарлама жабылып қалған жағдайда оған сәйкес келетін тақырыптық бағыттағы өзге теле-, радиобағдарламада берілуге тиіс.

Интернет-басылымдарда жауап теріске шығарылған хабар немесе материал жарияланған бөлімде нақ сол қаріппен және «Жауап» тақырыбымен жариялануға тиіс.

Жауаптың көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан да көп есе аспауы керек.

Азаматтың немесе заңды тұлғаның не олардың өкілдерінің жауабы:

жарыққа (эфирге) күн сайын шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – азаматтан немесе заңды тұлғадан не олардың өкілдерінен жауап беруге құқық беру туралы талап алынған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде;

жарыққа (эфирге) шығу кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады немесе беріледі.

Бұқаралық ақпарат құралы, егер азаматтың немесе заңды тұлғаның не олардың өкілдерінің жауабында таратылуына Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе жеке және (немесе) заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін өзгеше түрде бұзатын ақпарат қамтылса, жауапты жариялаудан бас тартуға құқылы.

4. Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат құралы мұндай жарияланымнан бас тартқан не бір айдың ішінде теріске шығаруды немесе жауапты жарияламаған жағдайда, сондай-ақ осы бұқаралық ақпарат құралы таратылған жағдайда, сотта қаралады.

5. Заңды күшіне енген сот шешімін орындау үшін таратылатын теріске шығару не жауап:

1) жарыққа (эфирге) аптасына кемінде бір рет шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, теріске шығару туралы талап алынған күннен бастап екі тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығару кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады.

6. Өзіне қатысты шындыққа сай келмейтін және ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған азамат мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалды және моральдық зиянды өтеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен талап етуге құқылы.

Өзіне қатысты іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған заңды тұлға мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалды өтеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен талап етуге құқылы.

39-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше)

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда, орталық атқарушы органдардың ведомстволарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда (Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда) мемлекеттік органның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметіне жататын мәселелер бойынша ақпарат таратуды жүзеге асыратын, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға тағайындалады не уәкілетті бөлімше құрылады.

Дербес құрылымдық уәкілетті бөлімше және (немесе) штаттық лауазым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген штат саны лимиттерінің шегінде құрылады, сондай-ақ мемлекеттік органның (арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда) бірінші басшысына тікелей бағынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, штат саны жиырма бес адамнан аз мемлекеттік органдарда осы баптың 2-тармағында белгіленген функциялар мемлекеттік орган қызметкерлерінің біріне негізгі функционалдық міндеттерінен босатылмай жүктеледі.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) өз қызметін арнаулы мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, уәкілетті орган бекіткен үлгілік ереженің негізінде әзірленген ереже негізінде жүзеге асырады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

5. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) мемлекеттік орган жойылған (таратылған) немесе қайта ұйымдастырылған жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органның штат саны бойынша (штаттық кестесінен) алып тасталуға жатпайды.

40-бап. Масс-медиада балаға қатысты кибербуллинг фактілерін қарау мәселелері бойынша өтініштер

1. Балаға қатысты кибербуллинг фактілері анықталған жағдайда азамат не баланың заңды өкілі құқыққа қайшы әрекеттер орын алған масс-медианың атауын көрсете отырып, балаға қатысты жасалып жатқан кибербуллинг фактілері туралы өтінішпен уәкілетті органға жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жүгінуге құқылы.

Жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында берілген өтініштер қол қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылады.

Балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті сараптама тобы ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

Сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды. Жауап мемлекеттік тілде немесе жүгіну тілінде ұсынылады.

Сұратылатын ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және өтінішке жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, уәкілетті орган қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ал өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

2. Егер өтініш мазмұнында балаға қатысты кибербуллинг фактілері жасалып жатқан масс-медиа көрсетілмесе, өтінішті қараудан бас тартылады.

3. Кибербуллинг фактілері бойынша азаматтың не баланың заңды өкілінің өтінішіне жауап ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін уәкілетті органның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Өтінішті қараудан бас тартуға азамат не баланың заңды өкілі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

Ескертпе. Осы баптың мақсатында кибербуллинг деп масс-медиа пайдаланыла отырып жасалған, балаға қатысты қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан да көп) әрекеттер, баланы қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер түсініледі.

41-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестер

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңес медиасаланы дамыту мақсатында ерікті негізде құрылады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңес өз қызметін уәкілетті орган бекіткен үлгілік ереже негізінде жүзеге асырады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестер республикалық деңгейде де, өңірлік деңгейде де ұйымдастырылуы мүмкін.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық-кәсіптік кеңес бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіптік қоғамдастығы өкілдерінен қалыптастырылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі өңірлік қоғамдық-кәсіптік кеңестер жергілікті кәсіптік қоғамдастықтарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен қалыптастырылады.

5. Журналистердің әдеп кодексін әзірлеу бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестердің негізгі функциясы болып табылады.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестердің ұсынымдары мемлекеттік органдардың міндетті түрде қарауына және ден қоюына жатады.

## 6-тарау. ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

42-бап. Телерадио хабарларын тарату субъектілері

Телерадиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары, теле-, радиобағдарламаларды жасаушылар мен дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын тарату субъектілері болып табылады.

43-бап. Телерадиокомпания

1. Телерадиокомпания теле-, радиоарналарды қалыптастырып, оларды телерадио хабарларын тарату желілерінде одан әрі тарату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Телерадиокомпаниялар:

1) уәкілетті органда теле-, радиоарнаны бұқаралық ақпарат құралы ретінде есепке қоюды жүзеге асырады;

2) қалыптастырылатын теле-, радиоарналардың техникалық параметрлерінің телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес сақталуын қамтамасыз етеді;

3) телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының желілеріне қосу, телерадио хабарларын тарату жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларына және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларды беру сапасын қамтамасыз етеді;

4) «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген сәйкестік сертификаттары бар теле-, радиоарналарды қалыптастырудың техникалық құралдарын пайдаланады.

44-бап. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, акциялар пакетінің жүз пайызы мемлекетке тиесілі, телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін күтіп-ұстау мен дамыту жөніндегі міндеттер жүктелген заңды тұлға телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы болып табылады.

2. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес телерадиокомпаниялармен және телерадио хабарларын тарату операторларымен жасалған шарттардың негізінде телерадиокомпаниялар мен телерадио хабарларын тарату операторларына телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін пайдалануға тең құқық береді;

2) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісінің біртұтас мүліктік кешенінің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін күтіп-ұстау мен пайдалануды жүзеге асырады;

4) заманауи озық технологиялар негізінде телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін дамыту мен жаңғыртуды жүзеге асырады;

5) міндетті теле-, радиоарналарды және еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды жүзеге асырады;

6) жасалған шарттар негізінде цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желісінде еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырады;

7) теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді өзінің интернет-ресурсында жариялайды;

8) цифрлық эфирлік хабар тарату желісінің цифрлық және аналогтік эфирлік хабар тарату желілерінде міндетті теле-, радиоарналарды таратуға арналған спутникте спутниктік ресурсты резервке қоюды қамтамасыз етеді.

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы телекоммуникация желілерінде телегазет тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде уәкілетті орган телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторына телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісі бойынша мемлекеттік емес теле-, радиоарналардың трансляциясын және (немесе) ретрансляциясын аналогтік және цифрлық телерадио хабарларын тарату арқылы қамтамасыз ету жөніндегі шығындарын өзге қаржыландыру көздері болмағанда төтенше жағдайдың бүкіл қолданылу мерзімінде ұлттық оператор белгілеген тарифтерге сәйкес өтейді.

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға толық көшкеннен кейін телерадио хабарларын тарату желілерін өз қаражаты есебінен одан әрі дамытуды жүзеге асырады.

45-бап. Телерадио хабарларын тарату операторлары

1. Телерадио хабарларын тарату операторлары телекоммуникация желілерінде:

1) теле-, радиоарналар топтамаларын трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес телерадиокомпаниялармен жасалған шарттардың негізінде теле-, радиоарналарды трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау;

3) егер телерадио хабарларын тарату операторлары мен телерадиокомпаниялар арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, теле-, радиоарналарды теле-, радиобағдарламаларының мазмұнын өзгертпей ретрансляциялау арқылы теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Осы тармақшаның ережесі осы Заңның 58-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды;

4) осы Заңның 22-бабына сәйкес есепке қою рәсімінен өткен шетелдік теле-, радиоарналарды телерадио хабарларын тарату операторы мен шетелдік телерадиокомпания немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арасында жасалған шарттардың негізінде трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау;

5) міндетті теле-, радиоарналарды, еркін және шартты қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау арқылы теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Телерадио хабарларын тарату операторлары телекоммуникация желілерінде телегазет тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. Телерадио хабарларын тарату операторлары:

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген сәйкестік сертификаттары бар техникалық құралдарды теле-, радиоарналарды тарату үшін пайдалануға;

трансляциялауды және (немесе) ретрансляциялауды телерадио хабарларын таратудың техникалық пайдалану қағидаларына және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

цифрлық форматта сигнал алу және контентті жеткізудің цифрлық технологияларын пайдалану кезінде цифрлық телерадио хабарларын тарату стандарттарына сәйкес бағдарламалық лек жылдамдығымен цифрлық форматта өзі пайдаланатын барлық желідегі теле-, радиоарналар сигналдарын трансляциялауды қамтамасыз етуге;

телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес отандық теле-, радиоарналарды трансляциялауды және (немесе) ретрансляциялауды жүзеге асыруға міндетті.

46-бап. Теле-, радиобағдарламаларды жасаушы

1. Теле-, радиобағдарламаларды жасауға маманданған жеке немесе заңды тұлға теле-, радиобағдарламаларды жасаушы болып табылады.

2. Теле-, радиобағдарламаларды жасаушылар мен телерадиокомпаниялар арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

47-бап. Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың теле-, радиоарналарға қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында уәкілетті орган жанынан уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен консультативтік-кеңесші орган – телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия құрылады.

48-бап. Телерадио хабарларын тарату желілері

1. Телерадио хабарларын тарату желілері Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес біртұтас телекоммуникация желісінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің аумағында теле-, радиоарналарды тарату және трансляциялау үшін пайдаланылатын жерүсті және спутниктік хабар тарату жүйелерінің біртұтас өндірістік-технологиялық кешенін құрайды.

2. Мемлекеттік теле-, радиоарналарды тарату және трансляциялау үшін телерадио хабарларын тарату операторларының техникалық құралдары мен арналары пайдаланыла отырып, біртұтас телекоммуникация желісіне негізделетін республикалық және өңірлік телерадио хабарларын тарату желілері құрылады.

3. Телерадиокомпаниялар және телерадио хабарларын тарату операторлары теле-, радиоарналарын тарату және трансляциялау үшін қазіргі бар телекоммуникация желілерін жасалған шарт талаптарымен пайдалануға құқылы.

4. Телерадио хабарларын тарату желілері меншік нысанына қарамастан, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты құлақтандыру үшін, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде пайдаланылады. Телерадио хабарларын тарату желілерін көрсетілген мақсаттарда пайдалану тәртібін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

5. Телерадиокомпаниялар және телерадио хабарларын тарату операторлары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде халықты құлақтандыруды меншік нысанына қарамастан міндетті түрде жүзеге асырады.

6. Егер техникалық жағдайлар мүмкіндік берсе, тұрғын үйлерде кәбілдік желілерді тарту үшін инженерлік инфрақұрылым объектілері барлық кәбілдік телерадио хабарларын тарату операторларына бірдей шарттармен беріледі.

49-бап. Телерадио хабарларын тарату қызметтеріне арналған тарифтер

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, телерадио хабарларын тарату операторлары көпарналы хабар таратуда және телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді негізделген шығындар негізінде өз бетінше белгілейді.

50-бап. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық мүдделерін қорғау

1. Отандық телеарналардың телерадио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде жарнаманы қоспағанда, отандық телебағдарламалар саны:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – кемінде елу бес пайызды;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде алпыс пайызды құрауға тиіс.

Осы тармақтың талабы халықаралық келісімдер негізінде хабар тарататын телеарналарға қолданылмайды.

2. Отандық радиоарналардың радио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде жарнаманы қоспағанда, қазақстандық авторлардың не орындаушылардың музыкалық туындылары мен отандық радиобағдарламалар саны:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – кемінде елу бес пайызды;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде алпыс пайызды құрауға тиіс.

51-бап. Спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау тәртібі

1. Жеке немесе заңды тұлғаларды отандық спутниктік құрылғыларды сатып алуға ынталандыру спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге жұмсалатын шығындарының бір бөлігін субсидиялаудың мақсаты болып табылады.

2. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау бюджет қаражаты есебінен уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде тұратын тұрғындардың спутниктік қабылдау құрылғыларын сатып алуы;

2) телерадио хабарларын тарату операторының теле-, радиоарналарды байланыс спутниктерінде орналастырылатын ретрансляторлар арқылы таратуы;

3) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес телерадио хабарларын тарату саласындағы лицензияның болуы;

4) елу мыңнан аспайтын тұрғыны бар кемінде он елді мекенде меншік немесе пайдалану құқығында меншікті сату желісін иелену.

4. Уәкілетті орган спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларынан келіп түскен өтінімдерді қарау үшін шығындарды субсидиялау не одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияны құрады.

5. Субсидиялар алған спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары жыл сайын субсидияларды іске асырудың тиімділігіне талдау жүргізеді және оны уәкілетті органға жібереді.

6. Спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялауды ұсыну, бақылау, мониторингтеу және оның тиімділігін бағалау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

52-бап. Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру

1. Жеке тұлғалардың ақпаратқа, сөз бостандығына, пікірлерді білдіру және пікірлердің әралуандығын дамыту құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігін сақтау және қамтамасыз ету, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты саласындағы мемлекеттік саясатты жария ету, елдің мәдени мұрасын сақтау және дамыту мақсатында мәдени, ғылыми-білім беру, танымдық-ағарту және басқа да әлеуметтік маңызы бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылуға міндетті ақпараттың жиынтығын құрайтын міндетті теле-, радиоарналардың тізбесі қалыптастырылады.

2. Міндетті мемлекеттік емес теле-, радиоарналардың тізбесі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде қалыптастырылады.

Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша міндетті мемлекеттік теле-, радиоарналардың тізбесі конкурс өткізілмей қалыптастырылады және оны уәкілетті орган бекітеді.

3. Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру жылына бір реттен асырмай жүзеге асырылады. Теле-, радиоарнаның меншік иесі теле-, радиоарнаны көрсетілген тізбеге енгізуден ерікті түрде бас тартқан немесе одан алып тастаған жағдайда, ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органның шешімі бойынша бос орынға қайта конкурс өткізіледі.

53-бап. Еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру

1. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесі:

1) осы Заңның 69-бабының 4-тармағына сәйкес цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарататын теле-, радиоарналар топтамасына енгізілген теле-, радиоарналардан;

2) осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалған теле-, радиоарналардан қалыптасады.

2. Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3. Телерадио хабарларын тарату операторлары еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды телерадиокомпаниялармен жасалған шарттардың негізінде таратуға құқылы.

54-бап. Телерадио хабарларын тарату қызметін лицензиялау

Уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату қызметін лицензиялауды «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

55-бап. Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін радиожиілік спектрін пайдалану

1. Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) бөлу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Байланыс саласындағы уәкілетті орган телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның шешімі негізінде телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсатты береді.

Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсатта техникалық құралдардың орналасқан жері, оның ішінде типтері, географиялық координаттары, сондай-ақ пайдаланылатын таратушы радиоэлектрондық құралдардың нақты қуаты көрсетілген антенна құрылғыларының орналасуы көрсетілуге тиіс.

3. Байланыс саласындағы уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін радиожиіліктерді есептеуді, оны радиожиілік органдарымен келісуді және халықаралық үйлестіруді жүргізеді.

56-бап. Телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарына қойылатын талаптар

1. Теле-, радиоарналарды қалыптастырудың, трансляциялаудың, ретрансляциялаудың және (немесе) қабылдаудың техникалық құралдарының «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігі расталуға жатады.

2. Өзге радиотаратқыш және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына бөгеуілдер жасайтын және мәлімделген техникалық параметрлерге сәйкес келмейтін, телерадио хабарларын тарату сигналын қабылдайтын және беретін радиоэлектрондық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

57-бап. Қосымша ақпаратты тарату

1. Қосымша ақпарат мазмұны телерадио хабарларын тарату сигналының құрамында берілетін негізгі телебағдарламаның мазмұнына байланысты емес, бір жиілік және (немесе) эфир уақыты пайдаланыла отырып, негізгі бағдарламамен бір уақытта трансляцияланатын әріптік, цифрлық, графикалық ақпаратты білдіреді.

13 >

1, 9-12 <

2. Коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың мөлшері кадр алаңының жиырма бес пайызынан аспауға және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзбауға тиіс.

58-бап. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялау

1. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялау, егер телерадио хабарларын тарату операторлары мен құқық иеленуші – телерадиокомпания арасында жасалған шартта өзгеше көзделмесе, сондай-ақ осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, мазмұнына өзгерістер енгізілместен жүзеге асырылады.

2. Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде:

1) әлеуметтік жарнаманы;

2) тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталама жазбасында трансляцияланатын оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы;

3) тек жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға маманданған шетелдік теле-, радиоарналар тарататын жарнаманы қоспағанда, жарнаманың таратылуына жол бермеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде үшінші тұлғалардың жарнамасын қамтымайтын теле-, радиоарналардың өз өнімі туралы ақпаратты (анонстарды) таратуға жол беріледі.

3. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялауға телерадио хабарларын тарату операторы мен телерадиокомпания немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арасында жасалған шарттың негізінде ғана жол беріледі.

4. Теле-, радиоарналарды, теле-, радиобағдарламаларды ретрансляциялауға байланысты құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы хабар тарату көлемінде шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің он пайызынан аспауға тиіс.

59-бап. Теле-, радиоарналарды көпшілікке көрсету үшін тарату

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ғимараттарының күту залдарында көпшілікке көрсету үшін тек отандық теле-, радиоарналар таратылады.

7-тарау. ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ ТҮРЛЕРІ

60-бап. Аналогтік эфирлік телерадио хабарларын тарату

1. Аналогтік эфирлік телерадио хабарларын тарату сигналды өңдеудің аналогтік әдістері пайдаланылатын теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Аналогтік эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды тарату осы Заңның 55-бабына сәйкес берілген, жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсат және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия болған кезде жүзеге асырылады.

61-бап. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату

1. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату бірегей сигналды цифрлау (жинау) әдістемесін пайдалана отырып, жер үстіндегі хабар беруші станциялар арқылы теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телерадио хабарларын тарату операторларының цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы осы Заңның 55-бабына сәйкес берілген, жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаты және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиясы болған кезде жүзеге асырылады.

62-бап. Спутниктік телерадио хабарларын тарату

1. Спутниктік телерадио хабарларын тарату байланыс спутниктерінде орналастырылатын ретрансляторлар арқылы теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Спутниктік телерадио хабарларын тарату Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында телерадио хабарларын тарату сигналдарын таратуға арналған.

3. Телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаты және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиясы болған кезде жүзеге асырылады.

4. Телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радио сигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықты таратуға тыйым салынады.

5. Телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне төлем жасауға тыйым салынады.

6. Дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылардың қызметі телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

63-бап. Кәбілдік телерадио хабарларын тарату

1. Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін көрсету үшін абоненттік желілерді қоспағанда, кәбілдік телерадио хабарларын тарату кәбілдік және эфирлік-кәбілдік желілер арқылы теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телерадио хабарларын тарату операторларының кәбілдік және эфирлік-кәбілдік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

3. Телерадио хабарларын тарату операторларының эфирлік-кәбілдік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы осы Заңның 54-бабына сәйкес берілген, жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаты болған кезде жүзеге асырылады.

4. Кәбілдік телерадио хабарларын тарату операторлары міндетті теле-, радиоарналардың трансляциясын және (немесе) ретрансляциясын кәбілдік телерадио хабарларын тарату операторлары мен міндетті теле-, радиоарнаның құқық иеленушісі – телерадиокомпания арасындағы өзара есепке жатқызу негізінде жүзеге асырады.

64-бап. Телекоммуникация желілерін пайдаланып телерадио хабарларын тарату

1. Телекоммуникация желілерінде телерадио хабарларын тарату телекоммуникация хабарларының берілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың техникалық құралдары мен байланыс желілері пайдаланылатын теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналарды тарату теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

65-бап. Дара спутниктік қабылдау

1. Жеке және заңды тұлғалардың теле-, радиоарналарды дара спутниктік қабылдауы одан әрі ретрансляциялау құқығынсыз жүзеге асырылады.

2. Телевизиялық сигналдың дара спутниктік қабылдауын қамтамасыз ету үшін «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігін растаудан өткен дара спутниктік қабылдау құрылғылары пайдаланылуға тиіс.

66-бап. Теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесі

1. Теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесі – бір ғимарат және (немесе) бірнеше ғимарат шегінде теле-, радиоарналарды қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық құралдар кешені.

2. Теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру жөніндегі коммерциялық мақсаттарды көздейтін қызмет кәбілдік телерадио хабарларын таратуға теңестіріледі және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиялануға жатады.

3. Коммерциялық мақсаттарды көздемейтін, бір ғимарат шегіндегі ұжымдық қабылдау жүйесі ғимараттың меншік иелерінің жазбаша келісімімен ғана орнатыла алады. Егер осы ғимараттардың меншік иесі бір ғана жеке немесе заңды тұлға болып табылса, коммерциялық мақсаттарды көздемейтін, бірнеше ғимарат шегіндегі ұжымдық қабылдау жүйесі орнатыла алады.

4. Ұжымдық қабылдау жүйелері телерадио хабарларын таратудың басқа операторларының хабар тарату сапасына әсер етпеуге тиіс.

8-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

67-бап. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе ұйымның (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа сай келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

3. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзғаны үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың оған кінәлі лауазымды адамдары, сондай-ақ масс-медианың меншік иесі, бұқаралық ақпарат құралының таратушысы, бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы (редакторы), таратылған хабарлар мен материалдардың авторлары жауапты болады.

4. Масс-медианың меншік иесі, бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестерді және прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттайтын немесе үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған дереккөздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Масс-медиа, егер мұндай ақпаратты тарату ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстар жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарды қоспағанда, құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның және әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, таратылатын хабарлар мен материалдарда олардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, осы Заңның 14-бабының 5-тармағында көрсетілген ақпаратты жария етуге құқылы емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпарат:

1) құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілдерінің;

2) құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің;

3) әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған он алты жасқа толған кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілдерінің келісімімен масс-медиада таратылуы мүмкін.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың бірі масс-медиада ақпарат таратуға өз келісімін бермеген жағдайда, мынадай:

1) он төрт жасқа толған және құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның немесе егер заңды өкіл осы құқыққа қайшы әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) жасалуына күдікті немесе айыпталушы болып табылса, оның заңды өкілдерінің келісімінсіз;

2) зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның бір заңды өкілі Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде болған және оның келісімін алу мүмкін болмаған жағдайда екінші заңды өкілінің келісімімен болатын жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты таратуға тыйым салынады.

6. Масс-медиа қылмысты тергеп-тексеруге, қылмыс жасауға қатысы бар адамдарды анықтауға, жоғалған кәмелетке толмағандарға іздеу салуға жәрдемдесу мақсатында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті көлемде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, қылмыстық процесті жүргізетін органдардан алынған процестік құжаттар негізінде осы баптың 5-тармағының екінші бөлігінде белгіленген адамдардың келісімін алмай, кәмелетке толмаған адамға қатысты мәліметтерді таратуға құқылы.

7. Журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

68-бап. Шындыққа сай келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін жауаптылықтан босатылатын жағдайлар

Бұқаралық ақпарат құралы, сол сияқты оның бас редакторы (редакторы), журналисі шындыққа сай келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін, егер олар:

1) ресми хабарларда қамтылса;

2) бұқаралық ақпарат құралының журналистік сұрау салуына берілген жауапта қамтылса немесе бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) материалдарынан алынса;

3) жарнама берушілерден және жарнама жасаушылардан алынса;

4) таратылуына заңды күшіне енген сот актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе өзгеше түрде шектеу қойылған ақпаратты таратуды қоспағанда, өкілді органдар депутаттарының, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды немесе уәкілетті адамдарының, жеке және заңды тұлғалардың ресми сөйлеген сөздерінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса;

5) алдын ала жазылып алынбай эфирге шығарылатын авторлық сөздерде не осы Заңға сәйкес редакциялауға жатпайтын мәтіндерде қамтылса;

6) таратылуына заңды күшіне енген сот актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе өзгеше түрде шектеу қойылған ақпаратты таратуды қоспағанда, өз хабарында осы хабарды таратқан бұқаралық ақпарат құралына сілтеме көрсетілген жағдайда уәкілетті органда есепке қойылған басқа бұқаралық ақпарат құралы таратқан хабарларда, материалдарда немесе олардың фрагменттерінде қамтылса;

7) осы Заңның 37-бабына сәйкес белгіленген міндетті хабарларда қамтылса, жауапты болмайды.

9-тарау. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

69-бап. Өтпелі ережелер

1. Уәкілетті органның цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу мерзімдерін белгілеу жөніндегі актілерінде айқындалған әкімшілік-аумақтық бірліктерді қоспағанда, цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін аналогтік эфирлік телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

2. Уәкілетті орган цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшудің уәкілетті орган айқындаған тәртібіне сәйкес цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу мерзімдерін оған көшкенге дейін кемінде алты ай бұрын белгілейді.

Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін мемлекеттік емес еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды тарату бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағында цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшудің уәкілетті орган айқындаған тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін телеарналар үшін барлық бұрын берілген телевизиялық хабарларды таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиялар мен жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаттар қолданылады. Бұл ретте телерадиокомпаниялар осы Заңның талаптарына сәйкес цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкеннен кейінгі бір жыл ішінде телеарналарды есепке қоюды жүзеге асыруға міндетті.

4. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу кезінде әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аналогтік жиіліктер белдеулері, радиожиіліктер (радиожиілік арналары) арқылы таратылатын телеарналар осы жиіліктерді, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) босатады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аналогтік жиіліктер белдеулері, радиожиіліктер (радиожиілік арналары) арқылы таратылатын телеарналарды уәкілетті орган нақ осы әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында конкурс өткізбестен цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желісіндегі еркін қолжетімді теле-, радиоарналар тізбесіне міндетті түрде қосады.

Телеарна еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың бекітілген тізбесінде болмаған жағдайда телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы техникалық мүмкіндік болған кезде хабар таратудың цифрлық эфирлік желісі арқылы таратылатын теле-, радиоарналар топтамасының құрамына оны өз бетінше қосуға құқылы.

Осы теле-, радиоарналарды тарату жасалған шарттар негізінде белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкеннен кейін уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша цифрлық эфирлік телехабар таратумен қамтылмайтын әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы аналогтік жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) қоспағанда, аналогтік телерадио хабарларын тарату кезінде телеарналарға берілген радиожиілік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттар мен теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиялар өз қолданысын тоқтатады.

6. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды қамтамасыз ету мақсатында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсатты конкурс өткізілместен алады.

7. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Жалғамалармен қамтамасыз ету жеке өзінің атынан немесе отбасының және өзімен үнемі бірге тұратын басқа да адамдардың атынан жүгінген бір мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыға бір жалғама деген есеппен жүргізіледі.

Жалғамалармен қамтамасыз ету біржолғы болып табылады, жалғамалар алушыға, оның отбасы мүшелеріне және онымен үнемі бірге тұратын басқа адамдарға қайта берілмейді.

70-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11) тармақшасын, 7-баптың 5) тармақшасын, 32-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасын, 33-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 35) тармақшасының күші 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«35) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын, бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған тапсырыс;».

3. Мыналардың:

1) «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының;

2) «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 маусым
№ 93-VIII ҚРЗ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

1) 131-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 147-баптың бесінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, оның ішінде Интернет арқылы» деген сөздер «масс-медиада, телекоммуникация желілерінде немесе онлайн-платформаларда» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 161-баптың екінші бөлігіндегі «Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «Масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 174-баптың бірінші бөлігіндегі «жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «жария түрде немесе масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 179-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 180-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 217-1-баптың бірінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе электрондық ақпараттық ресурстарды» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 256-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдары немесе телекоммуникациялар желілері» деген сөздер «масс-медиа, телекоммуникация желілері немесе онлайн-платформалар» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 274-баптың екінші бөлігінің 3) тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 299-1-баптың екінші бөлігінің 4) тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе электрондық ақпараттық ресурстарды» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 316-баптың үшінші бөлігінің 5) тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 375-баптың екінші бөлігіндегі «Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «Масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 376-баптың екінші бөлігіндегі «Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «Масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 378-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 402-баптың бірінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін» деген сөздер «масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 41-баптың үшінші бөлігіндегі «баспасөзде жарияланса, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылса» деген сөздер «масс-медиада, сондай-ақ онлайн-платформалар арқылы жарияланса» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 180-баптың бірінші бөлігінің 3) тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарындағы» деген сөздер «масс-медиадағы және онлайн-платформалардағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 183-бапта:

тақырыптағы «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы» деген сөздер «Масс-медиадағы және онлайн-платформалардағы қылмыстық құқық бұзушылық туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

«Бұқаралық ақпарат құралдарындағы» деген сөздер «Масс-медиадағы және онлайн-платформалардағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«газетте немесе журналда жарияланғанда не радио, теледидар немесе телекоммуникациялық желілер арқылы таратылғанда» деген сөздер «масс-медиада, телекоммуникация желілерінде немесе онлайн-платформаларда жарияланғанда немесе таратылғанда» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «бұқаралық ақпарат құралында» деген сөздер «масс-медиада немесе онлайн-платформада» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

138-бапта:

49) тармақшадағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

50) тармақша алып тасталсын.

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

1) 302-баптың бірінші бөлігінің 17) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының» деген сөздер «шетелдік масс-медианың Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын» деген сөздермен ауыстырылсын;

14 >

1, 13 <

2) 48-тараудың тақырыбындағы «Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының» деген сөздер «шетелдік масс-медианың Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 379-баптағы «Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының», «бұқаралық ақпарат құралының» деген сөздер тиісінше «шетелдік масс-медианың Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын», «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 380-баптағы «Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпараты бар шетелдік бұқаралық ақпарат құралының» деген сөздер «шетелдік масс-медианың Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 381-баптағы «Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпараты бар шетелдік бұқаралық ақпарат құралының», «бұқаралық ақпарат құралы» деген сөздер тиісінше «шетелдік масс-медианың Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын», «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

132-баптың 4-тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Тіл – білім беру, ғылым, мәдениет және масс-медиа саласында»;

2) 18-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Масс-медиа тілі»;

бірінші бөліктегі «баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 4-1) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 34-баптың 3-тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын.

8. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

104-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң актісіне» деген сөздер «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың үшінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын.

10. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұдан бұрын конкурстық негізде берілген жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) беру жағдайларын қоспағанда, телевизия және радио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар арасында бөліп беру олардың телерадио хабарларын тарату үшін жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) пайдалану мақсаттары өзгертілмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық негізде өткізіледі.»;

2) 41-1-бапта:

1-тармақта:

«ақпаратты тарату үшін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Қазақстан Республикасының масс-медиасы саласындағы қызметпен айналысуға құқығы жоқ тұлғаның теле-, радиобағдарламаларды және (немесе) теле-, радиоарналарды таратуы үшін» деген сөздермен толықтырылсын;

«бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

«интернет-ресурстарға» деген сөздер «бағдарламалық қамтылым мен интернет-ресурс түріндегі ақпараттандыру объектілеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1, 1-2 және 2-тармақтардағы «бұқаралық ақпарат құралдары», «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер тиісінше «масс-медиа», «Масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы «бұқаралық егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдары құралдары» деген сөздер «егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1, 4, 5, 6 және 7-тармақтардағы «Бұқаралық ақпарат құралдары», «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер тиісінше «Масс-медиа», «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

11. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-баптың 2) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі» деген сөздер «масс-медиа саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын.

12. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 4-2) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

13. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

16-бапта:

тақырыптағы «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «Масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «Масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

14. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 1-тармағының 8-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1) масс-медиа саласындағы уәкілетті орган – масс-медиа саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;».

15. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 15) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

16. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-қосымшада:

1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия | 1. Аналогтік эфирлік радиохабарларды тарату.<br>2. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату.<br>3. Спутниктік телерадио хабарларын тарату.<br>4. Кабельдік телерадио хабарларын тарату.<br>5. Телерадио хабарларын телекоммуникация желілерін пайдалана отырып тарату | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |

».

17. «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

22-бапта:

тақырыптағы «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «Масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтіндегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» деген сөздер «Масс-медиа туралы» деген сөздермен ауыстырылсын.

18. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың 46) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

19. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың тақырыбындағы, бірінші абзацындағы және 2) тармақшасындағы «Бұқаралық ақпарат құралдары», «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер тиісінше «Масс-медиа», «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

20. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 4-тармағындағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» деген сөздер «Масс-медиа туралы» деген сөздермен ауыстырылсын.

21. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 35-баптың 7-тармағындағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 66-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

22. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

34-баптың 2-тармағының төртінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын.

23. «Пошта туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-бапта:

3-тармақтағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасында таратылатын, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы» деген сөздер «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес масс-медиа саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын.

24. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «Масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «бұқаралық ақпарат құралдарының өніміне» деген сөздер «масс-медиаға» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 14-баптың 1) тармақшасындағы «суицид» деген сөз «өзін-өзі өлтіру» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Телеарналарда ақпараттық өнімді тарату кезінде жас санаты белгісі оны таратудың бүкіл кезеңіне қойылады.»;

4) 16-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы «суицидке» деген сөз «өзін-өзі өлтіруге» деген сөздермен ауыстырылсын.

25. «Кинематография туралы» 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің үшінші абзацындағы «суицидтің» деген сөз «өзін-өзі өлтірудің» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 3-тармағының төртінші бөлігіндегі «телерадио хабарларын тарату» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-баптың 8-тармағындағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» деген сөздер «Масс-медиа туралы» деген сөздермен ауыстырылсын.

26. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 3-тармағындағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» деген сөздер «Масс-медиа туралы» деген сөздермен ауыстырылсын.

27. «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» 2023 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

14-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «суицидті» деген сөз «өзін-өзі өлтіруді» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 маусым
№ 94-VIII ҚРЗ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

1 <

1) 73-3-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 80-1-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 91-баптың тоғызыншы бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 150-баптың екінші абзацындағы «бұқаралық ақпарат құралының» деген сөздер «масс-медианың» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 172-баптың бірінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 211-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 213-баптың он бірінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 228-баптың он жетінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 409-баптың 7-6-бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 424-баптың төртінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 451-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«451-бап. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзу

1. Есепке қоймай не шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату –

бұқаралық ақпарат құралының өнімі тәркілене отырып, лауазымды адамдарға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Меншік иесі ауысқан немесе оның атауы, аты, тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығарылу мерзімділігі өзгерген, сондай-ақ теле-, радиоарнаның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайларда, қайта есепке алынбай бұқаралық ақпарат құралының өнімін жасап шығару, дайындау, таралымын көбейту және (немесе) тарату –

бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға – қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

бұқаралық ақпарат құралының шығарылуына (эфирге шығуына) тыйым салуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, масс-медиада ата-аналары және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстар жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарды қоспағанда, құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен, сондай-ақ әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмаған адамның дербес және биометриялық деректерін, оның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты тарату –

жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

жеке тұлғаларға және лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

6. Телерадиокомпаниялардың Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын:

1) отандық теле-, радиоарналардың отандық теле-, радио бағдарламаларды белгіленген пайыздық нормадан кем таратуы;

2) телеарнада жаңалық сипатындағы телебағдарламаларды сурдоаудармамен немесе субтитр түріндегі аудармамен қамтамасыз етпей тарату;

3) телеарнада кадр алаңының жиырма бес пайызынан асатын және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзатын коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпаратты тарату;

4) телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының желілеріне қосу, телерадио хабарларын тарату жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларына және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын беру сапасын қамтамасыз етпеу түрінде жасаған бұзушылығы –

лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

лауазымды адамдарға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

8. Жергілікті уақытпен нөл сағаттан бастап есептелетін әрбір алты сағат сайынғы уақыт аралығында мемлекеттік тілдегі теле-, радиобағдарламалардың көлемін теле-, радиобағдарламалардың Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасында белгіленгеннен жалпы көлемінен кем тарату –

ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

9. Осы баптың сегізінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

телевизия және (немесе) радиохабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке арналған лицензиядан айыра отырып және бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

10. Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы хабар тарату көлемінде теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің он пайызынан асатын шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау –

лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

11. Осы баптың оныншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

12. Телерадио хабарларын тарату операторларының Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын:

1) телерадио хабарларын тарату операторларының міндетті теле-, радиоарналарды таратпауы;

2) телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарнаны ретрансляциялау шарттарын бұзуы түрінде жасаған бұзушылығы –

лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

13. Осы баптың он екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

лауазымды адамдарға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

14. Телерадиокомпаниялардың және телерадио хабарларын тарату операторларының Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын:

1) ғимараттың және (немесе) ғимараттардың меншік иелерінің жазбаша келісімінсіз коммерциялық мақсатты көздемейтін ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру;

2) телерадио хабарларын тарату операторларының және телерадиокомпаниялардың адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты құлақтандыру сигналын, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде сигналды уақтылы таратпауы;

3) телерадио хабарларын таратудың сәйкестікті растау рәсімінен өтпеген техникалық құралдарын пайдалану;

4) радиотаратқыш және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына жерүсті спутниктік дара қабылдау құрылғылары арқылы бөгеуіл жасау;

5) телерадио хабарларын тарату операторларының уәкілетті органда есепке, қайта есепке қойылмаған теле-, радиоарналарды таратуы түрінде жасаған бұзушылығы –

лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

15. Осы баптың он төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

лауазымды адамдарға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

12) 452-бап алып тасталсын;

13) 453-баптағы «Бұқаралық ақпарат құралдарының», «бұқаралық ақпарат құралдары», «бұқаралық ақпарат құралдарының», «бұқаралық ақпарат құралдарына» деген сөздер тиісінше «Масс-медиа», «масс-медиа», «масс-медиа», «масс-медиаға» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 455-баптың төртінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 456-2-баптың бірінші бөлігіндегі «Бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «Масс-медиада» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 476-баптың бірінші бөлігінің 7) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 477-баптың 2-1) тармақшасындағы «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «масс-медиа» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 684-баптың бірінші бөлігінде:

«451 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «451 (бірінші, екінші, үшінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«452 (үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздер алып тасталсын;

19) 692-1-бапта:

тақырып және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«692-1-бап. Масс-медиа саласындағы уәкілетті орган

1. Масс-медиа саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде осы Кодекстің 451 (төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші және он бесінші бөліктерінде), 454, 455 (бірінші бөлігінде, екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында, төртінші және бесінші бөліктерінде), 456 және 464-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.»;

20) 802-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар» деген сөздер «хабарлары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ масс-медиадағы хабарлар» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 804-баптың бірінші бөлігінің 62) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«62) масс-медиа саласындағы уәкілетті органның (134 (эротикалық мазмұндағы заттарды қоспағанда), 156-1 (бірінші және үшінші бөліктері), 451 (бірінші, екінші, үшінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктері), 462, 463-баптар);

22) 805-баптың бірінші бөлігіндегі «452,» деген цифрлар алып тасталсын;

23) 909-баптың екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарын» деген сөздер «масс-медианы» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 маусым
№ 95-VIII ҚРЗ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

35-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Электр энергиясын нетто-тұтынушы болып табылатын жеке тұлға Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын ауқымы шағын объект өндірген электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын өндіру немесе электр энергиясын сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруына байланысты дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы.».

2. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

32-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«32-2) электр энергиясын нетто-тұтынушы (бұдан әрі – нетто-тұтынушы) – жаңартылатын энергия көздерінің аралас қондырғыларын қоса алғанда, таратушы электр желісіне қосылған және желіден электр энергиясын тұтыну көлемдері мен оған беру көлемдерін бөлек есепке алу жүйелерімен жабдықталған, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заттай құқықпен тиесілі жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын ауқымы шағын объектіден электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын өзінің толық немесе ішінара тұтынуын қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;»;

50) тармақшадағы «электр және (немесе) жылу энергиясының жеке тұтынушылары мен Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясының нетто-тұтынушылары» деген сөздер «Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес нетто-тұтынушылар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) коммуналдық меншіктегі өңірлік электр желілік компаниялардың электр желілерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеуді қамтамасыз ету;»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) коммуналдық меншіктегі өңірлік электр желілік компаниялардың электр желілерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды бюджет қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын кредиттеуді;»;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) коммуналдық меншіктегі өңірлік электр желілік компаниялардың электр желілерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу қағидаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;»;

4) 12-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы «Электр және (немесе) жылу энергиясын жеке тұтынушылар мен электр энергиясын нетто-тұтынушыларды» деген сөздер «Нетто-тұтынушыларды» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 13-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясын жиынтық белгіленген қуаты 10 мегаваттан аспайтын, өздерінің қызмет көрсету аймағында орналасқан, 2023 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген және 2023 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу мен сатудың ұзақ мерзімді шарттары болмаған гидроэлектр станцияларынан осы Заңның 12-1-бабына сәйкес белгіленген электр энергиясына шекті тариф бойынша басым тәртіппен сатып алады.

Бұл ретте электр энергиясын осы гидроэлектр станцияларынан 2023 жылғы 1 шілдеге белгіленген қуат деңгейінде сатып алуға жол беріледі.»;

6) 14-баптың 6-тармағындағы «мен тұтынушылар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды орындаған жағдайда оларды электр және жылу жүйелеріне» деген сөздер «, неттотұтынушылар мен тұтынушылар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды орындаған жағдайда оларды электр және жылу желілеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 15-9-бапта:

1 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісімдер жылу және электр энергиясын генерациялайтын негізгі жабдыққа қатысты республикалық маңызы бар қалалардағы, құрамында электр станциялары жұмыс істейтін, соның ішінде жылу және электр энергиясын аралас өндіруді жүзеге асыратын жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) энергия өндіруші ұйымдармен ғана жасалады.»;

«5. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламалар нарық кеңесі қарайтын кезеңде өзгертілуге жатпайды.

Уәкілетті орган энергия өндіруші ұйыммен отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық келісім жасасу (жасасудан бас тарту) туралы шешім қабылдаған кезеңде энергия өндіруші ұйым тиісті инвестициялық бағдарламаға іс-шараның техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің өзгергендігін растайтын құжаттар негізінде уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйымдар отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараның техникалық-экономикалық негіздемесіне нарық кеңесінің және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын қайтадан алуға міндетті.»;

9-тармақтың 3) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тиісті инвестициялық қарыздар бойынша төленетін сыйақыны қоса алғанда, отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарлама шеңберінде жылу және электр энергиясын генерациялайтын негізгі жабдыққа қатысты инвестицияларды қайтару ескеріле отырып, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі (айлармен) және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі есепке алынып, жылдар бойынша ауыспалы шама ретіндегі электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған тариф қамтылады.».

3. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын ауқымы шағын объект (бұдан әрі – ауқымы шағын объект) – жалпы белгіленген қуаты екі жүз киловатқа дейінгі (қоса алғанда), жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ауқымы шағын объектіні пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті олармен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылым;»;

5) тармақша «энергия өндіруші ұйым –» деген сөздерден кейін «нетто-тұтынушыларды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

9), 9-1) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) электр энергиясын нетто-тұтынушы (бұдан әрі – нетто-тұтынушы) – жаңартылатын энергия көздерінің аралас қондырғыларын қоса алғанда, таратушы электр желісіне қосылған және желіден электр энергиясын тұтыну көлемдері мен оған беру көлемдерін бөлек есепке алу жүйелерімен жабдықталған, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заттай құқықпен тиесілі ауқымы шағын объектіден электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын өзінің толық немесе ішінара тұтынуын қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 3-баптың 2-тармағының 1-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2) нетто-тұтынушыларға қолдау шараларын ұсынуды;»;

3) 4-бапта:

тақырыптағы «негізгі бағыттары» деген сөздер «міндеттері мен қағидаттары» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері болып табылады:»;

5) тармақшадағы «бағыттары бойынша жүзеге асырылады» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Мыналар жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеудің қағидаттары болып табылады:

1) энергетикалық және экологиялық қауіпсіздік;

2) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы субъектілер мүдделерінің теңгерімі;

4) генерация құрылымында жаңартылатын энергия көздерінің үлесін дамыту жөніндегі міндеттемелерге қол жеткізу;

5) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың инвестициялық тартымдылығы.»;

4) 6-бапта:

5-1), 5-2), 5-5), 5-7) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) ауқымы шағын объектілерді электр желілеріне қосу және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7-2) нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алу мен сатудың үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;»;

8), 9-1), 9-2), 10), 10-1), 10-3), 10-6), 10-7) және 10-8) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-9) тармақшамен толықтырылсын:

«10-9) нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алу мен сату тәртібін айқындайды;»;

5) 7-баптың 3-2) тармақшасы алып тасталсын;

6) 9-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы «тұтынушыларға» деген сөзден кейін «және шекті тарифтер бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

бірінші бөлік «энергия өндіруші ұйымдарға» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ нетто-тұтынушыларға» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік «(гидроэлектр станциялары)» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ нетто-тұтынушылар» деген сөздермен толықтырылсын;

9, 10 және 11-тармақтар алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Нетто-тұтынушыларды энергия беруші ұйымдардың желілеріне қосу және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға электр энергиясын сату шарттары

1. Энергиямен жабдықтаушы ұйым нетто-тұтынушы энергия беруші ұйымның желілеріне тұтынушы ретінде қосылған кезде онымен электр энергиясын сатып алу мен сатудың үлгілік шартын жасасуға міндетті.

2. Энергия беруші ұйым нетто-тұтынушыға тиесілі ауқымы шағын объектінің шекараларын бөлгенге дейін өзінің жағындағы нүктеде энергия беруші ұйымның электр желісіне нетто-тұтынушының кедергісіз қосылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Нетто-тұтынушы өзіне қызмет көрсететін энергиямен жабдықтаушы ұйымға оның қолданыстағы тарифі бойынша электр желісінен есепті кезең ішінде өзі тұтынған электр энергиясының көлеміне, нақ сол кезең ішінде электр желісіне өзі берген көлемді шегере отырып, ақы төлейді.

Электр желісіне есепті кезең ішінде нетто-тұтынушы берген электр энергиясының көлемі электр желісінен нақ сол кезең ішінде өзі тұтынған электр энергиясының көлемінен асып кеткен жағдайда, қызмет көрсететін энергиямен жабдықтаушы ұйым нетто-тұтынушыға жоғарыда аталған асып кету көлеміне оның шекті бағасы бойынша (тұтынушылар топтары бойынша сараламай) ақы төлейді.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымның нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алу мен сатуы нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алу мен сату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

8) 10-баптың 5-тармағы «жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін» деген сөздерден кейін «, соның ішінде ауқымы шағын объектілерді» деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларын, 3-тармағы 4) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, жетінші және сегізінші абзацтарын және 7) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 маусым
№ 96-VIII ҚРЗ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

1) 718-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қарыз алушыларының құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен есептелетін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.»;

2) 728-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тұтынушылық банктік қарыздың және тұтынушылық микрокредиттің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк заңнамасында және Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасында айқындалады.»;

3) 740-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтардың және заңды тұлғалардың банктік шоттардағы ақшасына тек қана сот актілері негізінде соттар және сот орындаушыларының прокурор санкциялаған қаулылары не аумақтық әділет органдарының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған қаулылары негізінде сот орындаушылары Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша тыйым салуы мүмкін.».

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 53-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының жиырмасыншы абзацы алып тасталсын;

2) 62-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығы, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссиялары, мәслихаттардың аппараттары және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейді.»;

3) 5-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін, оның ведомстволарын және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің және қаржылық есептілігінің жүйесі».

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

169-1-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер;».

4. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-бапта:

екінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 48-1) тармақшамен толықтырылсын:

«48-1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейтін банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы бірлескен нормативтік құқықтық актіні;»;

75) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«75) Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстанның Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын;»;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметін қаржыландыру туралы шешім қабылдайды;».

5. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы – сауда-саттық өткізу үшін қатысушыларға инфрақұрылымды қамтамасыз ететін, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылатын интернет-ресурс;»;

«15) тұтынушылық банктік қарыз – ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) болып табылмайтын, жеке тұлғаға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін банктік қарыз.»;

2) 8-бапта:

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1. Банк банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу арқылы мынадай мүлікті:

бұрын банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылған, оған өндіріп алуды қолдану нәтижесінде банктің меншігіне өткен кепіл мүлкін;

банктің банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін алуы нәтижесінде банктің меншігіне түскен мүлікті өткізуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап осы баптың 9-тармағының 14) тармақшасына сәйкес банк сатып алу шартымен жалға берген тұрғынжайға қолданылмайды.

Банк:

өткізу мерзімі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып айқындалатын жер учаскесін;

осы баптың 9-тармағының 14) тармақшасына сәйкес банк сатып алу шартынсыз жалға берген, өткізу мерзімі жалдау мерзіміне мөлшерлес ұзартылатын тұрғынжайды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мүлікті банктің меншігіне өткен күнінен бастап үш жыл ішінде өткізуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде белгіленген талаптар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін банктердің еншілес ұйымдарына қолданылады.

Осы тармақтың талаптары осы баптың 7-тармағында көзделген заңды тұлғалардың акциялары немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестері банктердің меншігіне өткен жағдайларға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мүлік сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу қағидаларына сәйкес тікелей атаулы сату арқылы өткізілуі мүмкін.»;

9-тармақта:

7) тармақша «мүлікті» деген сөзден кейін «және банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемі түрінде алынған мүлікті» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-2) тармақшамен толықтырылсын:

9-2) орталық депозитарийде депоненттің атына ашылған депонент шотын (шоттарын) басқару жөніндегі қызметтерді көрсетумен;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) банктің меншігіне өткен тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға беру) шарты негізінде, оның ішінде сатып алу шартымен жалға берумен айналысуға құқылы.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын, ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты өндіріп алуды қолдану не ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша кепіл ретінде болған тұрғынжай түрінде бас тарту төлемін беруі нәтижесінде тұрғынжайы банктің меншігіне өткен жеке тұлғалар ғана осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген тұрғынжайды жалға алушылар ретінде бола алады;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес синдикатталған қаржыландыруға қатысуға және (немесе) банк-агенттің және (немесе) кепілді басқарушының функцияларын орындауға құқылы.»;

3) 9-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктік қарыз немесе салым бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты қамтитын жарнаманы

16 >

1, 15 <

тарату және (немесе) орналастыру кезінде анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесін көрсетуге міндетті.

Банктік қарыз немесе салым бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты қамтитын жарнаманы тарату, соның ішінде оны жариялау кезінде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі қаріптері басқа сыйақы мөлшерлемелерімен бірдей көлемдегі және ресімдеу стиліндегі нысанда цифрлармен көрсетіледі. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін осы жарнамада өзге ақпаратты көрсету кезінде пайдаланылатын қаріптен кіші қаріппен көрсетуге жол берілмейді.»;

4) 17-1-бапта:

5-тармақтың 4) тармақшасындағы «Бейрезидент-жеке тұлғалар мінсіз іскерлік беделін растау үшін өздері азаматы болып табылатын елдің, ал азаматтағы жоқ адамдар – өздері тұрақты тұратын елдің тиісті мемлекеттік органы берген алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының жоқ екенін растайтын құжатты ұсынады (көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы үш айдан аспауға тиіс);» деген сөздер «Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын басшы қызметкерлері бойынша, өтініш беруші уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген нысан бойынша олардың мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтерді ұсынады;» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Осы баптың рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингісінің және уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы жөніндегі талаптары өтініш берушінің-Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының ұлттық басқарушы холдингтен Қазақстан Республикасының резидент-банкі акцияларының жүз пайызын сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.»;

5) 20-бапта:

3-тармақтың 2) тармақшасы алтыншы абзацындағы «саласында осы бапта белгіленген еңбек өтілі жоқ;» деген сөздер «саласында;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

«және (немесе) экономика, қаржы немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарында;

және (немесе) ұлттық басқарушы холдингте, Қазақстанның Даму Банкінде, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорында, тікелей инвестициялар нарығын дамытуды жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымында осы баптың 5-1-тармағының 3-2) тармақшасында көзделген лауазымдарда осы бапта белгіленген еңбек өтілі жоқ;»;

5-1-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) экономика, қаржы немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік саяси қызметшінің;

3-2) ұлттық басқарушы холдингтің, Қазақстан Даму Банкінің, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорының, тікелей инвестициялар нарығын дамытуды жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымының басқару органының басшысы мен мүшелерінің, атқарушы органы басшысының, оның орынбасарының және мүшелерінің;»;

6) 30-баптың 13-тармағында:

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шарттан басқа, жеке тұлғадан бір жүз жиырма мың АҚШ доллары баламасына тең сомадан төмен болмайтын салымды қабылдау Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген банк операцияларын жүргізу шарты болып табылады.»;

7) 34-бапта:

3-тармақта:

екінші бөліктің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, оның ішінде мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдыру және (немесе) ұзарту;»;».

төртінші бөлік «банктік қарыз шартында көзделген тәртіппен» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыз алушы-жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қарыз бойынша ай сайынғы төлемдерді ұлғайтпай, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды және (немесе) бөліп төлеуді ұсынуы қарыз алушының келісімі болған кезде жүзеге асырылады.»;

бесінші бөліктегі «банктік қарыз шартында көзделген тәртіппен» деген сөздер «банктік қарыз шартында көзделген тәртіппен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктік қарыз шарты бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қарыз бойынша сыйақыны есепке жазбай, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың болуы не болмауы, ол бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдардың және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

5-1-тармақта:

«Адам» деген сөз «Жеке тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«электрондық үкімет» веб-порталы арқылы» деген сөздер «кредиттік бюрода не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тегін» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.2. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктік қарыз беру туралы шешім қабылданғанға дейін алған жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның банктік қарыз алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның оған банктік қарыздар беруіне тыйым салынады.

Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз банктік қарыздар беруіне тыйым салынады, келісімді алу тәртібі және келісім қажет болатын банктік қарыздың ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиент-жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның банктік қарыз алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) келісімінсіз банктік қарыз берген жағдайда, банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғадан осындай банктік қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды талап етуге құқылы емес.

Жеке тұлғаның банктік қарыз алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде оған банктік қарыз беруге тыйым салу жеке тұлғаның банктік қарызы бойынша берешегін өтеу мақсатында немесе республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлем картасы бойынша белгіленген кредиттік лимит шеңберінде банктік қарыз беру жағдайларына қолданылмайды.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген, жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның банктік қарыз алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) келісімінсіз банктік қарыз беру фактісі анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай шараларды қабылдайды:

клиенттің осындай банктік қарыз бойынша берешегін есептен шығару туралы шешім қабылдайды;

клиенттің осындай банктік қарызы бойынша берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтатады;

осындай банктік қарыз бойынша ақпарат туралы жазбаларды жою арқылы клиенттің кредиттік бюролардағы кредиттік тарихына түзетулер енгізеді;

осындай банктік қарыз бойынша сыйақының және (немесе) тұрақсыздық айыбының бұрын ұсталған (төленген) сомаларын клиентке қайтаруды жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 5-3, 5-4, 5-5 және 15-тармақтармен толықтырылсын:

«5-3. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз беруіне тыйым салынады.

Бұл тыйым жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарызын және (немесе) микрокредитін өтеу мақсатында сыйақы мөлшерлемесін және (немесе) мерзімді төлемдер мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуді және (немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуді немесе толық жоюды көздейтін жақсарту талаптарында банктік қарыз беру жағдайларына қолданылмайды.

5-4. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым сомасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келмейтін тұтынушылық банктік қарыз беруге құқылы емес.

5-5. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіруді жүргізбей онымен Интернет арқылы банктік қарыз шартын жасасуына тыйым салынады, оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

«15. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізілгені, оның құқыққа сыйымсыз өзгертілгені, үшінші тұлғалар тарапынан құқыққа сыйымсыз әрекеттердің не жеке тұлғалардың банктік қарыздарымен өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттердің жүзеге асырылғаны анықталған кезден бастап банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым екі жұмыс күні ішінде осындай әрекеттердің себептері мен салдарын жою үшін шаралар қабылдайды, сондай-ақ бұл туралы клиентке және уәкілетті органға бір жұмыс күні ішінде хабар береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес құқық қорғау органдары енгізген (шығарған) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі шараларды қабылдау туралы ұсынымның не қарыз алушы-жеке тұлғаны жәбірленуші деп тану туралы қаулының негізінде банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым күнтізбелік үш күннен кешіктірмей:

клиенттің осындай банктік қарызы бойынша берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтата тұрады;

клиенттің осындай банктік қарызы бойынша сыйақы және (немесе) тұрақсыздық айыбын есепке жазуды тоқтата тұрады.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиенттің қатысуынсыз алаяқтық тәсілмен банктік қарызды ресімдеу фактісі анықталған, заңды күшіне енген сот актісін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, клиенттің банктік қарыз бойынша берешегін есептен шығару туралы шешімді, сондай-ақ осындай банктік қарыз бойынша бұрын ұсталған (төленген) сомаларды клиентке қайтару жөніндегі шараларды қабылдайды.»;

8) 34-1-бап мынадай мазмұндағы 11, 12, 13 және 14-тармақтармен толықтырылсын:

«11. Тұрғынжай банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның меншігіне өткен және (немесе) тұрғынжай акт бойынша берілген және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын кепіл беруші-жеке тұлғаның меншігінде өзге тұрғынжай болмаған жағдайларда, осындай тұрғынжай банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның меншігіне өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға өзіне осы тұрғынжайды жалға беру, соның ішінде оны сатып алу шартымен жалға беру туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

12. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы баптың 11-тармағында көзделген өтінішті алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде оны қарайды және жеке тұлғаға мынадай шешімдердің бірі туралы:

1) сатып алу шартымен немесе онсыз тұрғын үйді мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасасуға келісетіні туралы;

2) осы Заңда белгіленген негіздер бойынша мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасасудан бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай шарт жасасудан бас тартатыны туралы хабарлайды.

13. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мынадай жағдайларда:

1) өтініш беруші халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары санатына жататыны жөнінде анық емес мәліметтерді ұсынған;

2) өтініш беруші кіріс көздерінің болмауына байланысты жалға алу ақысын төлей алмайтын;

3) өтініш берушінің банкроттығы;

4) өтініш берушінің меншік құқығында тұрғын үйі болған жағдайларда, осы баптың 11-тармағында көзделген өтініш бойынша мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасасудан бас тартуға құқылы.

14. Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты тұрғынжайды сатып алу шартымен жасалған жағдайда тұрғынжайға меншік құқығы жалға алушы жалға алу бойынша соңғы төлемді не тұрғынжайдың мүліктік жалдау (жалға алу) шартында айқындалған құнын толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырғаннан кейін жалға алушыға ресімделеді.

Жалға алушы мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша міндеттемелерді қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімде орындамаған жағдайда мүліктік жалдау (жалға алу) шарты тоқтатылады, бұл ретте банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның мерзімі өткен төлемдерге тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) есепке жазуына және талап етуіне тыйым салынады.»;

9) 36-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарыз алушыны банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы:»;

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) осы баптың 1-1-тармағында көзделген өтінішпен жүгіну құқығы;»;

1-1-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сатып алушыға банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы.»;

1-2 және 1-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) осы баптың 1-1-тармағында көзделген өтінішті алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қарыз алушы-жеке тұлға ұсынған банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаға мынадай шешімдердің бірі туралы:

1) банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

2) банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныс туралы;

3) банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен хабарлайды.

Қарыз алушы-жеке тұлғаның банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарызды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

Банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген шешімі алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) және қарыз алушы-жеке тұлға арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеуі банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Бұл мерзім екі тараптың да келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

1-3. Қарыз алушы-жеке тұлға банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) осы баптың 1-2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе осы баптың 1-2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзімде банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген кезде бір мезгілде банкті (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымды) хабардар ете отырып, банк омбудсманына жүгінуге құқылы.

Банк омбудсманы қарыз алушы-жеке тұлғаның жолданымын оның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) жүгінуінің және банкпен (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен) банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеуінің дәлелдемелері ұсынылған кезде қарайды.

Банк омбудсманының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын қарыз алушы-жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарызы) бойынша жолданымын қараған кезеңде кепілге қойылған мүлікке сотқа талап қоюды беру арқылы не соттан тыс тәртіппен өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.»;

2-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Төлем талабын қою арқылы банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен қарыз алушының банктік шотына заңды тұлғадан немесе дара кәсіпкерден түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде шектеледі және төлем талабын толық орындау үшін қажетті барлық соманың банктік шотқа түсуі күтілместен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотында немесе жиынтығында бір банкте ашылған ағымдағы шоттарында сақталатын ақша сомасы төлем талабын орындау кезінде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен аз болмауға тиіс.

Егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, көрсетілген шектеу қарыз алушы-жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.»;

2-1-тармақта:

2) тармақша мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні ол туралы коллекторлық агенттіктің атауын, тұрған жерін, коллекторлық агенттіктің борышкерлермен байланысуға арналған телефон нөмірлерін көрсете отырып, қарыз алушыны банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар етеді.»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қарыз алушыда:

жеке тұлғаның ипотекалық қарызы бойынша – қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күннен асатын;

жеке тұлғаның өзге де банктік қарыз шарттары бойынша – қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асатын ақшалай міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу болған кезде осы Заңның 36-1-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беруге құқылы.

Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беруге мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап жиырма төрт ай өткен соң және осы Заңның 34-бабының 3-тармағында және (немесе) осы баптың 1-1-тармағында көзделген және қарыз алушы қарыз бойынша берешегін өтей алатын, тараптар үшін өзара қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін берешекті реттеу бойынша рәсімдер жүргізілген кезде жол беріледі. Есепке жазылған және төленбеген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық күшін жою міндетті болып табылады.

Осы тармақшаның ережелері қарыз алушы-Қазақстан Республикасының азаматына қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жағдайларына қолданылмайды;»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания көрсететін жағдайларды қоспағанда, банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) мұндай қызметтерді үшінші тұлғалардан алуына тыйым салынады.»;

10) 36-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«36-1-бап. Банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру тәртібі»;

1-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінің оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты банктік қарыз шарты бойынша, заңды тұлғаның банктік қарыз шарты бойынша құқықтарға (талаптарға) қатысты, егер көрсетілген қарыздар бойынша басқаға беру күніне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері болса, өзге тұлғаға беруін қоспағанда, банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруді жүргізуіне тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Басқаға беру күніне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері бар банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мынадай талаптарды сақтай отырып жүзеге асырады:

1) мыналарды:

осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің жетінші, сегізінші және (немесе) тоғызыншы абзацтарында көрсетілген тұлғаларды;

осы Заңның 61-10, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген іс-шаралар шеңберінде жүзеге асырылатын құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді қоспағанда, пайдасына банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілетін тұлға банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңында банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жүргізетін, осы құқықтарға (талаптарға) қатысты сауда-саттық нәтижелері бойынша айқындалады;

2) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру осы баптың 4-тармағында белгіленген шектеулер мен қағидалар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктердің еншілес ұйымдарына қолданылады.

4-2. Осы Заңның 36-бабы 2-1-тармағы 3) тармақшасының талаптарын сақтамай, жеке тұлғаның банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беруге тыйым салынады.»;

7-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) басқаға беру шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаны банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы кредитордың көрсетілген банктік қарыз шарты бойынша құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні (берілетіні) туралы хабардар етуге;»;

2) тармақшадағы «не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен,» деген сөздер «тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшаның бірінші бөлігінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қарыз алушы-заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын, қарыз алушы-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;»;

11) 39-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қарыздар бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.»;

12) 40-1, 40-2, 40-3 және 40-4-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«40-1-бап. Банк омбудсманы, оның мәртебесі, оны сайлау тәртібі және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

Банк омбудсманының өкілдер кеңесі, оның құзыреті

1. Жеке тұлғаның және банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда жеке тұлға банкпен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен жасасқан банктік қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді оның жолданымы бойынша реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға банк омбудсманы болып табылады.

Банк омбудсманы өз қызметінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) тараптардың тең құқықтылығы;

2) бейтараптық;

3) банктік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны сақтау;

4) тараптардың құқықтарын сақтау және заңмен қорғалатын мүдделерін құрметтеу;

5) шешім қабылдау рәсімінің айқындылығы мен шешімнің негізділігі.

2. Банк омбудсманы жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы және осындай қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға арасында туындайтын келіспеушіліктерді қарыз алушының жүгінуі негізінде реттеуді жүзеге асырады.

Банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін сатып алған қарыз алушы жүгінген кезде банк омбудсманымен өзара іс-қимыл жасасуға және банк омбудсманы қарызға байланысты сұратқан кез келген ақпарат пен мәліметтерді беруге міндетті.

3. Өкілдер кеңесі осы Заңның 40-2-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан уәкілетті органмен келісілген кандидаттар қатарынан банк омбудсманын сайлауды жүзеге асырады. Өкілдер кеңесі:

1) жеке тұлғаларға банктік қарыздар беретін әрбір банктен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан;

2) әділет органдарында тіркелген және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын іске асыруға және қорғауға бағытталған қызметті жүзеге асыратын тұтынушылардың қоғамдық бірлестігінің қауымдастығы (одағы) және (немесе) тұтынушылардың республикалық қоғамдық бірлестігі болған жағдайда, олардан;

3) әділет органдарында тіркелген және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, коллекторлық агенттіктердің ортақ мүдделерін білдіруге және қорғауға бағытталған қызметті жүзеге асыратын қаржы ұйымдарының қауымдастығынан (одағынан);

4) уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бір-бір өкілден қалыптастырылады.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктік қарыз операциясын жүзеге асыру құқығына лицензия алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банк омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген қауымдастықтар (одақтар) әділет органдарында тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банк омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіруге міндетті.

4. Банк омбудсманы үш жыл мерзімге сайланады.

Банк омбудсманын сайлау, оның қызметін мерзімінен бұрын тоқтату және жүзеге асыру тәртібі осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Бір адам банк омбудсманы болып қатарынан екі реттен көп сайлана алмайды.

5. Өкілдер кеңесінің құзыреті:

1) банк омбудсманы лауазымына сайлау үшін кандидатуралар ұсыну, дауыс беру тәртібін айқындау;

2) құрылымы мен штатын (банк омбудсманының офисін) бекіту;

3) банк омбудсманының қызметін қаржыландыру тәртібін айқындау;

4) уәкілетті органмен келісу бойынша банк омбудсманының ішкі қағидаларын бекіту;

5) уәкілетті орган жүргізген, банк омбудсманының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарыз алушы-жеке тұлғалардың шағымдарына талдау жасаудың және банк омбудсманының есептерін қараудың қорытындылары бойынша банк омбудсманына оның қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру;

6) өкілдер кеңесі мүшесінің (мүшелерінің) осы баптың 7-тармағында көзделген негіздер бойынша банк омбудсманының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішхатын қарау;

7) банк омбудсманының шешімдерін есепке алу, қарау, қабылдау және орындау тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

8) осы Заңға сәйкес банк омбудсманының қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге де мәселелер.

6. Егер өкілдер кеңесінің отырысына қатысқан өкілдер кеңесінің мүшелері жиынтығында жалпы дауыс санының елу және одан да көп пайызын иеленсе, осы отырыс – заңды, ал кворум талаптары сақталды деп танылады.

Банк омбудсманы кеңестің отырысына қатысқан өкілдер кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Өкілдер кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған кезде уәкілетті орган өкілінің дауысы шешуші болып табылады.

Банк омбудсманын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылады. Дауыс беруге арналған бюллетеньде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) банк омбудсманы лауазымына сайлау үшін ұсынылған кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) кандидаттың осы Заңның 40-2-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын ақпарат;

17 >

EGEMEN QAZAQSTAN
20 МАУСЫМ 2024 ЖЫЛ



1, 15-16 <

3) кандидаттың банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және (немесе) коллекторлық агенттіктерде, уәкілетті органда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қызмет атқаруы туралы, банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және (немесе) коллекторлық агенттіктерге үлестес болу белгілерінің бар-жоғы туралы, уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымында жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары туралы мәліметтер;

4) мәселе бойынша «жақтаймын» немесе «қарсымын» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары.

7. Банк омбудсманының өкілдер кеңесі банк омбудсманының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды мынадай негіздер бойынша жүзеге асырады:

1) банк омбудсманының осы Заңның 40-2-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сай келмеуінің анықталуы;

2) банкте, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда және (немесе) коллекторлық агенттікте, уәкілетті органда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде кез келген қызметті атқару, банк омбудсманының банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және (немесе) коллекторлық агенттіктерге үлестес болу белгілерінің болуы, банк омбудсманының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымын атқаруы;

3) осы Заңның және банк омбудсманының ішкі қағидаларының талаптарын бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзу.

Банк омбудсманының өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату өкілдер кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Өкілдер кеңесіне жазбаша хабарлама банк омбудсманының ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен өкілеттігі тоқтатылғанға дейін кемінде бір ай бұрын ұсынылады.

40-2-бап. Банк омбудсманына қойылатын талаптар

1. Мынадай:

1) жоғары экономикалық және (немесе) заңгерлік білімі жоқ;

2) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

3) қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну және (немесе) қаржылық көрсетілетін қызметтерді реттеу саласындағы жұмыс өтілі бес жылдан аз;

4) уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басшы қызметкері болған адам банк омбудсманы ретінде сайлау үшін ұсынылмайды. Осы талап уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жыл бойы қолданылады;

5) сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныпған;

6) психикалық мінез-құлқының, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған бұзылушылығы (аурулары) бойынша психикалық денсаулық сақтау қызметі ұйымдарында динамикалық байқауда тұрған адам банк омбудсманы ретінде сайлау үшін ұсынылмайды.

2. Банк омбудсманы банкте, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда және (немесе) коллекторлық агенттікте, уәкілетті органда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде кез келген қызметті атқаруға, банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және (немесе) коллекторлық агенттіктердің үлестес тұлғасы болуға, уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымында жұмыс істейтін жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының болуына құқылы емес.

40-3-бап. Банк омбудсманының шешімдер қабылдау тәртібі

1. Банк омбудсманы шешімді жеке-дара қабылдайды және оны дауға қатысушы тараптардың назарына жазбаша нысанда жеткізеді.

Банк омбудсманы шешімдер қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және жасалған шарттардың талаптарын басшылыққа алады.

2. Банк омбудсманы мынадай:

1) сот қарауға қабылдаған және (немесе) олар бойынша заңды күшіне енген сот актісі бар;

2) жүгінуші адам банктік қарыз шарты шеңберінде туындаған жағдайды реттеу мақсатында өзінің банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаға жүгінуінің жазбаша дәлелдемесін ұсынбаған;

3) істің жаңа мән-жайлары болмаған кезде қайтадан жіберілген жолданымдарды қарамайды.

3. Банк омбудсманының шешімі жеке тұлға оны қабылдаған жағдайда банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға үшін міндетті.

Банк омбудсманы осы Заңның 40-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларда жеке тұлғалардың өтініштерін қарауды және шешімдер қабылдауды өтеусіз жүзеге асырады.

Өтінішті қарау нәтижелері банк омбудсманы қол қоятын хаттамамен ресімделіп, жеке тұлғаның және банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның назарына жеткізіледі.

Хаттамада мыналар қамтылуға тиіс:

1) қол қойылған күні мен орны;

2) банк омбудсманының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) өтініш беруші-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефонының нөмірі, банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның атауы, олардың мекенжайлары мен деректемелері;

4) даудың нысанасы немесе жеке тұлғаның мәлімделген талабы;

5) банк омбудсманы анықтаған істің мән-жайлары;

6) өтініш беруші-жеке тұлғаның өтінішін толық не ішінара қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы банк омбудсманының шешімі;

7) банк омбудсманының шешімін орындау мерзімі;

8) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның шешімді орындау нәтижелері туралы хабар беру мерзімі.

4. Қарыз алушы-жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары жөніндегі міндеттемелерді орындау талаптарын өзгертуге қатысты жолданымдары бойынша банк омбудсманы тараптардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуіне және банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау талаптарын өзгерту жөнінде тараптар келіскен шешімнің қабылдануына жәрдемдеседі.

Мүдделі тарап банк омбудсманының шешімімен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға банк омбудсманының шешімін ол белгілеген мерзімде орындамаған жағдайда, банк омбудсманы бұл туралы уәкілетті органға бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беруге міндетті.

Егер тараптардың келісімі бойынша өзге мерзім белгіленбесе, банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның банк омбудсманының шешімін орындау мерзімі күнтізбелік отыз күнді құрайды.

40-4-бап. Банк омбудсманының қызметі

1. Банк омбудсманының қызметі, оның ішінде дауларды шешу бойынша жолданымдарды қарау және шешімдер қабылдау тәртібі мен мерзімдері банк омбудсманының ішкі қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

2. Жүктелген функцияларды тиісінше орындау мақсатында банк омбудсманының қызметі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген коллекторлық агенттіктердің міндетті жарналары есебінен қаржыландырылады.

Міндетті жарналар төленбеген, уақтылы төленбеген не толық көлемде төленбеген жағдайда, банк омбудсманы оларға міндетті жарналарды төлеу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті органға банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген коллекторлық агенттіктің осы тармақта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы хабар береді.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) берілген коллекторлық агенттік банк омбудсманының офисіне міндетті жарналарды банк омбудсманының ішкі қағидаларында айқындалған мерзімдерде және тәртіппен төлеуге міндетті.

3. Банк омбудсманы өкілдер кеңесімен келісу бойынша ұйымдық құрылымы мен штаты бар офис құрады.

4. Банк омбудсманының ішкі қағидаларында:

1) ревизиялық комиссияның және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың (бар болса) құрылымы, міндеттері және өкілеттіктері;

2) банк омбудсманының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

3) дауларды шешу тәртібі;

4) банк омбудсманының қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге де мәселелер айқындалуға тиіс.

5. Банк омбудсманы дауларды шешу барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті.

Банк омбудсманы өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Банк омбудсманы осы баптың 1-тармағында және осы тармақта көзделген талаптарды орындамаған жағдайда өкілдер кеңесі оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

6. Банк омбудсманының интернет-ресурсында мынадай ақпарат орналастырылады:

1) офистің, оның ішінде бөлімшелер мен өкілдіктердің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі;

2) банк омбудсманын сайлау туралы мәліметтер;

3) банк омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін қаржы ұйымдарының, қауымдастықтардың (одақтардың) тізбесі;

4) банк омбудсманы ұсынатын көрсетілетін қызмет түрлері туралы мәліметтер;

5) банк омбудсманының шешімдерін есепке алу, қарау, қабылдау және орындау тәртібі;

6) банк омбудсманы жұмысының қорытындылары туралы ай сайынғы ақпарат;

7) банк омбудсманы қызметінің қорытындылары туралы жылдық есептер;

8) ақпараттық және түсіндірме материалдары мен сот практикасының материалдары жарияланатын, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға арналған бөлім;

9) қаржы нарығына қатысушылармен жасалған келісімдер мен меморандумдардың тізбесі;

10) банк омбудсманының ішкі қағидаларына сәйкес өзге де ақпарат.

7. Банк омбудсманы тұрған жері өзгерген жағдайда бұл туралы қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде бір ай мерзімнен кешіктірмей және банк омбудсманының интернет-ресурсында он жұмыс күні ішінде хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға міндетті.

8. Банк омбудсманы өкілдер кеңесінің шешімі бойынша:

1) тұтынушылардың жолданымдарын есепке алуды автоматтандыру және өңдеу бойынша арнайы бағдарламалық қамтылымның қолданылуын;

2) қарыз алушы-жеке тұлғаларға консультациялық қызметтер көрсету үшін банк омбудсманының офисінде колл-орталықтың не жедел желінің ендірілуін;

3) шарт негізінде кредиттік бюроның ақпараттық базасынан қарыз алушы-жеке тұлғаның кредиттік тарихының жедел алынуын қамтамасыз етуге тиіс.

Банк омбудсманы қарыз алушы-жеке тұлғалардың жолданымдарын талдау нәтижелері бойынша уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасын, сондай-ақ банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, коллекторлық агенттіктердің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды жіберуге құқылы.

9. Уәкілетті орган:

1) банк омбудсманының ішкі қағидаларын, оның шешімдерін есепке алу, қарау, қабылдау және орындау тәртібін келісуді жүзеге асырады;

2) қарыз алушы-жеке тұлғалардың банк омбудсманының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарын қарайды;

3) өкілдер кеңесіне банк омбудсманының әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын бұзушылық анықталған жағдайларда банк омбудсманының қызметі туралы ұсынымдарды жібереді;

4) осы Заңға сәйкес, банк омбудсманының қызметіне байланысты өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

13) 42-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі жетінші абзацындағы «лимиттері енеді.» деген сөздер «лимиттері;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

«қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициенті;

қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициенті енеді.»;

14) 50-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігінің 8-2) тармақшасындағы «берешекті өндіріп алу туралы шарт» деген сөздер «нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау бойынша қызметтер көрсету болып табылатын шарт» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы е) тармақшамен толықтырылсын:

«е) аумақтық әділет органына «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған және аумақтық әділет органы басшысының немесе оның орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған қаулы негізінде.»;

7-тармақ мынадай мазмұндағы з-1) тармақшамен толықтырылсын:

«з-1) аумақтық әділет органына «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған және аумақтық әділет органы басшысының немесе оның орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған қаулы негізінде, борышкер-жеке тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттарда өндіріп алынатын сома шегіндегі ақшаның бар-жоғы туралы, ал ақша жеткіліксіз болған жағдайда оңайлатылған іс жүргізу қозғалған кезден бастап осы шоттардағы ақша қозғалысы және сейф жәшіктерінің бар-жоғы туралы мәліметтер бөлігінде ғана;»;

15) 51-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші сөйлемі «қаулылары негізінде» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы алынған аумақтық әділет органдарының қаулылары негізінде» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы алынған, оңайлатылған іс жүргізу шеңберіндегі аумақтық әділет органының қаулысы негізінде атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін тыйым салу кезінде тыйым салынатын ақша сомасы мен мүлік құны атқарушылық құжатта көрсетілген сомадан аспауға тиіс.

Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы алынған, оңайлатылған іс жүргізу шеңберіндегі аумақтық әділет органының қаулысы прокурордың санкциялауына жатпайды.»;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеке және заңды тұлғалардың ақшасына тыйым салу үшін соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, сот орындаушылары, аумақтық әділет органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға құжаттарды жібереді.».

16) 69-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «үшінші» деген сөз «екінші» деген сөзбен ауыстырылсын.

6. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жылжымайтын мүлік – жер учаскелері, сондай-ақ үйлер, ғимараттар және жермен берік байланыстағы өзге де мүліктер, яғни олардың мақсатына шектен тыс нұқсан келтірмей орнын ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер;

2) жылжымайтын мүлік ипотекасы (ипотека) – кепілге берілген жылжымайтын мүлік немесе ондағы үлесі кепіл берушінің немесе үшінші тұлғаның иелігі мен пайдалануында қалатын кепіл түрі;

3) ипотекалық қарыз – жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген қарыз, оның ішінде банктік қарыз немесе синдикатталған қарыз;

4) ипотекалық тұрғын үй қарызы – тұрғынжай салу не оны сатып алу және (немесе) жөндеу мақсатында берілетін ипотекалық банктік қарыз;

5) ипотекалық ұйым – қызметінің айрықша түрі осы Заңда көзделген қызмет болып табылатын заңды тұлға;

6) ипотекалық шарт – тараптардың негізгі міндеттемені қамтамасыз етуде ипотеканы белгілеу туралы келісімі;

7) ипотеканы өткізу – ипотеканың мәні болып табылатын мүлікті өткізу;

8) кепіл беруші – жылжымайтын мүлкі немесе ондағы үлесі ипотеканың мәні болып табылатын тұлға;

9) кепіл ұстаушы – негізгі міндеттеме бойынша мүдделері ипотекамен қамтамасыз етілген тұлға;

10) негізгі міндеттеме – ипотекамен толық немесе ішінара қамтамасыз етілген борыштық немесе өзге де міндеттеме;

11) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

12) сенім білдірілген тұлға – соттан тыс тәртіппен ипотеканы өткізуді жүргізетін тұлға;

13) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.»;

2) 5-2-бапта:

1-тармақтағы «ипотекалық қарыз» деген сөздер «ипотекалық банктік қарыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы «ипотекалық қарыздар» деген сөздер «ипотекалық банктік қарыздар» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Негізгі міндеттеменің және (немесе) ипотека шартының талаптарын өзгерту, осы баптың екінші бөлігінде, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 34-бабы 3-2-тармағының бірінші бөлігінде, 61-4-бабының 3 және 10-тармақтарында, 61-11-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағы 11-2) тармақшасының бірінші бөлігінде, «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-3-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кепіл беруші мен кепіл ұстаушының (негізгі міндеттеме туралы шартқа және ипотека шартына қол қойған өзге де адамдардың) негізгі міндеттеме туралы шартқа және ипотека шартына қосымша келісім жасасуы арқылы ресімделеді.»;

4) 20-баптың 1-1-тармағындағы «ипотекалық қарыз» деген сөздер «ипотекалық банктік қарыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 26-баптың 7-2) тармақшасындағы «ипотекалық қарыз» деген сөздер «ипотекалық банктік қарыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 32-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Синдикатталған қаржыландыру кезінде, егер тең кепіл ұстаушылар арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, кепілге қойылған мүлікті өз меншігіне айналдырудың бірінші кезектегі құқығы борышкердің неғұрлым көп сомадағы берешегі бар тең кепіл ұстаушыға тиесілі.

Кепілге қойылған мүлікті өз меншігіне айналдырған тең кепіл ұстаушы бағалаушы жасаған бағалау туралы есеп негізінде сот шешімімен белгіленетін немесе сенім білдірілген тұлға белгілейтін бағалау құнын негізге ала отырып, қалған тең кепіл ұстаушыларға олардың кепілмен қамтамасыз етілген талаптарының мөлшеріне барабар ақша сомасын он жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.»;

7) 36-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сенім білдірілген тұлға сауда-саттықтан түскен түсімді мынадай басымдық ретімен:»;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Синдикатталған қаржыландыру кезінде сенім білдірілген тұлға сауда-саттықтан түскен түсімді мынадай басымдық ретімен:

1) сауда-саттықты өткізудің шығындары мен шығыстарын өтеуге;

2) тең кепіл ұстаушылар алдында ипотекамен қамтамасыз етілген негізгі міндеттемені олардың талаптарына барабар мөлшерде төлеуге;

3) қайталама кепілмен және қайта қойылған кепілмен қамтамасыз етілген, мерзімі өткен міндеттемелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кезек ретімен өзге де жылжымайтын мүлік ауыртпалықтарын төлеуге;

4) кепіл берушіге қалған соманы қайтаруға арнап бөледі.»;

8) 37-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің нормалары кепілге қойылған мүлікті сот тәртібімен сату күніне борышкер-жеке тұлғада республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының екі еселенген ең төмен мөлшерінен асатын өндіріп алу қолданылуы мүмкін өзге мүлік немесе кіріс болмағанда, ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты жасалған кезде жеке тұлғаға тиесілі және негізгі міндеттемені толығымен қамтамасыз еткен ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша кепілге қойылған жылжымайтын мүлікті сот тәртібімен сату жағдайына қолданылады.».

7. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

29-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтардың, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары бар және оларды тәрбиелеп отырған және (немесе) тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасылардың Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайына меншік құқығы осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша мәжбүрлеп тоқтатылған кезде жылыту маусымында тұрғынжайдан шығаруға тыйым салынады.».

8. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

16-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың бірінші бөлігінің күші «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 3-2-тармағының бірінші бөлігінде, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағы 11-2) тармақшасының бірінші бөлігінде, «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларға қолданылмайды.».

9. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

2) 6-1-бапта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырылатын республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«Уәкілетті орган бес жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспарды әзірлейді, онда уәкілетті орган қызметінің стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен нысаналы индикаторларын айқындайды.

Стратегиялық жоспарды уәкілетті органның төрағасы Қазақстан Республикасының Президентімен не оның уәкілеттік беруі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысымен келісу бойынша бекітеді.»;

3) 6-5-бап мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша уәкілетті орган жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін бекітеді;»;

4) 9-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) бұқаралық ақпарат құралдарында қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, коллекторлық агенттіктер, кредиттік бюролар, банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңдарының операторлары туралы мәліметтерді (қызметтік, коммерциялық, банктік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда), оның ішінде оларға қолданған шаралар туралы ақпаратты жариялайды;»;

5) 15-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі:

«кредиттік бюролардың,» деген сөздерден кейін «банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңдары операторларының,» деген сөздермен толықтырылсын;

«венчурлік қорлар туралы заңнамасында» деген сөздерден кейін «, осы Заңда» деген сөздермен толықтырылсын;

«автоматтандыру қағидаларында» деген сөздерден кейін «, банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы операторының қызметін жүзеге асыруға және банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңының жұмыс істеуіне байланысты қатынастарды реттейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 15-6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде коллекторлық агенттіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша құжаттарды қарау;»;

7) 15-7-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының банк заңнамасы, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, әлеуметтік қорғау, бағалы қағаздар нарығы, микроқаржылық қызмет, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, пошта, Қазақстан Даму Банкі, инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау және қадағалау;»;

8) 15-11-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу уәкілетті орган жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесінің негізінде жүргізіледі.»;

9) 15-13-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы «бюджет қаражаты есебінен» деген сөздер алып тасталсын;

10) 15-16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті органның жұмыскерлеріне қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстары уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен өтеледі.»;

11) мынадай мазмұндағы 2-3-тараумен толықтырылсын:

«2-3-тарау. Банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы

15-18-бап. Банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы

1. Банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы (бұдан әрі – электрондық сауда алаңы) қатысушыларға:

1) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 7-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының мүлкіне;

2) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 7-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген микроқаржы ұйымының мүлкіне;

3) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарға (талаптарға);

4) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарға (талаптарға) қатысты сауда-саттық өткізу үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ететін интернет-ресурс болып табылады.

2. Электрондық сауда алаңына қолжетімділікті және оның жұмыс істеуін электрондық сауда алаңының операторы (бұдан әрі – оператор) қамтамасыз етеді.

3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабында және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымдары, микроқаржы ұйымдары, сондай-ақ өзге де тұлғалар электрондық сауда алаңында өткізілетін сауда-саттыққа қатысушылар бола алады.

4. Оператор электрондық сауда алаңындағы сауда-саттықты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу қағидаларына сәйкес әзірленген оператордың ішкі қағидалары негізінде өткізеді.

Электрондық сауда алаңының ақпараттық қауіпсіздігін оператор уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қамтамасыз етеді.

5. Электрондық сауда алаңында өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалатын сатып алу-сату шартынан, құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартынан туындайтын тараптардың ақшалай міндеттемелерін сауда-саттыққа қатысушылар жасалған сатып алу-сату шартында, құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде орындайды.

Оператор электрондық сауда алаңында өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалатын сатып алу-сату шартының, құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының тарапы болып табылмайды.

15-19-бап. Оператор

1. Оператор ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға бола алады.

2. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті

18 >

1, 15-17 <

органның рұқсаты болған кезде оператор қызметті жүзеге асыруға құқылы. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті органның рұқсатын оператордың алған күні электрондық сауда алаңының жұмыс істей бастау күні болып табылады.

3. Оператор электрондық сауда алаңының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсаттары үшін:

1) сауда-саттыққа қойылған мүлікке қатысты хабарландырулар жариялауды;

2) сатушы мен әлеуетті сатып алушы арасында электрондық сауда алаңында өткізілетін банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарға (талаптарға) қатысты ақпаратты жария етпеу туралы шарт жасасуды;

3) сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа қойылған мүлікке қатысты ақпаратқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жария етуін;

4) сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа қойылған мүлікке қатысты сатып алу-сату шартының жобасын келісуін және оған өзгерістер енгізуін;

5) сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа қойылған, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының жобасын келісуін және оған өзгерістер енгізуін;

6) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіпке сәйкес сауда-саттықта өткізілген мүлікке қатысты сатып алу-сату шартын жасасуды;

7) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіпке сәйкес, сауда-саттықта өткізілген, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын жасасуды;

8) өткізілген сауда-саттық туралы нәтижелерді жариялауды;

9) электрондық сауда алаңында жүзеге асырылатын сауда-саттыққа қатысушылардың іс-әрекеттерін есепке алуды жүргізуді;

10) Қазақстан Республикасының дербес деректері, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтауды;

11) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа да талаптарды сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Өтініш берушінің электрондық сауда алаңының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін операторға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес құрылатын комиссия жүзеге асырады.

4. Оператор мынадай қызмет түрлерін:

1) кредиттік бюро қызметінің негізгі және қосымша түрлерін (тиісті рұқсат болған кезде);

2) электрондық сауда алаңында өткізілетін сауда-саттықты ұйымдастыруға қатысты арналы бағдарламалық қамтылымды ұсыну және оған қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуді;

3) маркетингтік және статистикалық зерттеулерді қоспағанда, оператор қызметін өзге де кәсіпкерлік қызметпен қоса атқаруға құқылы емес.

5. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті органның рұқсатын беру шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

6. Өтініш беруші рұқсатты алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мәліметтерді қамтитын рұқсат беру туралы өтінішті;

2) құрылтай құжаттары қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған немесе уәкілетті органның оларды «электрондық үкімettің» веб-порталы арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда олардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат беру туралы өтініш уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде, бірақ өтініш беруші осы тармақта көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап жетпіс жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралуға тиіс.

7. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат беруден бас тартуды уәкілетті орган мынадай негіздердің кез келгені бойынша жүргізеді:

1) өтініш берушінің осы Заңға сәйкес оператор үшін тыйым салынған қызмет түрін жүзеге асыруы;

2) өтініш берушінің осы Заңның осы бабында, 15-18-бабында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сай келмеуі;

3) егер өтініш берушіге қатысты өтініш берушінің операторлар қызметін жүзеге асыруына тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі болса;

4) ұсынылған құжаттар бойынша уәкілетті органның ескертулерін белгіленген мерзімде жоймау.

8. Операторды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15-20-бап. Операторлардың қызметін мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау ерекшеліктері

Операторлардың қызметін мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау мақсатында уәкілетті орган:

1) оператор қызметін реттеу және электрондық сауда алаңының жұмыс істеуі саласында операторлардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) оператор қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат береді не беруден бас тартады;

3) осы Заңның талаптары мен уәкілетті органның оператор қызметін жүзеге асыруға және электрондық сауда алаңының жұмыс істеуіне байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы, оның ішінде уәкілетті органға өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда жазбаша нұсқамалар жібереді;

4) осы Заңда белгіленген тәртіппен және негіздерде операторларға санкциялар қолданады;

5) оператор қызметі және электрондық сауда алаңының жұмыс істеуі мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15-21-бап. Жазбаша нұсқама және санкциялар

1. Осы Заңда және уәкілетті органның оператор қызметін жүзеге асыруға және электрондық сауда алаңының жұмыс істеуіне байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін бұзған жағдайда, уәкілетті орган операторға жазбаша нұсқама жіберуге құқылы.

Анықталған бұзушылықтардың және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды белгіленген мерзімде жоюға бағытталған, орындалуы міндетті түзету шараларын қабылдау және (немесе) анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттілігі жөнінде операторға берілген нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсынылған іс-шаралар жоспарында бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамасы, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

2. Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасы шағымдану Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағымдану оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

3. Оператор уәкілетті органды жазбаша нұсқамада көзделген шаралардың жазбаша нұсқамада көзделген мерзімдерде орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

Бұзушылықты іс-шаралар жоспарында не жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімдерде операторға байланысты емес себептер бойынша жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын не жазбаша нұсқаманы орындау мерзімін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ұзартуы мүмкін.

4. Уәкілетті орган осы бапта белгіленген негіздер бойынша оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру не оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттан айыру түріндегі санкцияны операторға санкциялар ретінде қолдануға құқылы.

5. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын уәкілетті орган мынадай негіздердің бірі бойынша алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады:

1) осы Заңда және (немесе) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптардың сақталмауы;

2) рұқсат беруге негіз болған құжаттардың шындыққа сәйкес келмейтіндігінің анықталуы;

3) осы Заң талаптарының және (немесе) уәкілетті органның оператор қызметін жүзеге асыруға және электрондық сауда алаңының жұмыс істеуіне байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілері талаптарының бұзылуын жою туралы уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларының жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) орындалмауы.

6. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру оператор ретінде қызметті жүзеге асыруға тыйым салуға алып келеді.

7. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру туралы шешімде рұқсаттың қолданысын тоқтата тұрудың негіздері мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Көрсетілген рұқсаттың қолданысы уәкілетті органның тиісті шешімі оператордың атқарушы органының назарына жеткізілген күннен бастап тоқтатыла тұрған деп есептеледі.

Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсатының қолданысы тоқтатыла тұрған оператор электрондық сауда алаңында бұрын жасалған шарттар бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті.

8. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттан айыруды уәкілетті орган мынадай негіздердің бірі бойынша жүргізеді:

1) оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын уәкілетті орган тоқтата тұрған себептің жойылмауы;

2) оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын соңғы он екі ай ішінде бірнеше рет (екі және одан да көп рет) тоқтата тұру;

3) оператор қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат алған кезде оператордың көрінеу жалған ақпарат беруі;

4) оператор қызметін жүзеге асыруға тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

5) операторды ерікті немесе мәжбүрлеп тарату туралы шешім.

9. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттың қолданысын тоқтату «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

10. Оператор қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған оператордың оператор қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.».

10. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-баптың 2-тармағы 2) тармақшасындағы «байланысты қатынастарға қолданылмайды.» деген сөздер «байланысты;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы операторының қызметіне және банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңының жұмыс істеуіне байланысты қатынастарға қолданылмайды.».

11. «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

13) және 16-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«13) кредиттік тарих субъектісінің келісімі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделетін, кредиттік тарих субъектісінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерге өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге арналған рұқсаты не кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан өзі туралы кредиттік есепті басқа тұлғаларға беруге арналған рұқсаты;»;

«16-1) нақты уақыт режимі – әрекет дереу немесе бір сағаттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылуға тиіс уақыт кезеңі;»;

мынадай мазмұндағы 16-2) тармақшамен толықтырылсын:

«16-2) өтініш беруші – кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат және кредиттік тарихтардың деректер базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік бюроға және үй-жайларға қойылатын талаптарға кредиттік бюроның сәйкестігі туралы актіні (бұдан әрі – рұқсат) алу мақсатында уәкілетті органға құжаттар ұсынған заңды тұлға;»;

2) 3-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерге өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімінің не кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан өзі туралы кредиттік есепті басқа тұлғаларға беруге келісімінің болуы;»;

3) 5-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру тәртібінің шарттары мен ең төмен талаптары туралы (осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер үшін);»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) ақпарат берушілер кредиттік бюроларға беретін мәліметтердің тізбесі туралы (осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер үшін);»;

1-1) тармақшадағы «1) және 1-1)» деген сөздер «1), 1-1) және 3-3)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кредиттік тарих субъектілерінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерге өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан өзі туралы кредиттік есепті басқа тұлғаларға беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы;»;

«6) кредиттік бюролардың, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілердің және осы Заңның 20-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар туралы, сондай-ақ кредиттік бюролардың осы Заңның 27-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес ақпаратты өзге берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қойылатын талаптар туралы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.»;

4) 7-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен, 5) тармақшадағы «зерттеулер жатады.» деген сөздер «зерттеулер;» деген сөзбен ауыстырылып, 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы операторының қызметі (банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы операторы қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат болған кезде);»;

«7) кредиттік тарих субъектілерін кредиттік есепті сұратқан кредиттік есептерді алушылар, кредиттік тарих субъектісінің кредиттік тарихын нақты уақыт режимінде өзгерту туралы хабардар ету жөніндегі қызметтер;

8) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілерді жеке тұлғаның банктік қарыздарды, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартуын нақты уақыт режимінде белгілегені не алып тастағаны туралы хабардар ету жөніндегі қызметтер жатады.»;

2-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2. Мемлекет қатысатын кредиттік бюро үшін кредиттік скорингті есептеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну негізгі қызмет түріне жатады және міндетті болып табылады. Осы баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасында көзделген қызметті мемлекет қатысатын кредиттік бюроның жүзеге асыруына жол берілмейді.»;

5) 7-1-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кредиттік скорингті кредиттік бюро немесе осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер өзі дербес есептейді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер кредиттік бюроның кредиттік скорингін және (немесе) өзі дербес есептеген кредиттік скорингтерді пайдалана отырып, кредиттік тарих субъектісінің кредит өтеу қабілетін бағалауды жүргізеді.

Кредиттік бюролар мен осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер кредиттік тарих субъектілеріне және өзге де үшінші тұлғаларға кредиттік скорингті есептеудің, кредиттік скорингтерді ескере отырып, тәуекелдерді бағалаудың өз әдістемелерін ашуға міндетті емес.»;

6) 16-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекет қатысатын кредиттік бюроны және (немесе) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерден кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін алғаны туралы растауды ұсынуды, сондай-ақ кредиттік тарихты қалыптастыратын толық әрі анық ақпаратты талап етуге;»;

7) 17-баптың 1-тармағының 9) және 10-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«9) осы Заңның 19-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде және 24-бабы 5-тармағының 1-1) тармақшасында көзделген, тиісті субъектінің кредиттік тарихына нақты уақыт режимінде енгізілуге тиіс ақпаратты қоспағанда, ақпарат берушіден ақпаратты алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті субъектінің кредиттік тарихына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;»;

«10-1) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 2), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерден және осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4-2), 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есептерді алушылардан өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтауды талап етуге;»;

8) 18-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) коллекторлық агенттіктер, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде және (немесе) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғамен жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын сервистік компаниялар (бұдан әрі – сервистік компаниялар), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің оныншы абзацында және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 5-тармағы бірінші бөлігінің сегізінші абзацында көрсетілген тұлғалар, егер банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) осы тұлғалар сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына бермесе, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары, қарыз (кредит) шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша құқықтар (талаптар) берілген өзге де тұлғалар;»;

«3-3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, жеке тұлғаларға қарыздар (кредиттер) және (немесе) микрокредиттер берген және солар бойынша құқықтары (талаптары) тоқтатылмаған ұйымдар;»;

9) 19-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер:»;

8) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) (кредиттік серіктестіктерді қоспағанда), 1-1) (коллекторлық агенттіктерді қоспағанда) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты берушілер үшін – осы Заңның24-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 3-2) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген, кредиттік тарих субъектісі-жеке тұлға туралы бір жұмыс күні ішінде;

осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1) (коллекторлық агенттіктерді қоспағанда) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер үшін – кредиттік тарих субъектісіне қатысты кез келген деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілер (кредиттік серіктестіктерді және ломбардтарды қоспағанда) ақпарат беру туралы шартта айқындалған тәртіппен кредиттік бюроға нақты уақыт режимінде кредиттік тарих субъектісі-жеке тұлға туралы мынадай:

жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін, банктік қарыздың, микрокредиттің сомасы мен мақсатын көрсете отырып, банктік қарыз шартын, микрокредит беру туралы шартты жасасуға өтініш бергені туралы ақпаратты беруге міндетті.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтайды.»;

10) 20-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-4) және 4-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-4) банк омбудсманы;

4-5) микроқаржы омбудсманы;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4-2), 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар кредиттік есептерді алу туралы шарт жасасқаннан кейін кредиттік есептерді алушылар ретінде кредиттік бюрода тіркелуге тиіс.»;

11) 21-бап мынадай мазмұндағы 2-2 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«2-2. Осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есепті алушылар кредиттік есептерді тегін алады.»;

«4. Осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есепті алушылар:

1) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісі туралы кредиттік есепті алуға оның келісімін алғаны туралы растауды кредиттік бюроға ұсынуға;

2) кредиттік есепті алушы ретінде тіркелу кезінде өзі ұсынған мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) кредиттік есепке қатысты құпиялылықты сақтауға және ондағы ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

4) кредиттік есепте қамтылған ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-1-бабында және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-1-бабында көзделген мақсаттар үшін ғана пайдалануға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.»;

12) 22-баптың 8) тармақшасында:

«арқылы» деген сөзден кейін «тегін» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Осы тармақшада көзделген құқық заңды тұлға болып табылатын кредиттік тарих субъектісіне қолданылмайды.»;

13) 23-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер мемлекет қатысатын кредиттік бюроға, сондай-ақ ақпарат беру туралы шарттар негізінде кредиттік тарих субъектісінің келісімі болған кезде өзге де кредиттік бюроларға ақпарат беруге міндетті.»;

14) 24-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 3-3) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер кредиттік бюроларға беретін ақпаратта:»;

мынадай мазмұндағы 3-3) тармақшамен толықтырылсын:

«3-3) жасалған күндері көрсетіле отырып, банктік қарыз шартына және (немесе) микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімді не жаңа банктік қарыз шартын және (немесе) микрокредит беру туралы шартты жасасу арқылы берешекті реттеуді жүргізу туралы және (немесе) банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы мәліметтер, сондай-ақ банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы мәліметтер;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған өзге де мәліметтер болуға тиіс.»;

1-1-тармақта:

бірінші абзацтағы «кредиттік бюроларға беретін ақпаратта, егер банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) осы тұлғалар сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына бермесе» деген сөздер «, егер банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) осы тұлғалар сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына бермесе, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары, қарыз (кредит) шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша құқықтар (талаптар) берілген өзге де тұлғалар кредиттік бюроларға беретін ақпаратта» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) жасалған күндері көрсетіле отырып, банктік қарыз шартына және (немесе) микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісім жасасу не банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот шешімін немесе нотариустың атқарушылық жазбасын орындау талаптары туралы келісім жасасу арқылы берешекті реттеуді жүргізу туралы және (немесе) банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот шешімін немесе нотариустың атқарушылық жазбасын орындау талаптарын өзгертуден бас тарту туралы мәліметтер, сондай-ақ банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы мәліметтер;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.»;

5-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Кредиттік бюроларға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы беретін ақпаратта мынадай мәліметтер:»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні, тұрғылықты жері, заңды мекенжайы, жеке басты куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғаның банктік қарыздарды, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені не алып тастағаны туралы мәліметтер;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы кредиттік бюроларға осы тармақтың бірінші бөлігінің 1-1) тармақшасында көзделген ақпаратты нақты уақыт режимінде береді.»;

6-тармақтағы «1, 2 және 5-тармақтарында» деген сөздер «2 және 5-тармақтарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 25-бапта:

1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерге кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімі және (немесе) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік бюродан өзі туралы кредиттік есепті беруге келісімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.»;

«3. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерге кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік тарихты қалыптастыру үшін кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге және (немесе) кредиттік бюродан өзі туралы кредиттік есепті беруге келісімінің болмағаны үшін, сондай-ақ оны дұрыс ресімдемегені үшін ақпарат беруші, кредиттік есепті беру туралы сұрау салған кредиттік есепті алушы не олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауапты болады.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушінің осы Заңның 24-бабы 5-тармағы бірінші бөлігінің 1-1) тармақшасында көзделген ақпаратты кредиттік бюроларға беруіне және кредиттік бюролардың осындай ақпаратты осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілерге беруіне кредиттік тарих субъектісі-жеке тұлғаның келісімі талап етілмейді.»;

16) 27-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында мемлекет қатысатын кредиттік бюромен мемлекет қатысатын кредиттік бюро мемлекеттік тіркелген және (немесе) ақпарат берушілер осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1) және 2) тармақшаларында айқындалған белгілерге сәйкес келген күннен бастап күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде ақпарат беру туралы шарттар жасасуға міндетті. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер ақпарат беру туралы шартта айқындалған мерзімдерде өзге кредиттік бюролармен ақпарат беру туралы шарт жасасуға құқылы.»;

2-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту, тоқтату және біржақты тәртіппен, оның ішінде осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда бұзу негіздері мен тәртібі, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшері;

3) мемлекет қатысатын кредиттік бюроны, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілердің кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін міндетті түрде алуы;»;

3-тармақтың 2) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту, тоқтату

19 >

1, 15-18 <

және біржақты тәртіппен, оның ішінде осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4-2), 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есептерді алушылар өздерінің қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда бұзу негіздері мен тәртібі, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшері;»;

«9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін, осы Заңның 20-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4-2), 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.»;

17) 28-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 20-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 4-4) және 4-5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар кредиттік бюрода тіркелу үшін мынадай құжаттарды:

1) кредиттік бюрода тіркеу туралы өтінішті;

2) банк немесе микроқаржы омбудсманының өкілдер кеңесінің оны сайлау туралы отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені;

3) кредиттік бюроларға сұрау салуды жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы туралы ақпаратты ұсынады. Қажет болған жағдайда көрсетілген ақпарат осындай адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.».

12. «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

10-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10-1) кредиторлар синдикатына қатысушылар – екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, «Астана» халықаралық қаржы орталығының банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері, халықаралық қаржы ұйымдары;»;

мынадай мазмұндағы 15-2) және 22) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-2) синдикатталған қарызды ұйымдастырушы – синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру туралы шартқа сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың құрамын қалыптастыру және қарыз алушымен синдикатталған қарыз шартын жасасу процесін ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және синдикатталған қарыздың қатысушысы болып табылмайтын тұлға;»;

«22) шетелдік кәсіптік ұйым – уәкілетті орган бекіткен тізбеге кіретін, қаржы нарықтарында бірыңғай қағидаларды және (немесе) стандарттарды белгілейтін халықаралық ұйым, шетелдік заңды тұлға немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйым.»;

2) 14-1-бап мынадай мазмұндағы 1-1, 2-1, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Синдикатталған қарыз шарты қарыз алушы кредиторлар синдикатының бірнеше болашақ қатысушыларымен қарыз (банктік қарыз) шарттарын жасасқаннан кейін жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайда синдикатталған қарыз шарты, егер бұрын туындаған міндеттемелерге қатысушылардың құрамы мен синдикатталған қарыз шартына қатысушылардың құрамы толығымен сәйкес келсе, аталған тұлғалардың бұрын туындаған міндеттемелерін өзгертеді, бұл ретте синдикатталған қарыз шарты кепіл шартын және (немесе) қарыз алушының міндеттемелеріне байланысты өзге де келісімді тоқтатуды немесе өзгертуді көздеуі мүмкін.»;

«2-1. Егер заңды тұлға мен осы Заңға сәйкес кредиторлар синдикатының қатысушысы (бастапқы кредитор) болуға құқылы өзге тұлға арасында екіжақты қарыз (банктік қарыз) шарты жасалса, аталған тұлғалардың қатысуымен синдикатталған қарыз шарты мынадай тәсілдердің бірімен:

1) екіжақты қарыз (банктік қарыз) шарты тараптарының үшінші тұлғамен (үшінші тұлғалармен) келісім жасасуы арқылы жасалуы мүмкін, оған сәйкес үшінші тұлға (үшінші тұлғалар) бастапқы кредитормен келісе отырып, қарыз алушыға көрсетілген келісімде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде ақша беру немесе беріп отыру міндетін қабылдайды және (немесе) кредитор тарапында бастапқы міндеттемеге кіріседі;

2) егер бұл ретте бастапқы кредитор мен жаңа кредитор немесе жаңа кредиторлар арасында қарыз беруге, оған қызмет көрсетуге және қайтаруға байланысты барлық кредиторлардың қарыз алушыға және өзге де тұлғаларға қатысты шешімдер қабылдауының және олардың міндеттерді орындауының тәртібі туралы келісім жасалса және қарыз алушы өзі қатысатын қатынастарға қатысты осы Заңның ережелерін қолдануға кез келген уақытта келісім берсе, бастапқы кредитордың екіжақты қарыз шарты бойынша талап ету құқықтарын жаңа кредиторға немесе жаңа кредиторларға беруі арқылы жасалуы мүмкін.»;

«5. Егер синдикатталған қарыз шартын жасасу күніне «Астана» халықаралық қаржы орталығының банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері және (немесе) халықаралық қаржы ұйымы қарыз алушыға синдикатталған қарыз шарты бойынша соманың кемінде үштен екісін беретін жағдайларда синдикатталған қарыз шарты шетелдік кәсіптік ұйым әзірлеген үлгілік талаптардағы синдикатталған қарыз шарты түрінде жасалуы мүмкін.

Тараптар шетелдік кәсіптік ұйым әзірлеген үлгілік талаптарда жасалған синдикатталған қарыз шартына осы синдикатталған қарыз шартында айқындалған тәртіппен және талаптарда өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

6. Кредиторлар синдикатына қатысушылардың бірі синдикатталған қарыз шартын бұзу туралы талапты мәлімдеген жағдайда осындай шарт кредиторлар синдикатының басқа қатысушыларының кемінде екеуі қалған кезде соларға қатысты өз қолданысын сақтайды.»;

3) 14-2-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Синдикатталған қарыз шартын жасасқысы келетін тұлға осы Заңға сәйкес кредиторлар синдикатының қатысушылары болуға құқылы тұлғалардың бірімен немесе осындай бірнеше тұлғалармен синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру туралы шарт жасасуға құқылы, ол бойынша синдикатталған қарызды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша әрекет ете отырып, оған белгілі бір талаптарда синдикатталған қарыз шартын жасасуға дайындалу жөніндегі қызметтер (синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы қызметтерді көрсеткені үшін сыйақы төлеуге міндеттенеді. Егер синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру туралы шартта өзгеше көзделмесе, синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер синдикатталған қарыз шартын жасасу кезінде көрсетілген болып есептеледі.

Синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру туралы шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның маңызсыз болуына алып келеді.»;

3-тармақта:

бірінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кредиторлар синдикатына қатысушылар арасындағы қатынастар және олардың бірлескен қызметін үйлестіру тәртібі кредиторлар синдикатына қатысушылар арасындағы келісіммен реттеледі.»;

«Кредиторлар синдикатына қатысушылардың біреуі немесе бірнеше қатысушысы синдикатталған қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, кредиторлар синдикатына қатысушылардың жауапкершілігі мен осы Заңның 14-1-бабы 3-тармағының талаптарын ескере отырып, синдикатталған қарыз шартын орындаумен байланысты мәселелер, оның ішінде кредиторлар синдикатына қатысушының талап ету құқықтары мен өзге де құқықтарының басқа тұлғаға ауысуы мәселесі жөнінде шешімдер қабылдау тәртібі кредиторлар синдикатына қатысушылардың арасындағы келісімде айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

«Банк-агент кредиторлар синдикатының шешімдер қабылдауы кезінде, сондай-ақ банк-агенттің кредитор ретінде өз құқықтарын жүзеге асыруы кезінде және синдикатталған қарыз шартының талаптарына сәйкес кредитор ретінде заңдық мәні бар әрекеттер жасау кезінде кредиторлар синдикатының өзге де қатысушыларымен тең әрекет етеді.

Егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе синдикатталған қарыз шарты бойынша міндеттемелердің мәнінен өзге туындамаса, банк-агенттің міндеттеріне тапсырма шарты туралы қағидалар қолданылады.»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

«Кредиторлар синдикатына қатысушының құқықтары (талаптары) басқа тұлғаға ауысқан кезде осындай тұлғаға қатысты банк-агент пен кепілді басқарушының синдикатталған қарыз шартына немесе кепілді басқару шартына сәйкес бұрын белгіленген өкілеттіктері өз күшін сақтайды.

Синдикатталған қарыз шартының негізінде кредиторлар синдикатына қатысушыға тиесілі құқықтар (талаптар) мәміле бойынша немесе заң негізінде басқа тұлғаға осы Заңда және синдикатталған қарыз шартында көзделген құқықтар мен міндеттермен, оның ішінде кредиторлар синдикатына қатысушылардың шешімдерін қабылдауға қатысу құқығымен бірге ғана ауысады.».

13. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің көлемі, оны жасау нысандары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленеді.»;

2) 20-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органнан басқа, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарын және қаржылық есептілік нысандарын әзірлеу және бекіту арқылы жүзеге асырады.».

14. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

48-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақшаның күші «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 3-2-тармағының бірінші бөлігінде, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 2-тармағы 11-2) тармақшасының бірінші бөлігінде, «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларға қолданылмайды;».

15. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1-1) тармақшаның екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) оңайлатылған іс жүргізу – аумақтық орган атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асыратын атқарушылық құжаттардың автоматтандырылған орындалуы;

5-2) оңайлатылған іс жүргізудегі қаулы – оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде қабылданатын, аумақтық орган басшысының не оның орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған процестік шешім тіркелетін аумақтық органның процестік құжаты;»;

2) мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:

«1-1-тарау. Оңайлатылған іс жүргізу

10-1-бап. Оңайлатылған іс жүргізудің ерекшеліктері

1. Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде осы Заңның 9-бабы 1-тармағының 5), 6), 11) және 13) тармақшаларында көзделген, жеке тұлғадан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі соманы өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар қабылданады.

2. Атқарушылық құжат оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде осы Заңда көзделген мерзімде орындалмаған жағдайда, осы Заңның 138-бабының 1-тармағына сәйкес орындалады.

3. Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде борышкер атқарушылық құжаттың талаптарын оңайлатылған тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

Бас тартылған жағдайда атқарушылық құжат сот орындаушысына орындауға беріледі.

4. Оңайлатылған іс жүргізу бойынша шығарылған қаулы сот орындаушысының қаулысымен тепе-тең мәнде болады.

5. Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

10-2-бап. Атқарушылық құжатты оңайлатылған іс жүргізуге қабылдау

1. Электрондық нысанда келіп түскен атқарушылық құжаттың негізінде аумақтық орган осы Заңның 11-бабы 1-1-тармағының талаптарын сақтай отырып, атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы оңайлатылған іс жүргізуді дереу қозғайды, ол жөнінде қаулы шығарылады және борышкер тиісті түрде хабардар етіледі.

2. Атқарушылық құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі үшін атқарушылық құжатты берген орган жауапты болады.

10-3-бап. Оңайлатылған іс жүргізудегі мәжбүрлеп орындату шаралары

Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде осы Заңның 32-бабы 2-тармағының 1-1) және 3) тармақшаларында және 36-бабында көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданады.

Борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшалай сомаларынан өндіріп алу атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған аумақтық органның инкассолық өкімі негізінде жүзеге асырылады.

10-4-бап. Оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттарды орындау мерзімдері

Оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжатты орындау оңайлатылған іс жүргізу қозғалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуға тиіс.

Борышкердің оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық құжаттың талаптарын орындамауы атқарушылық құжатты уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жеке сот орындаушысына беруге негіз болып табылады.

10-5-бап. Оңайлатылған іс жүргізуді тоқтатудың негіздері мен салдары

1. Оңайлатылған іс жүргізу, егер:

1) атқарушылық құжаттың талабы толық көлемде орындалса;

2) тиісті органның атқарушылық құжатты беруге негіз болған шешімінің күші жойылса, тоқтатылады.

2. Оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда аумақтық орган атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде дереу қаулы шығарады.

3. Тоқтатылған оңайлатылған іс жүргізуді оңайлатылған тәртіппен қайта бастауға болмайды.

4. Оңайлатылған іс жүргізуді тоқтатумен бір мезгілде оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар автоматты түрде жойылады.

5. Оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылған жағдайда, орындалмаған инкассолық өкімдер атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде автоматты түрде кері қайтарып алынады.

10-6-бап. Атқарушылық құжатты оңайлатылған іс жүргізуден жеке сот орындаушысына берудің негіздері мен салдары

1. Егер:

1) осы Заңның 10-4-бабында көзделген мерзім өтсе;

2) борышкер оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттың талаптарын орындаудан бас тартса, атқарушылық құжат оңайлатылған іс жүргізуден жеке сот орындаушысына беріледі.

2. Берілген оңайлатылған іс жүргізуді оңайлатылған тәртіппен қайта бастауға болмайды.

3. Атқарушылық құжат оңайлатылған іс жүргізуден жеке сот орындаушысына берілген жағдайда, оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қабылданған шаралардың күші жойылуға жатпайды.

4. Оңайлатылған іс жүргізу берілген жағдайда, шығарылған инкассолық өкімдер атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде автоматты түрде кері қайтарып алынады.

10-7-бап. Оңайлатылған іс жүргізудегі шешімге шағымдану

Өндіріп алушы немесе борышкер оңайлатылған іс жүргізудегі қаулыға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.»;

3) 32-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде осы баптың 2-тармағының 1-1) тармақшасы бойынша атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау санкциясыз жүзеге асырылады.»;

4) 42-тармақтың бірінші бөлігінің 6-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары бар және оларды тәрбиелеп отырған және (немесе) тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасылар Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайынан «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 3-1-тармағына сәйкес жылыту маусымы кезеңінде мәжбүрлеп шығарылған;»;

5) 47-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

«5-2) соттан тыс банкроттық рәсімі аяқталса және борышкер «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторларға қатысты банкрот деп танылса;»;

6) 58-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшалай сомаларынан өндіріп алуды атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы аумақтық орган немесе сот орындаушысы инкассолық өкім шығару арқылы жүзеге асырады. Инкассолық өкім қағаз жеткізгіште жіберілген кезде инкассолық өкімге атқарушылық құжаттардың жеке сот орындаушысының не аумақтық бөлімнің мөрімен расталған көшірмелері қоса беріледі. Атқарушылық құжат көшірмесінің анықтығы үшін жеке сот орындаушысы, аумақтық бөлімнің басшысы – аға сот орындаушысы жауапты болады.»;

7) 167-баптың 11) тармақшасы оныншы абзацындағы «тәртібін әзірлейді және бекітеді.» деген сөздер «тәртібін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;».

16. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«19) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға бекітіліп берілген мүлікті қоспағанда, өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мүлікке құқықтарын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікті және стратегиялық объектілерді жекешелендіру мен мемлекеттік мониторинг жүргізу саласындағы басшылықты өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган өз балансында тұрған, өзіне бекітіліп берілген мүлікке Қазақстан Республикасының атынан иелік ету, оны пайдалану және билік ету құқықтарын дербес жүзеге асырады, өзіне бекітіліп берілген мүлікке қатысты жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерді қабылдайды.».

17. «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы – сауда-саттық өткізу үшін қатысушыларға инфрақұрылымды қамтамасыз ететін, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылатын интернет-ресурс;»;

«7-2) тұтынушылық микрокредит – жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит болып табылмайтын, жеке тұлғаға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін микрокредит;»;

2) 3-бапта:

1-2-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) заңды тұлғаларға ақшалай нысанда орындауды көздейтін кепілдіктерді, кепілгерліктерді және өзге де міндеттемелерді беру.»;

3-2-тармақта:

«Адам» деген сөз «Жеке тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«электрондық үкімет» веб-порталы арқылы» деген сөздер «кредиттік бюрода не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тегін» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3-3. Микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін алған жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде микроқаржы ұйымының оған микрокредиттер беруіне тыйым салынады.

Бұл тыйым ломбардтың микрокредит беруі жағдайларына қолданылмайды.

Микроқаржы ұйымының жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз микрокредиттер беруіне тыйым салынады, келісімді алу тәртібі және келісім қажет болатын микрокредиттің ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Жеке тұлғаның микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде оған микрокредит беруге тыйым салу жеке тұлғаның микрокредиті бойынша берешегін өтеу мақсатында микрокредит беру жағдайларына қолданылмайды.

Микроқаржы ұйымы клиент-жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) келісімінсіз микрокредит берген жағдайда, микроқаржы ұйымы жеке тұлғадан осындай микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауды талап етуге құқылы емес.

Микроқаржы ұйымы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген, жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) келісімінсіз микрокредит беру фактісі анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай шараларды қабылдайды:

клиенттің осындай микрокредит бойынша берешегін есептен шығару туралы шешім қабылдайды;

клиенттің осындай микрокредит бойынша берешегін өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтатады;

осындай микрокредит бойынша ақпарат туралы жазбаларды жою арқылы клиенттің кредиттік бюролардағы кредиттік тарихына түзетулер енгізеді;

осындай микрокредит бойынша сыйақының және (немесе) тұрақсыздық айыбының бұрын ұсталған (төленген) сомаларын клиентке қайтаруды жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 3-4 және 3-5-тармақтармен толықтырылсын:

«3-4. Микрокредит беру құпиясын құрайтын ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізілгені, оның құқыққа сыйымсыз өзгертілгені, үшінші тұлғалар тарапынан құқыққа сыйымсыз әрекеттердің не жеке тұлғалардың микрокредиттерімен өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттердің жүзеге асырылғаны анықталған кезден бастап микроқаржы ұйымы екі жұмыс күні ішінде осындай әрекеттердің себептері мен салдарын жою үшін шаралар қабылдайды, сондай-ақ бұл туралы клиентке және уәкілетті органға бір жұмыс күні ішінде хабар береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес құқық қорғау органдары енгізген (шығарған) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі шараларды қабылдау туралы ұсынымның не қарыз алушы-жеке тұлғаны жәбірленуші деп тану туралы қаулының негізінде микроқаржы ұйымы күнтізбелік үш күннен кешіктірмей:

клиенттің осындай микрокредиті бойынша берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтата тұрады;

клиенттің осындай микрокредиті бойынша сыйақы және (немесе) тұрақсыздық айыбын есепке жазуды тоқтата тұрады.

Микроқаржы ұйымы клиенттің қатысуынсыз алаяқтық тәсілмен микрокредитті ресімдеу фактісі анықталған заңды күшіне енген сот актісін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, клиенттің микрокредит бойынша берешегін есептен шығару туралы шешімді, сондай-ақ осындай микрокредит бойынша бұрын ұсталған (төленген) сомаларды клиентке қайтару жөніндегі шараларды қабылдайды.

3-5. Микроқаржы ұйымының жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіруді жүргізбей онымен интернет арқылы микрокредит беру туралы шарт жасасуына тыйым салынады, оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

6-тармақта:

екінші бөлік үшінші абзацындағы «өзгерту қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту деп түсініледі.» деген сөздер «өзгерту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«микрокредит бойынша сыйақыны есепке жазбай, қарыз алушының мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш пен есепке жазылған сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту деп түсініледі.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қарыз алушы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде, микроқаржы ұйымы қолданған жақсарту талаптарынан микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен бас тартуға құқылы.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Микроқаржы ұйымы банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу арқылы мынадай мүлікті:

бұрын микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылған, оған өндіріп алуды қолдану нәтижесінде микроқаржы ұйымының меншігіне өткен кепіл мүлкін;

микроқаржы ұйымының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін алуы нәтижесінде микроқаржы ұйымының меншігіне түскен мүлікті өткізуге міндетті.

Микроқаржы ұйымының меншігіндегі жер учаскесін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мүлікті микроқаржы ұйымы микроқаржы ұйымының меншігіне өткен күннен бастап үш жыл ішінде өткізуге тиіс. Жер учаскесін өткізу мерзімі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып айқындалады.

Осы тармақта белгіленген талаптар ломбардтарға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мүлік сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген, банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу қағидаларына сәйкес тікелей атаулы сату арқылы өткізілуі мүмкін.»;

3) 4-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Микроқаржы ұйымы сомасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келмейтін тұтынушылық микрокредитті беруге құқылы емес.

Осы тармақта белгіленген талаптар ломбард немесе кредиттік серіктестік жасасатын микрокредит беру туралы шарттарға қолданылмайды.»;

3-1-тармақ алып тасталсын;

4) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.»;

5) 6-бапта:

1-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақта белгіленген талаптар ломбард жасасатын микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды.»;

3-тармақтағы «Осы Заңның 4-бабы 3-1-тармағының талаптарымен жасалған шартты қоспағанда, жеке» деген сөздер «Жеке» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 7-бапта:

2-тармақта:

4) тармақшаның үшінші бөлігі алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) қарыз алушыға (өтініш берушіге) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы ақпарат беруге;»;

мынадай мазмұндағы 11-2) тармақшамен толықтырылсын:

«11-2) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге микрокредит беру туралы шарт бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен микрокредит бойынша сыйақыны есепке жазбай, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда микрокредиттің болуы не болмауы, ол бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен микроқаржы ұйымдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;»;

3-тармақта:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредитті беруге құқылы емес.

Осы тармақшада белгіленген талап жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарызын және (немесе) микрокредитін өтеу мақсатында сыйақы мөлшерлемесін және (немесе) мерзімді төлемдер мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуді және

20 >

1, 15-19 <

(немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуді немесе толық жоюды көздейтін жақсарту талаптарында берілетін микрокредиттерге, сондай-ақ ломбардтардың міндетті тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлікті кепілге қойып беретін микрокредиттеріне қолданылмайды;»;

5) тармақшадағы «талап етуге құқылы емес.» деген сөздер «талап етуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушыдан борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттарды жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға;

7) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық әрекеттер жасау үшін жүгінуге;

8) жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін талаптармен ұлғайтуға құқылы емес.»;

7) 9-баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасы алып тасталсын;

8) 9-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру тәртібі»;

1, 2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінің сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қарыз алушы-жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит беру туралы шарт бойынша, қарыз алушы-заңды тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарға (талаптарға) қатысты, егер көрсетілген микрокредиттер бойынша басқаға беру күніне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері болса, өзге тұлғаға беруді қоспағанда, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруді жүргізуге тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Басқаға беру күнінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері бар микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді микроқаржы ұйымы мынадай талаптарды сақтай отырып жүзеге асырады:

1) құқықтарды (талаптарды) осы баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген тұлғаларға беруді қоспағанда, пайдасына микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілетін тұлға банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңында микроқаржы ұйымы өткізетін осы құқықтарға (талаптарға) қатысты сауда-саттық нәтижелері бойынша айқындалады;

2) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру осы баптың 5-тармағында белгіленген шектеулер мен қағидалар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Осы тармақта белгіленген талаптар ломбардтарға қолданылмайды.

5-2. Осы Заңның 9-2-бабы 5-тармағының 2-1) тармақшасының талаптарын сақтамай, жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беруге тыйым салынады.»;

8-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) басқаға беру шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаны микрокредитті беру туралы көрсетілген шарт бойынша кредитордың құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні (берілетіні) туралы микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ микроқаржы ұйымына «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы клиент-жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы хабардар етуге;»;

2) тармақшадағы «не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен» деген сөздер «тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшаның бірінші бөлігінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қарыз алушы-заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын, қарыз алушы-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;»;

9) 9-2-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы қарыз алушыны:»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаның осы баптың 2-тармағында көзделген өтінішпен микроқаржы ұйымына жүгіну құқығы;»;

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы.»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаға мынадай шешімдердің бірі туралы:

1) микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

2) микрокредит беру туралы шарт талаптарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныс туралы;

3) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлайды.

Қарыз алушы-жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде микроқаржы ұйымы микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

Микроқаржы ұйымының осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген шешімі алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымы мен қарыз алушы-жеке тұлға арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеуі микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Бұл мерзім екі тараптың келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

4. Қарыз алушы-жеке тұлға микроқаржы ұйымының осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге осы баптың 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзімде қол жеткізбеген кезде бір мезгілде микроқаржы ұйымын хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Микроқаржы омбудсманы қарыз алушы-жеке тұлғаның жолданымын оның микроқаржы ұйымына жүгінуінің және микроқаржы ұйымымен микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеудің дәлелдері ұсынылған кезде қарайды.

Микроқаржы омбудсманы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын қарыз алушы-жеке тұлғаның тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредитті беру туралы шарт бойынша жолданымын қараған кезеңде кепілге қойылған мүлікке сотқа талап қоюды беру арқылы не соттан тыс тәртіппен өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.»;

5-тармақта:

2) тармақша мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Микроқаржы ұйымы берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы қарыз алушыны коллекторлық агенттіктің атауын, тұрған жерін, коллекторлық агенттіктің борышкерлермен байланысуға арналған телефон нөмірлерін көрсете отырып, микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар етеді;»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) қарыз алушыда:

жеке тұлғаның жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарты бойынша – қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күннен асатын;

жеке тұлғаның микрокредит беру туралы өзге де шарттары бойынша – қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асатын ақшалай міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу болған кезде осы Заңның 9-1-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып беруге құқылы.

Қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредитті беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) коллекторлық агенттікке беруге мерзімі өткен берешек пайда болған кезден бастап жиырма төрт ай өткен соң және осы Заңның 3-бабының 6-тармағында және (немесе) осы баптың 2-тармағында көзделген және қарыз алушы микрокредит бойынша берешегін өтей алатын, тараптар үшін өзара қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер жүргізілген кезде жол беріледі. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) толық күшін жою міндетті болып табылады.

Осы тармақшаның ережелері қарыз алушы-Қазақстан Республикасының азаматына қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдері қолданылған жағдайларға қолданылмайды;»;

мынадай мазмұндағы 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді микроқаржы ұйымына коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания көрсететін жағдайларды қоспағанда, микроқаржы ұйымының мұндай көрсетілетін қызметтерді үшінші тұлғалардан алуына тыйым салынады.

7. Микроқаржы ұйымының коллекторлық агенттікпен берешегі тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға қатысты берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау туралы шарт жасасуына жол берілмейді.

8. Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейін өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде микроқаржы ұйымы:

сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге;

берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.»;

10) 14-1-бапта:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін;»;

3) тармақшадағы «көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша хабардар етуге міндетті.» деген сөздер «көшірмесін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) филиалдың үй-жайы орналасқан мекенжай көрсетілген филиалдың үй-жайлары туралы мәліметтерді (бар болса) қоса бере отырып, жазбаша хабардар етуге міндетті.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Уәкілетті орган осы баптың 2, 3, 4, 5 және 7-тармақтарының талаптары орындалмаған жағдайда микроқаржы ұйымының филиалын не үй-жайын немесе өкілдігін жабуды талап етеді.»;

11) 21-бапта:

3 және 5-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Микрокредит беру құпиясы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша қарыз алушыға, қарыз алушының жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы берген келісімі негізінде үшінші тұлғаға, кредиттік бюроға, сондай-ақ осы баптың 4, 5, 5-1 және 6-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.»;

«5-1. Микрокредит беру құпиясы микроқаржы омбудсманына өзінің қарауында жатқан, қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы, оның ішінде құқықтар (талаптар) осы Заңның 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаға берілген шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жолданымдары бойынша ашылуы мүмкін.»;

6-тармақтың 3) тармақшасындағы «берешекті өндіріп алу туралы» деген сөздер «, нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөніндегі қызметтерді көрсету болып табылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 26-бап 5) тармақшасындағы «коэффициенті кіреді.» деген сөздер «коэффициенті;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициенті;

7) қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициенті кіреді.»;

13) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

«4-1-тарау. Микроқаржы омбудсманы

29-1-бап. Микроқаржы омбудсманы, оның мәртебесі, оны сайлау тәртібі және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату. Микроқаржы омбудсманының өкілдер кеңесі, оның құзыреті

1. Жеке тұлғаның және микроқаржы ұйымының құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда микроқаржы ұйымы мен жеке тұлға арасында жасалған микрокредит беру туралы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді оның жүгінуі бойынша реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға микроқаржы омбудсманы болып табылады.

Микроқаржы омбудсманы өз қызметінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) тараптардың теңқұқықтылығы;

2) бейтараптық;

3) микрокредит беру құпиясын және өзге де заңмен қорғалатын құпияны сақтау;

4) тараптардың құқықтарын сақтау және заңмен қорғалатын мүдделерін құрметтеу;

5) шешім қабылдау рәсімінің айқындылығы мен шешімнің негізділігі.

2. Микроқаржы омбудсманы жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы және осындай қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға арасында туындайтын келіспеушіліктерді қарыз алушының жүгінуі негізінде реттеуді жүзеге асырады.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға өзі микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін сатып алған қарыз алушы жүгінген кезде микроқаржы омбудсманымен өзара іс-қимыл жасасуға және микроқаржы омбудсманы микрокредитке байланысты сұратқан кез келген ақпарат пен мәліметтерді беруге міндетті.

3. Өкілдер кеңесі осы Заңның 29-2-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан уәкілетті орган келіскен кандидаттар арасынан микроқаржы омбудсманын сайлауды жүзеге асырады.

Өкілдер кеңесі:

1) әділет органдарында тіркелген және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын іске асыруға және қорғауға бағытталған қызметті жүзеге асыратын тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің қауымдастығы (одағы) және (немесе) тұтынушылардың республикалық қоғамдық бірлестігі болған жағдайда, олардан;

2) әділет органдарында тіркелген және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, коллекторлық агенттіктердің ортақ мүдделерін білдіруге және қорғауға бағытталған қызметті жүзеге асыратын қаржы ұйымдарының қауымдастығынан (одағынан);

3) уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бір-бір өкілден қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген қауымдастықтар (одақтар) әділет органдарында тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіруге міндетті.

4. Микроқаржы омбудсманы үш жыл мерзімге сайланады.

Микроқаржы омбудсманын сайлау, оның қызметін мерзімінен бұрын тоқтату және жүзеге асыру тәртібі осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

5. Өкілдер кеңесінің құзыреті:

1) микроқаржы омбудсманы лауазымына сайлау үшін кандидатуралар ұсыну, дауыс беру тәртібін айқындау;

2) құрылымы мен штатын (микроқаржы омбудсманының офисін) бекіту;

3) микроқаржы омбудсманының қызметін қаржыландыру тәртібін айқындау;

4) уәкілетті органмен келісу бойынша микроқаржы омбудсманының ішкі қағидаларын бекіту;

5) уәкілетті орган жүргізген, микроқаржы омбудсманының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарыз алушы-жеке тұлғалардың шағымдарына талдау жасау және микроқаржы омбудсманының есептерін қарау қорытындылары бойынша микроқаржы омбудсманына оның қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру;

6) өкілдер кеңесі мүшесінің (мүшелерінің) осы баптың 7-тармағында көзделген негіздер бойынша микроқаржы омбудсманының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішхатын қарау;

7) микроқаржы омбудсманының шешімдерін есепке алу, қарау, қабылдау және орындау тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

8) осы Заңға сәйкес, микроқаржы омбудсманының қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге де мәселелер.

6. Егер өкілдер кеңесінің отырысына қатысқан өкілдер кеңесінің мүшелері жиынтығында жалпы дауыс санының елу және одан да көп пайызын иеленсе, осы отырыс – заңды, ал кворум талаптары сақталды деп танылады.

Микроқаржы омбудсманы кеңес отырысына қатысқан өкілдер кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Өкілдер кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған кезде уәкілетті орган өкілінің дауысы шешуші болып табылады.

Микроқаржы омбудсманын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылады. Дауыс беруге арналған бюллетеньде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) микроқаржы омбудсманы лауазымына сайлау үшін ұсынылған кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) кандидаттың осы Заңның 29-2-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын ақпарат;

3) кандидаттың микроқаржы ұйымында және (немесе) коллекторлық агенттікте, уәкілетті органда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қызмет атқаруы туралы, микроқаржы ұйымына және (немесе) коллекторлық агенттікке үлестес болу белгілерінің болуы-болмауы туралы, уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымында жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары туралы мәліметтер;

4) мәселе бойынша «жақтаймын» немесе «қарсымын» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары.

7. Микроқаржы омбудсманының өкілдер кеңесі микроқаржы омбудсманының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды мынадай негіздер бойынша жүзеге асырады:

1) микроқаржы омбудсманының осы Заңның 29-2-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сай келмеуінің анықталуы;

2) микроқаржы ұйымында, коллекторлық агенттікте, уәкілетті органда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде кез келген қызметті атқару, микроқаржы омбудсманының микроқаржы ұйымымен және (немесе) коллекторлық агенттікпен үлестес болу белгілерінің болуы, жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымын атқаруы;

3) осы Заңның және микроқаржы омбудсманының ішкі қағидаларының талаптарын бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзу.

Микроқаржы омбудсманының өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату өкілдер кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Өкілдер кеңесіне жазбаша хабарлама микроқаржы омбудсманының ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен өкілеттігі тоқтатылғанға дейін кемінде бір ай бұрын ұсынылады.

29-2-бап. Микроқаржы омбудсманына қойылатын талаптар

1. Мынадай:

1) жоғары экономикалық және (немесе) заң білімі жоқ;

2) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

3) қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну және (немесе) қаржылық көрсетілетін қызметтерді реттеу саласындағы жұмыс өтілі бес жылдан аз;

4) уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басшы қызметкері болған адам микроқаржы омбудсманы ретінде сайлау үшін ұсынылмайды. Осы талап уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жыл бойы қолданылады;

5) сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

6) психикалық мінез-құлқының, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған бұзылушылығы (аурулары) бойынша психикалық денсаулық сақтау қызметі ұйымдарында динамикалық байқауда тұрған адам микроқаржы омбудсманы ретінде сайлау үшін ұсынылмайды.

2. Микроқаржы омбудсманы микроқаржы ұйымында және (немесе) коллекторлық агенттікте кез келген лауазымды атқаруға, уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымында жұмыс істейтін жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының болуына құқылы емес.

29-3-бап. Микроқаржы омбудсманының шешімдер қабылдау тәртібі

1. Микроқаржы омбудсманы шешімді жеке-дара қабылдайды және оны дауға қатысушы тараптардың назарына жазбаша нысанда жеткізеді.

Микроқаржы омбудсманы шешімдер қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және жасалған шарттардың талаптарын басшылыққа алады.

2. Микроқаржы омбудсманы мынадай:

1) сот қарауға қабылдаған және (немесе) олар бойынша заңды күшіне енген сот актісі бар;

2) жүгінуші адам микрокредит беру туралы шарт шеңберінде туындаған жағдайды реттеу мақсатында өзінің микроқаржы ұйымына, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаға жүгінуінің жазбаша дәлелдемесін ұсынбаған;

3) істің жаңа мән-жайлары болмаған кезде қайтадан жіберілген жолданымдарды қарамайды.

3. Микроқаржы омбудсманының шешімін қарыз алушы-жеке тұлға қабылдаған жағдайда ол микроқаржы ұйымы, қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға үшін міндетті болады.

Микроқаржы омбудсманы осы Заңның 29-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларда жеке тұлғалардың жолданымдарын қарауды және шешімдер қабылдауды өтеусіз жүзеге асырады.

Жолданымды қарау нәтижелері мүдделі тараптар немесе олардың өкілдері қол қоятын хаттамамен ресімделіп, жеке тұлғаның және микроқаржы ұйымының, қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның назарына жеткізіледі.

Хаттамада мыналар қамтылуға тиіс:

1) қол қойылған күні мен орны;

2) микроқаржы омбудсманының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) өтініш беруші-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефонының нөмірі, микроқаржы ұйымының, қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның атауы, олардың мекенжайлары мен деректемелері;

4) даудың нысанасы немесе жеке тұлғаның мәлімделген талабы;

5) микроқаржы омбудсманы анықтаған істің мән-жайлары;

6) микроқаржы омбудсманының өтініш беруші-жеке тұлғаның өтінішін толық не ішінара қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімі;

7) микроқаржы омбудсманының шешімін орындау мерзімі;

8) микроқаржы ұйымының, қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның шешімді орындау нәтижелері туралы хабар беру мерзімі.

4. Қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттар жөніндегі міндеттемелерді орындау талаптарын өзгертуге қатысты жолданымдары бойынша микроқаржы омбудсманы тараптардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуіне және микрокредит беру туралы шарт жөніндегі міндеттемелерді орындау талаптарын өзгерту туралы тараптар келіскен шешімнің қабылдануына жәрдемдеседі.

Микроқаржы омбудсманының шешімімен келіспеген жағдайда мүдделі тарап сотқа жүгінуге құқылы.

5. Микроқаржы ұйымы, қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға микроқаржы омбудсманының шешімін ол белгілеген мерзімде орындамаған жағдайда микроқаржы омбудсманы бұл туралы уәкілетті органға бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беруге міндетті.

Егер тараптардың келісімі бойынша өзге мерзім белгіленбесе, микроқаржы ұйымының, қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның микроқаржы омбудсманының шешімін орындау мерзімі күнтізбелік отыз күнді құрайды.

29-4-бап. Микроқаржы омбудсманының қызметі

1. Микроқаржы омбудсманының қызметі, оның ішінде дауларды шешу бойынша жолданымдарды қарау және шешімдер қабылдау тәртібі мен мерзімдері микроқаржы омбудсманының ішкі қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

2. Жүктелген функцияларды тиісінше орындау мақсатында микроқаржы омбудсманының қызметі микроқаржы ұйымдарының, қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген коллекторлық агенттіктердің міндетті жарналары есебінен қаржыландырылады.

Міндетті жарналар төленбеген, уақтылы төленбеген не толық көлемде төленбеген жағдайда микроқаржы омбудсманы жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті органды микроқаржы ұйымының, қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген коллекторлық агенттіктің осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы хабардар етуге міндетті.

3. Микроқаржы омбудсманы өкілдер кеңесімен келісу бойынша ұйымдық құрылымы мен штаты бар офис құрады.

4. Микроқаржы омбудсманының ішкі қағидаларында:

1) ревизиялық комиссияның және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың (бар болса) құрылымы, міндеттері мен өкілеттіктері;

2) микроқаржы омбудсманының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;

3) дауларды шешу тәртібі;

4) микроқаржы омбудсманының қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге де мәселелер айқындалуға тиіс.

5. Микроқаржы омбудсманы дауларды шешу барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті.

Микроқаржы омбудсманы өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Микроқаржы омбудсманы осы баптың 1-тармағында және осы тармақта көзделген талаптарды орындамаған жағдайда өкілдер кеңесі оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

6. Микроқаржы омбудсманының интернет-ресурсында мынадай ақпарат орналастырылады:

1) офистің, оның ішінде бөлімшелер мен өкілдіктердің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі;

2) микроқаржы омбудсманын сайлау туралы мәліметтер;

3) микроқаржы омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін қауымдастықтардың (одақтардың) тізбесі;

4) микроқаржы омбудсманы ұсынатын көрсетілетін қызмет түрлері туралы мәліметтер;

5) микроқаржы омбудсманының шешімдерін есепке алу, қарау, қабылдау және орындау тәртібі;

6) микроқаржы омбудсманы жұмысының қорытындылары туралы ай сайынғы ақпарат;

7) микроқаржы омбудсманы қызметінің қорытындылары туралы жылдық есептер;

8) қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға арналған, ақпараттық және түсіндірме материалдары мен сот практикасының материалдары жарияланатын бөлім;

9) микроқаржы нарығына қатысушылармен жасалған келісімдер мен меморандумдардың тізбесі.

7. Микроқаржы омбудсманы тұрған жері өзгерген жағдайда бұл туралы қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде бір ай мерзімнен кешіктірмей және микроқаржы омбудсманының интернет-ресурсында он жұмыс күні ішінде хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға міндетті.

8. Микроқаржы омбудсманы өкілдер кеңесінің шешімі бойынша:

1) қарыз алушы-жеке тұлғалардың жолданымдарын есепке алуды автоматтандыру және өңдеу бойынша арнайы бағдарламалық қамтылымның қолданылуын;

21 >

1, 15-20 <

2) қарыз алушы-жеке тұлғаларға консультациялық қызметтер көрсету үшін микроқаржы омбудсманының офисінде колл-орталықтың не жедел желінің ендірілуін;

3) келіспеушіліктерді реттеу мақсатында шарт негізінде кредиттік бюроның ақпараттық базасынан қарыз алушы-жеке тұлғаның кредиттік есебін жедел алуды қамтамасыз етуге тиіс.

Микроқаржы омбудсманы қарыз алушы-жеке тұлғалардың жолданымдарына талдау жасау нәтижелері бойынша уәкілетті органға Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасын, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарының және (немесе) коллекторлық агенттіктердің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды жіберуге құқылы.

9. Уәкілетті орган:

1) микроқаржы омбудсманының ішкі қағидаларын келісуді жүзеге асырады;

2) қарыз алушы-жеке тұлғалардың микроқаржы омбудсманының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарын қарайды;

3) өкілдер кеңесіне микроқаржы омбудсманының әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын бұзушылық анықталған жағдайларда микроқаржы омбудсманының қызметі туралы ұсынымдарды жібереді;

4) осы Заңға сәйкес микроқаржы омбудсманының қызметіне байланысты өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

18. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-қосымшаның 1-сыныбы мынадай мазмұндағы 87-16-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 87-16. | Банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңының операторы қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат беру | Банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңының операторы қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат | Иеліктен шығарылмайтын |

».

19. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 8) және 8-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік аудитор – мемлекеттік аудитті және (немесе) қаржылық бақылауды жүзеге асыратын, мемлекеттік аудитор сертификаты бар мемлекеттік қызметші;

8-1) мемлекеттік аудитордың ассистенті – мемлекеттік аудитке қатысуға құқығы бар, бухгалтерлік есепке алу, қаржылық есептілік және аудиторлық қызмет саласында кәсіптік білімі бар мемлекеттік қызметші және мемлекеттік органның құзыреті шегінде өзге саладағы (қызмет аясындағы) маман;»;

2) 8-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ішкі аудит стандарттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленеді және бекітіледі.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органдағы ішкі аудит стандарттарын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.»;

3) 10-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтері;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі аудит қызметінің жұмысын ұйымдастыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі ішкі аудит Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органдағы ішкі аудит ішкі аудит стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Ішкі аудит қызметінің жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

4) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жоғары аудиторлық палата республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді.»;

5) 14-баптың 1) және 1-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігіне, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілігіне және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жыл сайынғы аудит жүргізеді;

1-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігіне, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілігіне және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне жыл сайынғы аудит жүргізуге қатысу үшін орталық мемлекеттік органның бірінші басшысымен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімімен келісу бойынша ішкі аудит қызметін тартады;»;

6) 15-баптың бірінші бөлігінде:

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері үшін – мемлекеттік органда, оның ведомстволарында, аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарында олардың қызметінің барлық бағыттары бойынша;»;

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері үшін – мемлекеттік органда, оның ведомстволарында, аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарында;»;

5) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері үшін – мемлекеттік органда, оның ведомстволарында, аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарында;»;

7) 18-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдарда – ішкі аудит қызметі құрылған мемлекеттік органның басшысы;»;

9-тармақтың бірінші бөлігіндегі «, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын;

8) 21-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына міндеттерін орындауға жәрдем көрсетеді, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтай отырып, олардың сұрау салулары бойынша өздері жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат береді.»;

9) 35-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын;

10) 39-1-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

20. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

53-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік қызметшілерін қоспағанда, мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.».

21. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның құрылымына кіретін ұйымдар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграцияланбайтын интернет-ресурстарды, ақпараттық жүйелерді құру немесе дамыту жөніндегі, деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес мемлекеттік органдардың функцияларды іске асыруы мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау, беру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған кезде, сондай-ақ ақпараттандыру саласында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізген кезде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.»;

3) тармақша алып тасталсын;

2) 34-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру жөніндегі қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.».

22. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық басқарушы компаниялар, ұлттық компаниялар және олармен үлестес заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның ведомстволары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сатып алатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;»;

2) 2-баптың 27) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдарды және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды;».

23. «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасында төреліктерді мемлекеттік органдар, мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері және тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілер, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар, олардың еншілес және тәуелді ұйымдары, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар құра алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша берілген құқықтар (талаптар) бойынша коллекторлық агенттіктерге қолданылады.»;

2) 8-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кәмелетке толмаған адамдардың, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың мүдделері қозғалатын даулар, екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар мен олардың қарыз алушы-жеке тұлғалары арасындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша, оңалту және банкроттық туралы, табиғи монополиялар субъектілері мен олардың тұтынушылары арасындағы, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы даулар төреліктің қарауына жатпайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары қарыз алушы-жеке тұлғалармен жасалған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша берілген құқықтар (талаптар) бойынша коллекторлық агенттіктерге қолданылады.».

24. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 32-баптың 6-тармағында:

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіппен ақша жөнелтуші-жеке тұлғаның ағымдағы шотына қойылған төлем талабы оның ағымдағы шотын ондағы ақша сомасының және (немесе) ақша жөнелтуші-жеке тұлғаның банктік шотына заңды тұлғадан немесе дара кәсіпкерден түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде, төлем талабында көрсетілген барлық соманың түсуін күтпестен, тікелей дебеттеу арқылы орындалады.

Бұл ретте ақша жөнелтушінің ағымдағы шотында немесе жиынтығында жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің бір банкте ашылған ағымдағы шоттарында сақталатын ақша сомасы төлем талабын орындау кезінде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен аз болмауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Көрсетілген шектеу қарыз алушы-жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің жинақ шотындағы ақшасына қолданылмайды.»;

2) 35-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инкассолық өкімді мемлекеттік кірістер органдары, сот орындаушылары, сондай-ақ аумақтық әділет органы атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы береді.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аумақтық әділет органының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған инкассолық өкімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нормалар негізінде өндіріп алуды растайтын атқарушылық құжаттар қоса беріліп, ақша жөнелтушінің банкіне электрондық нысанда жіберіледі.»;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер атқарушылық құжаттың мәтінінде өзгеше белгіленбесе, ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қоюдың негізділігін растайтын атқарушылық құжат банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға сот орындаушысының немесе аумақтық әділет органының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған бір ғана инкассолық өкімін ұсынуға негіз болып табылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының салық берешегін өндіріп алу туралы, атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының және аумақтық әділет органының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған инкассолық өкімін орындау осындай шотқа ақша түскен күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірілмей оның түсуіне қарай жүргізіледі.»;

3) 50-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының, аумақтық әділет органының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған инкассолық өкімін кері қайтарып алу «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

4) 9-тарау мынадай мазмұндағы 54-1-баппен толықтырылсын:

«54-1-бап. Аумақтық әділет органының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған қаулысын орындау

1. Аумақтық әділет органының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған, аумақтық әділет органы басшысының немесе оның орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, банктік шоттарының нөмірлері және оларда ақшаның болуы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны және оларға тыйым салу туралы мәліметтерді талап ету туралы қаулысы банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады.

2. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттың негізінде, көрсетілген құжатты алған күннен бастап үш операциялық күн ішінде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қажетті мәліметтерді атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жіберуге міндетті.

3. Аумақтық әділет органы банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан көрсетілген мәліметтерді алып, атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға атқарушылық құжат қоса берілген инкассолық өкімді жібереді.».

25. «Коллекторлық қызмет туралы» 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Коллекторлық агенттік банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғамен жасасқан банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) сатып алған жағдайда банк омбудсманының офисіне міндетті жарналарды төлеуге міндетті.

Коллекторлық агенттік микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғамен жасасқан микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) сатып алған жағдайда микроқаржы омбудсманының офисіне міндетті жарналарды төлеуге міндетті.»;

2) 4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Коллекторлық агенттіктің «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес коллекторлық агенттіктің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуына тыйым салынады.

Коллекторлық агенттіктің «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес коллекторлық агенттіктің үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін жүгінуіне тыйым салынады.»;

3) 5-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әрбір байланыс кезінде:

коллекторлық агенттіктің атауы;

коллекторлық агенттіктің тұрған жері;

борышкермен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы;

кредитордың атауы туралы хабармен жүзеге асырылуға тиіс.

Осы тармақшада көзделмеген және коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпия болып табылмайтын өзге де ақпарат борышкерге оның талап етуі бойынша хабарланады;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Борышкердің және (немесе) оның өкілінің талап етуі бойынша коллекторлық агенттік борышкерді және (немесе) оның өкілін осы Заңның 16-бабында көзделген құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға міндетті.»;

5-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Коллекторлық агенттіктің коллекторлық қызметті жүзеге асыруы кезінде мынадай жосықсыз әрекеттерді жүзеге асыруына:»;

3), 4), 5), 6) және 6-1) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Коллекторлық агенттік жұмыскерінің борышкермен және (немесе) оның өкілімен, және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасасуы кезінде мынадай жосықсыз әрекеттерді жүзеге асыруына:

1) коллекторлық агенттік жұмыскері өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және пайда болу негіздеріне қатысты жаңылыстыруына;

2) коллекторлық агенттік жұмыскерінің анық емес тегін және (немесе) атын, және (немесе) әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), сондай-ақ жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтерді хабарлауына;

3) коллекторлық агенттік жұмыскері өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуына не осы тұлғалардың мүдделеріне мүліктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етуіне;

4) коллекторлық агенттік жұмыскері өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, сондай-ақ осы тұлғаға мүліктік және өзге де зиян келтіруге алып келетін құқыққа қайшы әрекеттер жасауына;

5) борышкерге және (немесе) оның өкіліне, және (немесе) үшінші тұлғаларға күш қолдану не олардың мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіру, қорлау, алаяқтық, жалған құжаттар жасау, бопсалау арқылы борышкерді банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мәжбүрлейтін қысым көрсетуіне тыйым салынады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы баптың 1, 2, 4-тармақтарының, 5-тармағы 1) және 9) тармақшаларының, 5-1 және 6-тармақтарының талаптары коллекторлық агенттік банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру нәтижесінде туындаған өзінің кредитор құқықтарын іске асырған кезде оған және оның жұмыскерлеріне, сондай-ақ сервистік компанияларға қолданылады.»;

8-тармақ алып тасталсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Осы баптың 1-тармағының, 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы бірінші бөлігінің төртінші және бесінші абзацтарының, 2), 3), 4) және 6) тармақшаларының, 5-1-тармағының талаптары банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша кредитордың мүдделерін білдірген кезде коллекторлық агенттіктің жұмыскерлеріне қолданылады.»;

4) 6-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бастапқы байланыс кезінде коллекторлық агенттік борышкер-жеке тұлғаға және (немесе) оның өкіліне банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен коллекторлық агенттікке олардың (оның) жүгіну құқығы туралы хабар береді.

Борышкер-жеке тұлға және (немесе) оның өкілі өздеріне (өзіне) коллекторлық агенттік хабар берген күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде коллекторлық агенттікке банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен және (немесе) коллекторлық агенттікке «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы клиент-жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы жүгінеді, онда берешектің пайда болу себептері мен мән-жайлары, кірістері мен шығыстары, отбасы құрамы (мүшелері), тұрғылықты жері, мүлкінің бар-жоғы туралы мәліметтер, борышкердің өтінішін қарау және оның банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауға өз қаражатының жеткілікті екендігін айқындау үшін кредиторға қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.»;

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кредитор борышкердің жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде банктік қарыз шартын немесе микрокредит беру туралы шартты өзгертудің ұсынылған талаптарын қарайды және коллекторлық агенттікпен борышкерге және (немесе) оның өкіліне:»;

3) тармақша «жазбаша нысанда» деген сөздерден кейін «және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы» деген сөздермен толықтырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

«6-1-бап. Коллекторлық агенттік берешек құқығын (талапты) басқаға беру нәтижесінде туындаған өзінің кредитор құқықтарын іске асырған кезде оның берешекті реттеу ерекшеліктері

1. Коллекторлық агенттік өзіне кредитор берешек бойынша, оның ішінде сот шешімі бойынша немесе нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алынған берешек бойынша құқықты (талап етуді) берген кезде борышкер-жеке тұлғаға және (немесе) оның өкіліне банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы коллекторлық агенттікке олардың (оның) жүгіну құқығы туралы хабар береді.

Коллекторлық агенттік жеке тұлғаның берешегі бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде борышкердің міндеттемесін есепке жазылған және төленбеген сыйақыны толық есептен шығару арқылы төмендетуді міндетті түрде қамтамасыз етеді.

Борышкер-жеке тұлға және (немесе) оның өкілі берешек бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру туралы өздеріне (өзіне) хабар берілген күннен кейін кез келген мерзімде коллекторлық агенттікке банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы жүгінуге құқылы, онда берешектің пайда болу себептері, кірістері мен шығыстары, отбасы құрамы (мүшелері), тұрғылықты жері, мүлкінің бар-жоғы туралы мәліметтер, оның коллекторлық агенттікке банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы жүгінуінің мән-жайларын (фактілерін) растайтын, оның ішінде:

1) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға немесе бөліп төлеуге;

2) берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуге;

3) банктік қарыз немесе микрокредит мерзімін өзгертуге;

4) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуге немесе толық алып тастауға;

5) комиссияларды және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді өзгертуге немесе толық алып тастауға;

6) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша берешекті толық не ішінара кешіруге;

7) ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімінде белгіленген мерзімдерде кепіл берушінің өзінің дербес өткізуіне;

8) міндеттемені орындаудың орнына коллекторлық агенттікке кепілге қойылған мүлікті беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;

9) сатып алушыға міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзге де мәліметтер көрсетіледі.

2. Коллекторлық агенттік борышкердің өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және борышкерге және (немесе) оның өкіліне жазбаша нысанда және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы:

1) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;

2) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныстар;

3) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы хабарлайды.

Коллекторлық агенттік мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қарыз бойынша сыйақыны есепке жазбай, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінге 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың қызметтен шығарылуы, банктік қарызының және (немесе) микрокредитінің болуы не болмауы, ол бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен коллекторлық агенттіктердің ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы беріледі.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Коллекторлық агенттіктің осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген шешімі алынған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде коллекторлық агенттік пен қарыз алушы-жеке тұлға арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеуі банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша

22 >

1, 15-21 <

міндеттемені орындау талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі.

3. Борышкер-жеке тұлға коллекторлық агенттіктің осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге осы баптың 2-тармағының бесінші бөлігінде көзделген мерзімде қол жеткізілмеген кезде бір мезгілде коллекторлық агенттікті хабардар ете отырып, банк және (немесе) микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Банк және (немесе) микроқаржы омбудсмандары борышкер-жеке тұлғаның коллекторлық агенттікке жүгінуінің және коллекторлық агенттікпен банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеудің дәлелдерін ұсынған кезде оның жолданымын қарайды.

Банк және (немесе) микроқаржы омбудсмандары «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын борышкер-жеке тұлғаның тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша жолданымын қараған кезеңде кепілге қойылған мүлікке сотқа талап қоюды беру арқылы немесе соттан тыс тәртіппен өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.»;

6) 7-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға есептік тіркеуден өту үшін уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актіде көзделген құжаттарды уәкілетті органға ұсынады.»;

7) 8-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актіде көзделген құжаттарда көрсетілуге жататын анық емес мәліметтер мен ақпарат берілген;»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға есептік тіркеуден бас тартуды алған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде осы Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес құжаттарды қайтадан ұсынуға құқылы не өзінің атауынан «коллекторлық агенттік» деген сөздерді, олардан туындайтын, оның коллекторлық қызметті жүзеге асыратынын болжайтын сөздерді алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге міндетті.»;

8) 9-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) коллекторлық агенттік және (немесе) оның борышкерлермен өзара іс-қимыл жасайтын жұмыскерлері осы Заңның 5-бабы 5-тармағының 7) және 8) тармақшаларында, 5-1-тармағында көзделген жосықсыз әрекеттердің біреуін қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет жасаған;»;

9) 11-баптың 5-тармағының екінші бөлігіндегі «банк омбудсманына» деген сөздер «банк және (немесе) микроқаржы омбудсмандарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 14-баптың 5) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кредитор «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 2-1-тармағының 3) тармақшасында және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабы 5-тармағының 2-1) тармақшасында көзделген талаптарды сақтаған жағдайда жеке тұлғаның банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарты бойынша кредитормен талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасуға;»;

«7) борышкермен жасалған банктік қарыз шартында (микрокредит беру туралы шартта) осындай талап болған кезде борышкердің тұрған жері және (немесе) байланыс деректері туралы ақпаратты үшінші тұлғалардан сұратуға;»;

11) 15-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 3-1) және 4-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) кредитор банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға берген кезде коллекторлық агенттіктердің жеке тұлғалардың берешегін реттеуі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес борышкер-жеке тұлғаның берешегін реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға;»;

«4-1) құқықты (талап етуді) коллекторлық агенттік сатып алған банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешек толық өтелгеннен кейін ұсынылған борышкердің немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өтеусіз негізде берешектің жоқ екендігі туралы анықтаманы жазбаша нысанда бір рет беруге;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) коллекторлық агенттіктің құрылтайшылары (қатысушылары), басшы қызметкерлері, борышкерлермен және (немесе) олардың өкілдерімен және (немесе) кредитормен банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайтын жұмыскерлері туралы, сондай-ақ филиалдары және (немесе) өкілдіктері туралы мәліметтер өзгерген жағдайларда уәкілетті органды осындай өзгерістер болған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге;»;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) борышкер-жеке тұлғаның және (немесе) оның өкілінің талап етуі бойынша оларды (оны) осы Заңның 16-бабында көзделген құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;»;

12) 16-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) берешекті осы Заңның 6 және 6-1-баптарында көзделген тәртіппен реттеуге;».

26. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын, бағалау қызметін реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-бапта:

1-тармақтың алтыншы абзацындағы «және 2022 жылғы 1 шілдеден бастап жасалған шарттарға қолданылатын» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) қарыз алушы-жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша осы Заңның 7-бабы 1) тармақшасының екінші абзацы және 19-тармағының төртінші абзацы қолданысқа енгізілгенге дейін төленген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұл), комиссиялар және өзге де төлемдер қайта есептелуге жатпайды.

Қарыз алушы-жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін есепке жазылған және төленбеген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұл), комиссиялар және өзге де төлемдер осы Заңның 1-бабының 7-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацына және 19-тармағының төртінші абзацына сәйкес қайта есептелуге жатады.».

27. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) соттан тыс банкроттық рәсімі – екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің алдындағы міндеттемелерді тоқтату мақсатында борышкерге қатысты соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын рәсім.

Осы тармақшада көрсетілген міндеттемелерге қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган барлық банк операцияларын жүргізуге, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиялардан айырған не микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің тізілімдерінен шығарылған, оның ішінде таратылған, таратылу сатысындағы екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін, микроқаржылық қызметті жүзеге асырған ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары, қарыз (кредит) шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша талап ету құқығы тиесілі өзге де ұйымдардың алдындағы міндеттемелер де жатады;»;

2) 5-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептеледі.

Өтеудің болмау мерзімі әрбір банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша соңғы төлем күнінен бастап есептеледі.

Егер коллекторлық агенттік төлемнің болмауының өзге мерзімін растамаған жағдайларды қоспағанда, құқықты (талапты) басқаға беру шарты бойынша коллекторлық агенттікке берілген банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша өтеудің болмау мерзімі соңғы төлем күнінен бастап құқық (талап ету) коллекторлық агенттікке берілгенге дейін есептеледі;»;

3) тармақшада:

бірінші бөліктегі «борышкерге қатысты», «рәсімдердің жүргізілуі» деген сөздер тиісінше «кредитор мен борышкердің», «рәсімдерді жүргізуі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «он сегіз» деген сөздер «он екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақшаның талаптары осы Заңның 1-бабы 11) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген міндеттемелерге қолданылмайды;»;

3) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру негіздері

1. Борышкерге тиесілі мүлік құнының оның барлық міндеттемелерінің (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) мөлшерінен асып кету фактісі және (немесе) тұрақты кірісінің болуы сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіздер болып табылады.

2. Мыналар сотқа сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіздер болып табылады:

1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көзделген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша арыз берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы.

Егер борышкер осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шартқа сай келмесе, осы тармақшаның міндеттемелер мөлшері бөлігіндегі ережесі қолданылмайды;

2) өзге кредиторлар алдында міндеттемелердің болуы;

3) осындай арыз берілген күні қатарынан он екі ай ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелерді өтеудің болмауы.

Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептеледі;

4) арыз берілген күні жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісінің болмауы;

5) борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімнің жүргізілуі.

Осы тармақшада көрсетілген, берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек пайда болған кезден бастап он екі айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет.

Осы тармақшаның талаптары осы Заңның 1-бабы 11) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген міндеттемелерге қолданылмайды.»;

4) 7-баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, кредиторды төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен жүгінгені туралы хабардар етуге;

2) егер соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде өзінің меншігіне кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік беретін мүлік түскен немесе өзінің мүліктік жағдайы өзгеше түрде өзгерген не кредитормен кредитордың алдындағы берешекті реттеу туралы келісім жасасқан жағдайда уәкілетті органға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» веб-порталы және (немесе) арнаулы мобильдік қосымша арқылы мұндай рәсімді тоқтату туралы арызбен жүгінуге;»;

5) 9-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) кредиторлар талаптары тізілімінің нысанын бекітеді;»;

13) тармақша «борышкердің» деген сөзден кейін «және банкроттың» деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақша «тағайындайды» деген сөзден кейін «және қызметтен шеттетеді» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 11-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі 2) тармақшасының үшінші абзацындағы «интернет-ресурсының веб-қосымшасына және (немесе) арнаулы мобильдік қосымшаға» деген сөздер «интернет-ресурсы және (немесе) арнаулы мобильдік қосымша арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 13-баптың екінші бөлігіндегі «интернет-ресурсының веб-қосымшасын» деген сөздер «интернет-ресурсын» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 15-бап мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Уәкілетті орган осы баптың 6-тармағында белгіленген мән-жайларды анықтаған кезде қаржы басқарушысы өкілеттіктерін орындаудан бас тартқан жағдайда оны белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан шеттетеді.

Осы тармаққа сәйкес қаржы басқарушысын шеттету оны өкілеттіктерін жүзеге асырудан шеттетуге алып келмейді және қаржы басқарушысына басқа борышкерлерге қатысты өкілеттіктер беруге кедергі келтірмейді.»;

9) 16-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» веб-порталы және (немесе) арнаулы мобильдік қосымша арқылы белгіленген нысан бойынша береді.»;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ «сәйкес келген» деген сөздерден кейін «және жұбайының (зайыбының) (бар болған жағдайда) келісімі болған» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

«сәйкес келмеген» деген сөздерден кейін «және жұбайының (зайыбының) (бар болған жағдайда) келісімі болмаған» деген сөздермен толықтырылсын;

«береді» деген сөз «жібереді» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 17-баптың 2-тармағында:

1), 2), 3) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) борышкердің осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрі бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;»;

«7) осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы борышты өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау тоқтатыла тұрады;»;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) кредитордың «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» және «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қолдануына тыйым салынады.»;

11) 18-баптың 1-тармағында:

1) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) борышкер өзінің меншігіне кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік беретінін мүліктің түсуіне немесе өзінің қаржылық және (немесе) мүліктік жағдайының өзгеруіне не кредитормен кредитордың алдындағы берешекті реттеу туралы келісім жасасуына байланысты уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы арызды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» веб-порталы және (немесе) арнаулы мобильдік қосымша арқылы берсе;»;

«4) борышкердің осы Заңның 5-бабында көрсетілген негіздерге сәйкес келмеу фактілері, оның ішінде кредитордың өтініші бойынша анықталса, тоқтатылады.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2) және 4) тармақшаларының талаптары осы Заңның 5-бабы 3-тармағының негізінде соттан тыс банкроттық рәсімін қолданған борышкерлерге қатысты болмайды.»;

12) 19-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 18-бабына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату үшін негіздер болмаған кезде «электрондық үкімет» веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап алты ай өткен соң уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарады. Шешім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша шығарылады және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылуға тиіс.

2. Борышкердің осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелері соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылған күннен бастап тоқтатылады.»;

13) 20-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мерзімі өткен берешек пайда болған кезден бастап он екі айдан асқан жағдайда осы тармақшада көзделген құжатты ұсыну талап етілмейді.»;

14) 22-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) борышкердің мүлкіне қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуы тоқтатыла тұрады;»;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) кредитордың «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» және «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қолдануына тыйым салынады.»;

15) 23-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі «қаржы басқарушысы» деген сөздерден кейін «банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы негізінде банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осы шот бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтерді беруіне келісім бере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 27-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «интернет-ресурста» деген сөздер «уәкілетті органның интернет-ресурсында» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қаржы басқарушысы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.»;

үшінші бөліктегі «енгізбегеніне» деген сөз «енгізгеніне (енгізбегеніне)» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Кредитор (кредиторлар) талаптарды мәлімдемеген жағдайда кредиторлар талаптарының тізілімі борышкер ұсынған деректерден, оның ішінде кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген мәліметтер ескеріле отырып қалыптастырылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Кредиторлар талаптарының қалыптастырылған тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларда енгізілуі мүмкін.»;

17) 30-баптың 3-тармағы 2) тармақшасындағы «мерзімдері туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.» деген сөздер «мерзімдері;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) осы Заңның 22-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген салдардың тоқтатылғаны туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.»;

18) 31-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) қаржы басқарушысының өкілеттігі тоқтатылады.»;

19) 38-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

20) 42-баптың 3-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

21) 44-бапта:

6-тармақта:

8) тармақшадағы «борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру орналастыруды тапсыру туралы нұсқаулар қамтылады.» деген сөздер «борышкердің міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту туралы хабарландыру орналастыруды тапсыру;» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) банкроттың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына салынған тыйымды алып тастау туралы нұсқаулар қамтылады.»;

7-тармақ 6) тармақшасындағы «төлеу туралы нұсқаулар қамтылады.» деген сөздер «төлеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) банкроттың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына салынған тыйымды алып тастау туралы нұсқаулар қамтылады.»;

22) 46-бапта:

4) тармақшадағы «төлемдер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері аяқталғаннан кейін банкроттың тоқтатылуға жатпайтын міндеттемелері болып табылады.» деген сөздер «түсімдер;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) сот арқылы банкроттық рәсімін жүргізген қаржы басқарушысының толық көлемде немесе оның бір бөлігінде төлемі болмаған жағдайда оның сыйақысы банкроттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері аяқталғаннан кейін тоқтатылуға жатпайтын міндеттемелері болып табылады.»;

23) 48-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Осы бапта көрсетілген қаржылық жағдайға мониторинг осы Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолданған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты жүргізілмейді.».

2-бап.

1. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағының 4) тармақшасын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағы 2) тармақшасының он бесінші – жиырмасыншы абзацтарын, 5), 6) тармақшаларын, 7) тармақшасының жиырма жетінші, жиырма сегізінші абзацтарын,8) тармақшасын, 10) тармақшасының он төртінші абзацын, 16) тармақшасын, 6-тармағының 1), 2), 4) – 7) тармақшаларын, 7, 12-тармақтарын, 15-тармағының 4) тармақшасын, 17-тармағы 6) тармақшасының он бірінші – он үшінші, он бесінші – он жетінші абзацтарын, 8) тармақшасының он екінші абзацын, 23-тармағын, 25-тармағының 2) тармақшасын;

3) 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2 және 3-тармақтарын, 4-тармағының алтыншы – тоғызыншы абзацтарын, 9-тармағының 1), 2), 3), 8), 9) және 10) тармақшаларын, 13, 16, 19, 20, 21 және 22-тармақтарын;

4) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағының 8) тармақшасын;

5) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағы 7) тармақшасының он үшінші – жиырма бесінші абзацтарын, 11-тармағының 12) тармақшасын, 17-тармағы 2) тармақшасының төртінші – он жетінші абзацтарын;

6) 2024 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағы 7) тармақшасының бесінші, сегізінші абзацтарын, 9) тармақшасының екінші – он үшінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші абзацтарын, 10) тармақшасының он бесінші – он сегізінші абзацтарын, 11-тармағы 1) тармақшасының төртінші – алтыншы абзацтарын, 4) тармақшасының төртінші, бесінші абзацтарын, 7) тармақшасының екінші абзацын, 9) тармақшасының сегізінші – оныншы абзацтарын, 14) тармақшасының жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтарын, 17-тармағы 8) тармақшасының он төртінші – он алтыншы абзацтарын, 9) тармақшасының екінші – он үшінші, жиырмасыншы, жиырма бірінші абзацтарын, 11) тармақшасының үшінші абзацын, 25-тармағы 4) тармақшасының төртінші, алтыншы, жетінші абзацтарын, 5) тармақшасының үшінші, бесінші – он сегізінші және жиырма екінші абзацтарын;

7) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағы 9) тармақшасының он алтыншы – он сегізінші абзацтарын, 12) тармақшасын, 11-тармағы 7) тармақшасының үшінші абзацын, 10), 11) тармақшаларын, 16) тармақшасының жетінші – тоғызыншы абзацтарын, 17) тармақшасын, 17-тармағының 7) тармақшасын, 9) тармақшасының он алтыншы – он сегізінші абзацтарын, 11) тармақшасының төртінші абзацын, 13) тармақшасын, 25-тармағының 1) тармақшасын, 5) тармақшасының жиырма үшінші – жиырма бесінші абзацтарын, 9) тармақшасын;

8) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11-тармағы 3) тармақшасының алтыншы абзацын, 8) тармақшасының алтыншы абзацын, 14) тармақшасының үшінші, төртінші абзацтарын;

9) 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағы 9) тармақшасының отыз екінші абзацын, 17-тармағы 9) тармақшасының жиырма алтыншы абзацын, 25-тармағы 5) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың:

1) осы Заңның 1-бабы 11-тармағының 8) тармақшасы бесінші абзацының қолданысы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«1-1) коллекторлық агенттіктер, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде және (немесе) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғамен жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын сервистік компаниялар (бұдан әрі – сервистік компаниялар), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің оныншы абзацында және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 5-тармағы бірінші бөлігінің сегізінші абзацында көрсетілген тұлғалар, егер банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) осы тұлғалар сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына бермесе;»;

2) 2026 жылғы 1 мамырға дейін осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 10) тармақшасы он төртінші абзацының және 17-тармағының 8) тармақшасы он екінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзацтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«4-2. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беруді жүргізуіне тыйым салынады.»;

«5-2. Микроқаржы ұйымының жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредитті беру туралы шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беруді жүргізуіне тыйым салынады.».

3. Мыналардың:

1) осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 7) тармақшасы төртінші, оныншы, он бірінші, он екінші абзацтарының, 17-тармағының 2) тармақшасы жиырма жетінші абзацының, 6) тармақшасы жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарының, 25-тармағының 5) тармақшасы он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші абзацтарының күші бұрын жасалған шарттардан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады;

2) осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 7) тармақшасы отыз бірінші – отыз бесінші абзацтарының және 17-тармағының 2) тармақшасы он тоғызыншы – жиырма үшінші абзацтарының күші осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін сот актілері заңды күшіне енген құқықтық қатынастарға қолданылады;

3) осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 9) тармақшасы отыз екінші абзацының және 17-тармағының 9) тармақшасы жиырма алтыншы абзацының күші бұрын жасалған шарттардан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленсін.

2026 жылғы 1 мамырға дейін қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беру мақсаттары үшін жиырма төрт айлық мерзімді есептеу кезінде мерзімі өткен берешектің мерзімі және 2026 жылғы 1 мамырға дейін жүргізілген берешекті реттеу рәсімдері ескеріледі;

4) осы Заңның 1-бабының 6-тармағы 8) тармақшасының күші орындалмаған ақшалай міндеттемелер бойынша бұрын жасалған ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленсін.

Мүлік өткізіліп қойылған ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кірістердің немесе мүліктің болмауы осы Заңның 1-бабы 6-тармағының 8) тармақшасы қолданысқа енгізілетін күнге айқындалады;

5) осы Заңның 1-бабы 25-тармағының 5) тармақшасы үшінші, бесінші – он сегізінші, жиырма екінші – жиырма бесінші абзацтарының күші олар қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған құқықты (талап етуді) басқаға беру шарттары бойынша коллекторлық агенттіктер сатып алған жеке тұлғалардың берешегіне қолданылады деп белгіленсін. Коллекторлық агенттіктер 2024 жылғы 1 қазанға дейін сатып алынған жеке тұлғалардың берешегі бойынша осы Заңның 1-бабының 25-тармағы 5) тармақшасының үшінші, бесінші – он сегізінші және жиырма екінші абзацтары қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде борышкер-жеке тұлғаларға және (немесе) олардың өкілдеріне банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы өтінішпен олардың коллекторлық агенттікке жүгіну құқықтары туралы хабар беруге міндетті;

6) осы Заңның 1-бабы 25-тармағының 5) тармақшасы төртінші абзацының күші 2026 жылғы 1 мамырдан кейін жасалған құқықты (талап етуді) басқаға беру шарттары бойынша коллекторлық агенттіктер сатып алған жеке тұлғалардың берешегіне қолданылады деп белгіленсін.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 маусым
№ 97-VIII ҚРЗ